

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Б.А.Молдағалиев
А.П.Рамазанова

**Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін
қалыптастырудың теориялық және
практикалық негіздері**

Оқу құралы

Орал, 2013

УДК 37.0
ББК 74.00
М 66

Пікір жазған:

Мұқанбетова Ш.Т. - педагогика ғылымдарының кандидаты

Молдағалиев Б.А., Рамазанова А.П.

М66 Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері.: Оқу құралы. / Б.А. Молдағалиев, А.П. Рамазанова. - Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ Баспа орталығы, 2013.-114б.

ISBN 978-601-266-159-0

Оқу құралында Қазақстанның этносаралық қарым-қатынастарының аясындағы теориялық мәселелері мен практикалық тәжірибесі қарастырылады. Этносаралық қатынастың базалық ұғымдары мен терминдеріне түсінік беріледі.

Оқу құралы ЖОО оқытушылар мен студенттеріне, мұғалімдер мен оқушыларға, этносаралық қатынастар мәселелеріне қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға арналған.

УДК 37.0
ББК74.00

ISBN 978-601-266-159-0

© Молдағалиев Б.А., Рамазанова А.П., 2013.
©М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2013.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1 бөлім. Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін зерттеудің әдіснамалық мәселелері.....	8
1 тарау. Этносаралық әлеуметтенудің негізгі бағыттары.....	8
2 тарау. Дүниежүзі халықтарының қатынастарының дамуының негізгі үрдістері.....	22
3 тарау. ТМД халықтарының қатынастарының полиэтникалық қоғамда алатын орны.....	31
4 тарау. Қазақстандағы этносаралық қатынастардың күйі және дамуы.....	40
5 тарау. Саны аз халықтар, ұлттық азшылық, этникалық топ, диаспора, иммигранттар, босқындық өмірі жағдайында этносаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу ерекшелігі...	48
2 бөлім. Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері.....	59
6 тарау. Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың мақсаты, міндеттері және ұстанымдары.....	59
7 тарау. Этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің мазмұны және құрылымы.....	63
8 тарау. Этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізгі ұғымдары.....	79
9 тарау. Білім беру мазмұны және этносаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу.....	95
10 тарау. Оқушыларда этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың формалары мен әдістері.....	101

КІРІСПЕ

Бағзы замандағы аңыздардың бірінде өзеннің екі жағалауын мекендеген өзара жауласқан екі тайпа жөнінде әңгіме болады. Бірде сиқыршы сол тайпалардың бірінің адамын кезіктіріп оған: “Менің шартымды орындасаң, мен саған не қаласаң соны берейін, ол шартым - қарсы жағалаудағы тайпа өкілінің алатыны сенікінен екі көп болсын”, - депті. Сонда әлгі кісі былай деп жауап қайтарады: “Менің бір көзімді ойып түсір”. Ол жауыққан тайпа адамының екі көзінен бірдей айрылғанын қалап еді.

Тайпааралық және ұлтаралық жауығу ғасырлар бойы орын алып келеді. Адамзаттың әлеуметтік тарихынан халықтар арасындағы өзара қатынас проблемасынан өткен соншалықты күрделі, қайшылықты да шиеленіскен мәселені табу қиын. Мысалы, ең тыныш саналатын Еуропаның өзінде Франция, Солтүстік Ирландия, Корсика сияқты мәселелердің бар екендігі белгілі. Діни – этностық себептер бойынша Таяу және Орта Шығыстың, Оңтүстік Азияның мемлекеттері арасындағы көп жылдарға созылған қарсы тұрушылық жалғасуда. Африкада этностық қақтығыстар кейде тұтас халықтардың ағайындастарды өлтіру соғысының түріне ұласуда. Ұлтаралық проблемалардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірқатар өңірлерінде де шиеленіске түсу үдерісі бар.

Этносаралық қақтығыстардан болған құрбандардың саны кәдімгі соғыстардан да көп. Мәселен, XX ғасырдың екінші жартысында 300-ге жуық қақтығыс тіркелсе, олардың салдары айтарлықтай адам өліміне алып келді.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясында “Ежелгі қазақ жерінде халықтардың, өркениеттердің, мәдениеттер мен алуан діни сенімдердің бір мемлекетте бейбіт қатар өмір сүруінің бай да бірегей тәжірибесі жинақталған. Бұл тәжірибеде біздің бірлігіміздің түп-тамырын айқындайды және болашағымызды айқынырақ көруге жәрдемдеседі” делінген.

Қазақстан сияқты көпэтносты мемлекетте ұлтаралық қатынастар елдің тұрақты және демократиялық дамуының негізгі факторы болып табылады, сондықтан еліміз үшін ұлттық қатынастардың дамуының зор маңызы бар.

Елбасы, мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам институттары өз қызметінде Қазақстан қоғамының көп ұлтты құрамын жан-жақты ескеріп отырады.

Біздің жетістіктеріміз, елімізде болып жатқан ұлттық процестерде ешқандай проблемалар жоқ деген ұғым туғызбауға тиіс. Қайшылықтар даму атаулының қайсысына болса да тән, олар бұл салада да болмай қоймайды. Ұлттық саясат деп адамдардың ұлттық мұқтаждығын өтеуге, ұлттық қатынастарды реттеуге бағытталған қоғамдық, ең алдымен әлеуметтік – құқықтық әрекеттердің ерекше түрін айтады. Бұл мұқтаждықтардың табиғатын тану үшін әлі зерттеулер жүргізу керек. Дегенмен, оған азаматтық ар-намысқа тырысу, этнопсихологиялық бірлікті, табиғи – тарихи ортақтықты сезіну кіретіні анық.

Ұлттық саясаттың белгіленген бағытымен, оны жүзеге асырудың шынайы механизмдері арасындағы, ұлтаралық интеграцияның идеалдық – нормативтік моделі мен қарама – қайшылықты, кейбір жағдайларда этносаралық өзара әрекеттердің аясындағы процестердің тартыстық сипат ағымы арасындағы белгілі бір үзілістік орын алып отыр. Мұның бәрі этнократизм, этникалық сепаратизм және тұрмыстық ұлтшылдықты, этникалық белгісіне қарай азаматтық құқықтарын бұзу және дискриминацияға әкеліп соқтырады.

Соңғы кезде ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне әсер ететін этноконфессиялық белгі бойынша геосаяси жікке бөліну ықтималдығы, аймақта әскери – саяси тұрлаусыздық қатерінің туындауы, діни идеяларды жамылған экстремистік, террорлық және радикалдық топтардың құқыққа қайшы әрекеті сияқты жаңа сыртқы факторлардың пайда болуы еліміздегі жағдайды ұшықтыруы мүмкін.

Бүгінгі әлемде халықтардың өзара қарым- қатынасының қайшылықты процесі жүріп жатыр, олардың арасындағы байланыстар кеңеюде. Сонымен бірге әлемнің жекелеген аймақтарында өзге мәдениет және өркениет өлшемдерін қабылдамау орын алып отыр. Жасампаз ниетті әрі әділдікке ұмтылатын бірде бір жан бұл жағдайды қанағат тұта алмайды.

Сондықтан бүгін де ең басты нәрсе – бұл қайшылықтардың үнемі туындап жататын аспектілері мен қырларын көре білу, өмірдің алға қоятын мәселелердің шешімін іздеп, оларға дер кезінде дұрыс жауап бере білу.

Еліміздегі ұлттық саясат әрбір Қазақстан адамына республиканың барлық ұлттары мен ұлыстарын біріктіретін биік те абзал достық және туыстық сезімі, ұлтаралық қатынастың жоғары мәдениеті, ұлтшылдық пен шовинизмнің, ұлттық шектелушілік пен ұлттық өзімшілдіктің көріністеріне кедергі келтіретін әдет – ғұрыптар мен мінез - құлықтарға төзбеушілік тән болуына мүдделі.

Ұлтаралық қатынастардың басты сұрақтарының бірі - өзіндік субъектілік және төлдіктен айырылмай, сонымен бірге басқалардың субъектілігіне және төлдігіне қол сұқпай қалай өмір сүруге болады?

XX ғасырда болған оқиғалардың сабақтары этносаралық қатынастардың арасындағы қазіргі проблемдік жағдайларды ұғынудың және шешудің жаңа логикалық – методикалық, гносеологиялық, әлеуметтік, саяси – идеологиялық және рухани - мәдени негіздері пайда болды. Осыдан келіп адамзаттың этникалық тарихының өскелең дамуына әсер ететін қорытындыларды шығаруға болады. Олар А.Н.Нысанбаевтың, Г.В.Малининнің, В.Д. Курганскаяның, В.Ю. Дунаевтың пікірінше мыналар:

- ұлттар мен ұлыстарды қосу және оларды бір “балқытпа қазанында” араластыру арқылы бүкіл халықтар үшін әлеуметтік өмірдің бірыңғай формасын жасауға мүмкіншілік бар деген ойды жоққа шығарды;

- көзқарастар мен идеологияларды қарама-қарсы қою, әскери немесе басқа да формадағы қарама-қарсы күресу, бір халықты екінші халықтан артық деп жариялау негізінде ұлттық-этникалық мәселелерді шешу мүмкін емес екендігі анықталды;

- этникалық феноменнің адамдық жекеліктің маңызды сипаттамасы екендігі пікір онан сайын күш алды;

- халықтардың тұтастығы және төлдігінің сақталуы және дамуы жағдайында адамзаттың дүниежүзілік достастығына интеграцияланудың сапалық өзге жүйесін қалыптастырудың объективті жағдайлары жасалынды.

Осылай, этносаралық қатынастардың аясындағы қазіргі проблемдік жағдайларды ұғынудың және шешудің жаңа логикалық - методологиялық, гносеологиялық, әлеуметтік, саяси – идеологиялық және рухани – мәдени негіздері пайда болды.

Осы орайда экономикалық, әлеуметтік – саяси және рухани – адамгершілікті процестердің этникалық астарларын жасау, этносаралық және мәдениетаралық өзара әрекеттің тиімді моделін іздеу барынша өзекті міндет болып отыр.

Оқу құралы мұғалімдерге және оқушыларға, ЖОО оқытушылар мен студенттеріне, этносаралық қатынастар мәселелеріне қызығушылық танытатын азаматтарды Қазақстан мемлекетінің ұлттық қатынастарды жетілдіру жолымен қайта өзгертудегі қол жеткен жетістіктерін жинақтап қорытуға, олардың қазіргі жай-күйін өрлеу қалпында көрсетуге, ұлтаралық келісімінің қазақстандық үлгісін баяндап, Қазақстан халықтары Ассамблеясының ұлттық саясатты жүзеге асырудың айрықша қоғамдық институтының жұмысын жан-жақты көрсетуге бағытталады.

Авторлар оқырмандардың осы оқу құралының мазмұны, құрылымы мен жадығаттарды баяндау формасы жөніндегі барлық сындарлы ұсыныстары мен ескертпелерін алғыс сезімімен қабыл алып, ескереді.

1 БӨЛІМ. ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1 ТАРАУ. ЭТНОСАРАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТЕНУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Ғылымның қазіргі жетістіктері адамды биологиялық факторлармен қатар әлеуметтік факторлар да маңызды рөл атқарып, эволюциялық даму өнімі екеніне тұжырымдауға мүмкіндік береді. Өзінің мәні жағынан адам әлеуметті жан. Сонымен қатар ол табиғаттың жемісі және оның ауқымынан тыс өмір сүре алмайды, өзінің биологиялық қажеттіліктерін өтейді.

Әлеуметтік және биологиялық мәселелерді қарастырғанда екі көзқарастан бойды аулақ ұстау керек: әлеуметтік факторларды абсолюттендіру мен биологиялық факторды абсолюттендіру. Біріншісінде адам әлеуметтік ортаның абсолюттік нәтижесі болып көрінеді. Екінші концепцияға әр түрлі биологияландырушы ілімдер жатады. Оның ішінде, мысалы, табиғи тұрғыда бір нәсілді екіншісінен жоғары қоятын нәсілшіл теорияларды жатқызуға болады. Нәсілшілдіктің баянсыздығын адам генотипі ерекшелігінің нәсілдік емес, жекелік деңгейде көрінетіндігі арқылы дәлелдеуге болады. Табиғатта қандай да болсын нәсілдік, ұлттық немесе әлеуметтік генотиптер өмір сүрмейді. Ч.Дарвиннің табиғи сұрыптау ілімін негізге ала отырып, қоғамдық өмірді түсіндіруге тырысқан социал – дарвинизмнің өкілдері де осы биологияландырушы позицияны ұстады.

Адамның өмір сүруі өзінің алуан түрлі формалар, түрлері мен қасиеттері көріністерінің бүтін тұтастығы ретіндегі индивид болмысы болып табылады. Бұл бүтіндік, ең алдымен, адамдағы үш негізгі бастаудың – биологиялық, әлеуметтік және психикалық бастаулардың тұтастығымен танылады, адамның биопсихоәлеуметтік феномен екендігінен көрінеді. Сондықтан да, адамның қабілеттерінің дамуы және оның бүтін тұлға ретінде қалыптасуы әрқашан да осы негізгі факторлармен байланысты: табиғи жаратылыспен, әлеуметтік орта мен және ішкі менімен (ерік, ұмтылыс, мүдде т.б.). Тұлға болып қалыптасу үшін индивид әлеуметтендірудің белгілі бір кезеңдерін бастан өткізуі керек.

Осыған орай төмендегі пікірмен де келісуге болады: “Туылған сәтінде нәресте адамға кандидат қана, ал оқшау болған жағдайда кандидат та бола алмайды: ол адам болуды адамдармен қарым-қатынас барысында үйренеді” (1;226). Басқаша айтқанда, әлеуметтік жағдайлардан тыс, тек биологиялық қана адамды тұлға ретінде қалыптастыра алмайды.

Адамды тәрбиелеу барысында қазіргі кездері кеңінен таралып жүрген менталитет, ментальдық сияқты ұғымдарға көңіл аудару қажет. Ментальдық ұғымның құрамын бейсаналылықты (бессознательное) да енгізетін индивидуалдық және ұжымдық сананың терең деңгейімен байланыста келеді. Ол индивидтің немесе әлеуметтік топтың әлемді белгілі бір тәртіппен қабылдаудың, ойлауының және әрекет етуінің ерекше қалпы мен жүйесі жиынтығын білдіреді. Тұлға менталитеті дәстүрдің, мәдениеттің және адамның әлеуметтік ортасы негізінде қалыптасады және өз кезегінде оларға да әсер етеді.

Адамның сапалық сипаттамасын беру мақсатында индивид, тұлға индивидуалдық сияқты ұғымдар қолданылады (2;223).

Адам адамзат тегінің жекелеген өкілі ретінде индивид түрінде қарастырылады. Бүкіл адамзат тегіне тән жалпы белгілермен қатар, оның өзгелерден ерекшеленетін өз қасиеттері бар. Бұл табиғилыққа жататын - бойы, көзінің түсі, дене құрылысы және әлеуметтік дамуының интеллектуалдық деңгейі, психологиялық қатпары, рухани мәдениетінің әр түрлі деңгейі сияқты ерекшеліктері болып табылады. Индивидуалдық ұғым индивид түсінігімен тығыз байланысты, оған қарағанда күрделірек және жан-жақты болады. Индивидуалдық ең алдымен адамның табиғи және психикалық қасиеттерінен, нақтылап айтқанда, оның жадынан, темпераментінен, мінез-құлқынан, эмоционалдығынан көрінеді. Индивидуалдық белгілер адамның саналы әрекеттерінен де, оның пікірінен, қылығынан, мәдени қажеттілігінен де байқалады.

Адамның әлеуметтік қасиетінің келесі бір жоғары деңгейдегі сипаттамасы оның тұлғаға айналуы болып табылады. Адам нақты тарихи уақытта және әлеуметтік кеңістікте, тәрбие мен практикалық әрекет барысында қалыптасады. Сондықтан да тұлға әлеуметтік индивидуалдылық ретінде - бұл әрқашан да нақты нәтиже, әр алуан факторлардың өзара әрекет мен синтезі. Адам неғұрлым жоғары деңгейде әлеуметтік – мәдени тәжірибені бойына жинақтаса, тұлға соғұрлым маңыздырақ болмақ және бұл қор, өз кезегінде, оның дамуына өзінің индивидуалды үлесін қосады.

Тұлғаның қалыптасуына әсер ететен факторлар өте көп, бірақ оның қалыптасуындағы негізгі рөл әлеуметтік жағдайларға – тәрбиеге, білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, ата-анаға тиеселі екендігін атап өту маңызды.

Философиядағы тұлға ретінде адамның мәні – оның әлем мен тарихтағы орны мәселелеріне тіреледі. Тұлға бұл жерде адамдар әрекеті мен қарым – қатынастарының, қоғамдық қатынастардың, қоғамдық мұраттардың, құндылықтардың жекелік көрінісі және субъектісі ретінде қарастырылады. Әсіресе, әрекеттің тұлғаға әсері ерекше екендігін атап өткен жөн.

Адам әрекет негізінде және оның арқасында тұлғаның дамуы мен оның қоғамда әр түрлі рөлдерді атқаруы жүзеге асады.

Бекерден – бекер емес Конфуций адамдардың сөздерін тыңдап қана қоймай, олардың істерін де көре білген, сол сияқты Аристотель де былай деп жазған: “Жеңіс сыйлықтарын тек жарысқа қатынасқандар ғана алады”.

Басқаша айтқанда, адамның әлеуметтік мәні ең алдымен тұлғаның әлеуметтену негізіне жатады. Әлеуметтену – бұл индивидтің қоғамда өз өмір қамын дұрыс тәсілмен іске асыруына мүмкіндік беретін білімдердің, нормалар мен құндылықтардың белгілі бір жүйесін игеру үрдісі болып табылады (3;165).

Ол адамның әлеуметтік тәжірибені игеруі барысында жүзеге асады. Ең алдымен ол белгілі бір қоғамдық қатынастарға, әрекет түріндегі қарым-қатынас формасына түсуі нәтижесінде іске асады. Бұл жағдайда әлеуметтену филогенезде де (адамның тектік қасиеттері мен сипаттарының қалыптасуы) онтогенезде де (нақты тұлғаның қалыптасуы) жүзеге асырылады.

Адамның тарихи дамуы тұрғысында да, онтогенезде де тұлға – индивидтің әлеуметтену нәтижесі. “Тұлға болып туылмайды, тұлға болып қалыптасады” (1;226).

Қоғамдық өндіріс пен еңбек әрекетінің дамуы нәтижесінде адамдардың қоғамдық қатынастары да дамиды. Индивидтің жеке дамуы қоғамдық қатынастардың бүкіл жиынтығын өз бойында жинақтауына, игеруіне және оны жүзеге асыруына байланысты. Сондықтан да К.Маркс адамды абстрақтылы тұрғыда түсінгені үшін Л.Фейербахты сынап отырып, былай деп жазды: “Адамның мәнділігі жекелеген индивидке тән абстракт емес. Ол өз болмысында барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады” (4;73).

Бұл жерде қоғамдық қатынастар жиынтығы ретінде оның материалдығы мен идеалдығы да, бүгінгі мен өткені де айтылады. Адам бір мезгілде өндіруші де, ақылды да, мәдени де, иманды да, саяси да және т.б. жан болып табылады. Ол өз бойында белгілі дәрежеде қоғамдық қатынастардың барлық түрлерін қорыта отырып және осылайша, өзінің әлеуметтік болмысын іске асырады.

Қоғамдық қатынастардың ішінде ұлттық та объективті шынайы жағдайды көрсетумен өзгешеленеді, сөйтіп ең алдымен және басты кейіпте әр түрлі ұлттық адамдарының арасындағы қатынастардың қалыптасуын анықтайды.

Балалар мен жастар республиканың, облыстың, аудан халықтарының арасында құрылған қандайда бір ұлттың қатынастардың жүйесіне тартылады. Осы қатынастар адамдарда ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Бірақта ұлтаралық байланыстар жас ұрпақтың әр түрлі ұлттық адамдарына қатынасын қалыптасуына деген әсері әлеуметтік этникалық ортасының тікелей әсерінің көрінісі болмайды, ал тәрбие өмірлік тәжірибені адамның ішкі дүниесіне, әлеуметтік нормалардың өнімі. Оны қажетті бағытта қалыптастыру үшін арнайы педагогикалық процесті ұйымдастырады. Қоғамның (мектеп, отбасы, қоғамдық бірлестіктердің) ұйымдастыратын мақсатты бағытталған тәрбиесі адамға әсер ететін оның өмірінің, объективті жағдайын, әлеуметтік ортасының әсерін толығырақ есепке алса нәтижелірек болады. Дегенмен, осы орайда қоғамда болып жатқан өзгерістердің салдарынан оның этикалық және идеялық бастаулары көбіне құнсызданып, ал орта белгілі бір дәрежеде әлеуметтікке жат бағтталғандығын есепке алу керек. Осындай жағдайда мектеп оқушыға деген ортаның теріс құбылыстарының әсерін тежеп, оларды жалпыадамзаттық, ұлттық және патриоттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу қажеттігі туындайды.

Индивид қоғамдық қатынастардың әсерінің тек қана объектісі емес, сонымен бірге әлеуметтік тәжірибені меңгеріп, қоршаған шындыққа таңдаулы түрде қатынас жасайтын субъект. Ол қылықтың түрін таңдағанда салыстырмалы еркіндікке ие. Осыдан келіп, ұлттық қатынастардың адамға деген әсерінің мәнділігі өзінен-өзі болмай, тұлғаның жекелік позициясына да байланысты болады. Объективті жағдайдың әсерін ішкілікке, жекелікке аударуға, көшіруге ұйымдастырылған, мақсатты бағытталған тәрбие жұмысының ролі үлкен.

Қоғамдық қатынастар өзінің әлеуметтік – психологиялық жағына ие және адамдардың қарым – қатынасында көрініс табады. ұлттық қатынастар әр түрлі ұлттың адамдарының қарым – қатынасы арқылы жекелік формада көрініс тауып, жекелік – психологиялықта нақтыланады.

Адамның қалыптасуындағы үлкен рөл еңбек, адамдар арасындағы өзара қатынастар, олардың әлеуметтік және саяси институттары сияқты әлеуметтік факторларға тиеселі. Бұлардың әрқайсысы жеке өз алдына адамның жануарлар дүниесінен бөлініп қалыптасуына әкелуі мүмкін емес. Бұл тек олардың өзара әсері мен диалектикалық тұтастығы арқасында ғана мүмкін болады. Әлеуметтік өзара әрекет белгілі бір қауымдастықтардың /тап, әлеуметтік топ, ұлыс, отбасы, ұжым/ шеңберінде жүзеге асады. Қоғамдық қатынастар бұл - қоғамдық – тарихи қауымдастықтардың арасындағы өзара қатынастар, осы қауымдастардың арасындағы өзара қатынастар, осы қауымдастардың өкілдерінің арасындағы, әр түрлі әлеуметтік типтердің арасындағы байланысы және өзара әрекеті.

Индивидтер қарым-қатынасқа түскенде-ақ адамдардың қатынасының жекелендірілген формасын жүзеге асырушы, кейіптеуші болады, себебі тек қана индивидуумдардың қарым – қатынасы арқылы адамдар арасындағы қатынас шынайы болады. Осыдан келіп, қарым-қатынас үрдісінде ғана әлеуметтік – психологиялық құбылыстар дүниеге келіп, қызмет ете бастайды.

Дегенмен, осындай тәуелділіктерді қарастырғанда пайда болатын нақты әлеуметтік-этникалық жағдайлардың ерекшелігін есепке алу керек. Ондағы жағымдыны мектеп пайдаланып, тәрбие жүйесіне енгізу қажет. Сонымен бірге онда оқушыларды қорғауға қажет жағымсыз дүниелер баршылық, оларға жастардың қарсы тұруына көмектескен абзал.

Мектепті мәдени-рухани ортаға айналдыру өте маңызды, сөйтіп оны қоршаған ортаны жетілдіруге қолдануға болады.

Осылайша қарастырғанда, Л.П. Буеваның пікірінше, қоғамдық қатынастар мен қарым-қатынас бір бірімен мазмұн мен форма (қоғамдық қатынастар – мазмұн, ал қарым-қатынас – адамдар арасындағы байланыстың формасы) іспеттес болады.

Басқаша айтқанда, қоғамдық қатынастардың мазмұндық жағы экономикалық, саяси, адамгершілік, ұлттық және басқа қатынастар болып, олар адамдардың қарым-қатынастарында жүзеге асады (5;117).

Ұлтаралық қарым-қатынас ұлтаралық қатынастың жекелік деңгейін, олардың жекелік – психологиялық нақтылауын жүзеге асыру формасында көрініс табады. Басқа сөзбен айтқанда, халықаралық, мемлекеттік, республикалық, аймақтық ұйымдар арқылы жүзеге асырылатын дүние жүзінің, мемлекеттердің, республикалық, аймақтың халықтарының қатынасы әр түрлі ұлтты адамдардың өзара жекелік қатынасы арқылы нақтыланады. Осы орайда, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуді ғылыми негізге қою міндеті пайда болды. Мұғалімдер, тәрбиелеу процесін ұйымдастырушылар ұлттар мен ұлттық қатынастар туралы білімдерді меңгергені абзал, сөйтіп оқушыларда ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тиімді тәрбиелей алады.

Ұлттық қатынастар - бұл халықтардың, мемлекеттердің, нәсілдердің арасындағы экономикалық, саяси, мәдени, тілдік, психологиялық, адамгершілік байланыстардың және өзара қатынастардың жиынтығы. Халықтардың қатынасы олардың экономикалық, саяси, әлеуметтік мәселелерімен тығыз айқасып, байланыста болады.

Ұлтаралық мәселелер жаһандық, жалпы дүние жүзілік сипатқа ие болуда. Олар қандай да бір елде, өңірде пайда болып, халықтардың өзара байланысының тарихи құрылған ерекшелігін, олардың қазіргі қызығушылықтары мен сұранысының әсерін сезіп отырады.

Халық – бұл ұлттық қатынастардың субъектісі. Кезінде көп ұлтты халықтар да болды: “югославия халқы”, “чехословакия халқы”, “совет халқы”, бірақ оларды құрайтын халықтар мемлекет егемендігін жариялағаннан кейін ыдырап кетті. Бірақ ыдырау процестерімен бірге халықтардың барған сайын жақындасып мемлекеттер мен өңірлер шеңберінде көп ұлтты қауымдастықтардың қалыптасу процестері де күшейе түсуде. Швейцарияның, Индияның, АҚШ, Ресей, Қазақстанның азаматтары (әр түрлі ұлттық адамдары) өздерін швейцариялықтар, индиялықтар, американдықтар, ресейліктер, қазақстандықтар деп атау үрдісі бар. “Индия халқы”, “америка халқы”, “Қазақстан халқы”, деген сияқты ұғымдар да қалыптасты. Халықтардың интеграциясы деңгейде де (европалық интеграция, европа үйі), жалпы-адамзаттық деңгейде (жалпыадамзаттық интеграция, дүниежүзілік қауымдастықтың интеграциясы) жүзеге асуда.

Ұлттық қатынастардың дамуы этникалық үрдістер, тұрғындардың миграциясы және демографиялық процестер сияқты факторлармен байланысты. Этникалық процестер әр түрлі және көп бағытты. Этнография олардың белгілі бір типологиясын жасады: этноэволюциялық процесс (этностың немесе оның топтарының жекелеген компоненттерінің өзгеруі, бірақта этникалық өзіндік сана өзгермейді); этнотрансформациялық процесс (адамның этникалық өзіндік санасы басқаша болады); этникалық фузия (бірнеше бұрындағыны дербес, туыс халықтардың қосылып жаңа, ірі этнос құруы); этникалық консолидация (этностың шағын топтарының іштей топтасуы); этникалық ассимиляция (бұрында дербес болған этностың өзінен ірі халықтың арасына сіңіп кетуі); этносаралық интеграция (мемлекет немесе өңір шеңберінде бірнеше этностардың өзара әрекеті және оларда бірқатар ортақ белгілердің пайда болуы); этникалық сепарация (халықтың бір бөлігінен ажырап, оның дербес этносқа айналуы) /6;273/.

Қоғамдағы ғылымдардың көптеген зерттеулері дүние жүзі халықтарын танып білуге, олардың даму процестеріне арналған. БҰҰ, ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдардың ұлттар және ұлтаралық қатынастар туралы жинаған тәжірибелік – эксперименталдық және теориялық жадығаттары жалпылануда. Осы ғылымдардың білімдерін әлеуметтік – психологиялық және педагогикалық тұрғыдан ғылыми ұғыну әр түрлі ұлттың адамдарының арасында өркениетті қатынасты қалыптастыруда және халықтар достығын тәрбиелеуде үлкен ғылыми және тәрбиелік мәні бар.

Әрбір көп ұлтты мемлекет үшін оның территориясында тұратын ұлт пен ұлыстардың өзара қатынасын реттеу, бүкіл азаматтарын ұлттық мәдениеттерге, тілдерге, дәстүрлерге сыйлаушылық рухында тәрбиелеу маңызды мәнге ие. Ұлтаралық келісімді орнату және тұрғындарды интернационалдық тәрбие жұмысын ғылыми негізінде жүргізу, ішкі тұрақтылыққа және демократиялық құқықтық мемлекет ретінде дүниежүзілік беделге ие болуға септігін тигізеді.

Дүние жүзі халықтарының арасындағы қатынас әр түрлі дәуірде нақты тарихи мазмұнға ие және әрбір көп ұлтты мемлекетте ерекше көрініс табады. Елде немесе өңірде бірқатар халықтардың бірге тұруы олардың экономикалық, саяси, мәдени

және басқа да қатынастардың қалыптасуын шарттандырады, кейде олар шиеленісіп, этносаралық әскери тартыстарға айналып кетуі мүмкін. Этносаралық шиеленісудің себептері саяси құрылымдардың халықтардың қызығушылығын ескермеуінде, ал олар халықтық тұтастығын сақтауға, тілдерді, мәдениетті, өздігінен дамытуға негіз болады. Мысалы, Индияда, Англияда, Югославияда, Ресейде және басқа да бұрынғы Кеңес республикаларында ұлтаралық қатынастар өте күрделі күйде болуда.

Дүниежүзі халықтарының қатынасына, халықаралық ахуалға фашизмнің талқандалуы, отарлық жүйенің ыдырауы және “үшінші дүние жүзінің” қалыптасуы, БҰҰ бүкіл адамдар мен халықтардың теңдігін жариялауы және бұл ұстаным - мемлекетаралық қатынастардың негізі ретінде бекітілуі, Шығыс Европаның және ТМД елдерінің нарықтық экономикаға көшуі мықтап әсер етті.

Үш саяси дүниенің (“Батыс”, “Шығыс”, “Үшінші дүние”) суреті ғаламшардағы істің шынайы жағдайын көрсете алмай тұр. Варшава блогы және КСРО жоққа шығып, ТМД және Балтия ассоциациясы, ЕурАзЭҚ т.б. пайда болды. Югославия және Чехославакия ыдырады. Сонымен бірге қазіргі жағдайда дүниежүзінің бірталай елдерінің артта қалуын еңсеру күрделі және ғаламдық мәселе болып отыр. Нашар дамыған елдерде өндіріс көлемі бір кісіге шаққанда дамыған елдерге қарағанда 12 рет кем, 500 млн астам адам тойып тамақ ішпейді.

Дамудағы диспропорция бұрынғы метрополия мен отарда болған елдердің арасындағы теңсіздіктердің салдарынан ғаламдық масштабта әлеуметтік және этносаралық тартыстарды туғызады. Кейбір жағдайларда тұрғындардың бір бөлігінің санасы мен мінез құлығында империялық ойлаудың элементтері сақталып, мемлекеттің көп ұлтты тұрғындарын ұлтсыз тобырға айналдыруға, жергілікті ұлтта тоталитарлық шовинизм, асқақтаушылық және ерекшелік идеясын қалыптастыруға деген ұмтылысы жағдайды күрделендіреді.

Кейбір идеологтар өз халықтарына қайдағы бір рухани миссианствоны, құпия ақиқатты меңгеру артықшылығында, ерекше бір рухани құндылықтарға ие дегенді дәріптеп, осыған сәйкесті дүние жүзінде ерекше бір орынға ие дегенге келтіреді. Осыған орай, оқушыларға БҰҰ халықтар арасындағы теңсіздікті және қанаудың тыйым салу талабын түсіндіру, бұрынғы отар

және жартылай отар елдердің артта қалуының шынайы себебін ашып, оларға көмек көрсету қажеттігін негіздеу міндет болады. Расизм, апартеид, ұлттық және діни ерекшеліктенудің сарқыншықтарын жою маңызды міндет болып отыр.

Халықаралық қатынастардың жаңа типі теңдікті, егемендікті, демократизмді, ұлттық ерекшелікті есепке алуды талап етеді. Тұлғаның, ұлттың немесе мемлекеттің құқықтарын қарама-қарсы қоюға жол беруге болмайды. Адам құқығының және халықтар құқығының өзара байланысты болуы үлкен мәнге ие.

Адамның абыройын сыйлаушылықты ұлттардың құқы мен еркіндігінің теңдігін сыйлаушылықтан ажыратып қарастыруға

болмайды. Халықаралық қатынастарды құқықтық реттегенде мына екі объективті үдерісті ескеру қажет:

- ұлттың қалыптасуы және дамуы, еркіндік және дербестік, егеменді мемлекеттік өмір сүруге қозғалыс;

- ұлттардың өзара жақындасуы, олардың өмірінің интернационалдануы, ұлттық шекаралардың бұзылуы және интеграциялық процестердің күшеюі.

Бұл үдерістер бүгінде халықтардың бүкіл дүние жүзіндегі аренасындағы және көп ұлтты қоғамның ішіндегі қатынастардың дінгегі болып отыр. Олардың әрекетін елемей ұлтаралық қатынастардың шиеленісуіне, халықтар одағының ыдырауына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Халықтардың қатынасын құқықтық реттеу тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың қажетті шарты болады. Оқушыларға адамның және халықтардың құқы туралы Бұұ халықаралық құжаттарының мазмұнын түсіндіру қажет. Бұл құжаттардың негізгі қағидаларын ұғындыру және меңгерту өте маңызды, себебі олардың негізінде дүниежүзілік қауымдастық халықтардың қатынасын реттеп, пайда болған этносаралық тартыстарды шешуге пәрменді шаралар қолдана алады.

Осы айтылғандардан әр түрлі ұлттың адамдарының қатынасы ұлтаралық қатынастың сипатымен шартталатынын түсінуге болады. Ал олай болатын себебі адамдар мұндай қатынастарға объективті түрде тартылған, енгізілген.

Бұл қатынастар балалардың және жастардың әлеуметтенуіне мәнді әсер етеді. Осы үдерісте олар ұлтаралық қарым-қатынастың тәжірибесіне ие болады. Оларда өз еліне және басқа елдерге, туған өлкесіне, ортақ Отанына, дүниежүзілік қауымдастыққа

деген қатынас қалыптасады. Осы орайда әлеуметтену, этносаралық әлеуметтену, этникалық әлеуметтену деген сияқты ұғымдардың мәнін аша кеткеніміз жөн. Әлеуметтену - бұл адамның сол қоғамға, әлеуметтік қауымдастыққа, топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін меңгеруі және оның әлеуметтік байланыстарды және әлеуметтік тәжірибені жаңадан өндіру, бұл тәжірибені өзіндік игілігіне айналдыруы. Әлеуметтену стихиялық әсер жағдайында да, әлеуметтік бақыланатын әсердің де, тәрбиелеу процесінде арнайы құрылған жағдайда да жүзеге асырылып жатады (3;165).

Әлеуметтік психологтардың пікірінше, әлеуметтену - бұл индивидтің қоғамда өз өмір қамын дұрыс тәсілмен іске асыруына мүмкіндік беретін білімдерінің, нормалар мен құндылықтардың белгілі бір жүйесін игеру үрдісі болып табылады. Л.П. Буева: “Әлеуметтену – бұл қоғамдық болмыстың негізін құрайтын мәдени және әлеуметтік құндылықтарға, қатынастарға баулуы арқылы адамның тұлғаға айналу процесі”, деп жазды. Әлеуметтену адамның өз өмірінің жағдайын өзгертуіне, барған сайын үлкен дербестікті иеленуін, индивидуалдық процесіне өзін енгізуіне әсер етіп қана қоймай, оның белсенді іс-әрекетін де талап етеді.

Психологиялық – педагогикалық әдебиетте “әлеуметтену” ұғымына бір жақты көзқарас жоқ. Бір-бірімен сарындас емес бір қатар анықтамаларға ие. Бұл ұғымның мазмұнын “индивидтің әлеуметтік ортаға енуі”, “оның әлеуметтік байланыстар жүйесіне енуі”, “оның қоғамдық қатынастар жүйесінің әсерін меңгертуі” және т.б. процестерді жатқызады. Г.М. Андреева әлеуметтенудің мәнін екі жақты процесс ретінде қарастырады. Бір жағынан, әлеуметтік байланыс жүйесіне, әлеуметтік ортаға ену жолы арқылы индивидтің әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, екінші жағынан, белсенді іс-әрекет, әлеуметтік ортаға белсенді ену арқылы индивидтің әлеуметтік байланыс жүйесін белсенді қайта өндірудің процесі болады (8;241).

А.В.Мудриктің пікірінше, әлеуметтену - бұл әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды қайта өндіру және меңгерту процесінде қоршаған ортамен өзара әрекет барысында адамның, бүкіл өмір бойы дамуы, сонымен бірге қай қоғамның мүшесі болса, сол қоғамда өздігенен дамуы және өзін жүзеге асыруы (9;23). А.В.Мудрик әлеуметтенудің жағдайларын (немесе факторларын) үш топқа біріктіреді.

Біріншісі – макрофакторлар, яғни ғарыш, ғаламшар, дүние жүзі, ел, қоғам, мемлекет, бұлар ғаламшардың бүкіл тұрғындарын немесе белгілі бір елде тұратын адамдардың өте үлкен тобының әлеуметтенуіне әсер етеді. Екіншісі мезофакторлар (мезо – орта, аралық), ұлттық белгісіне қарай бөлінген (этнос әлеуметтенудің факторы ретінде) адамдардың үлкен тобының әлеуметтенуінің жағдайлары; адамдардың тұратын орны мен орналасу типіне қарай (өңір, қала, поселок, село); бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясына жататындығына қарай (радио, телевидение, кино т.б.). Мезофакторлар әлеуметтенуге тікелей немесе жанама әсер етеді. Үшіншісі – микрофакторлар, яғни нақты адамдарға әсер ететін отбасы, құрдастар тобы, әлеуметтік тәрбие жүргізетін ұйымдар (оқу, кәсіптік, қоғамдық, діни ұйымдар).

Қазіргі қазақстандық қоғамда тұлғаның әлеуметтенуі өте күрделі жағдайда өтуде. Жабайы рыноктың жағдайында кейбір жастарда қоғамға жат белгілер (қатігездік, көргенсіздік, ұлттық асқақтаушылық, шовинизм т.б.) қалыптасуда. Мұның өзі елде өркениетті қоғамдық қатынастарды, заңдылықты және құқықты тәртіпті орнатудың көп ұлтты мемлекетті азаматтарының арасындағы қатынасқа моральдық-этикалық нормаларды және ережелерді енгізудің мәнін жоғары қойып отыр.

Этносаралық әлеуметтену-бұл индивидтің дүние жүзі халықтарының, өз елінің, өңірдің қатынастар жүйесіне енуі, ұлтаралық және конфессияаралық әр түрлі деңгейдегі қатынастардың әсерін меңгеруі; бұл тұлғаның ұжымның (мектептің, жоғары оқу орнының, өндірістік т.б.) өміріне және іс – әрекетіне тартылғандығы қатынасын бекітуге бағытталған.

Адам этникалық әлеуметтену процесінде өзінің және басқа халықтардың, діни конфессиялардың мәдени құндылықтарын және мінез-құлық үлгілерін меңгереді. Онда ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің тәжірибесі қалыптасады.

Әр түрлі ұлттың адамдарының шынайы қатынасының тәжірибесінде мінез-құлықтың этноәлеуметтік нормалары қайта жасаланып, тұлғамен меңгеріледі.

Дүниежүзінің, ТМД және Қазақстан халықтарының арасында құрылған қатынастар балалар және жастардың объективті түрде тартылған әлеуметтік – этникалық жағдайларын құрайды. Солардың әсері арқылы оларда Отанына, өзінің және басқа

халықтарға, басқа ұлттың, нәсілдің, конфессияның адамдарына қатынастары қалыптасады. Ұлттық қатынастар жүйесіне қатысуы арқылы оқушылар қоғамдық тәжірибені меңгереді, сөйтіп бұл тәжірибені өзінің игілігіне айналдырады.

Қазақстандағы ұлттық қатынастар аясындағы қазіргі жағдай оның азаматтарының этносаралық әлеуметтенуінің, оларда көп ұлтты Отанына, әр түрлі ұлттың және конфессияның адамдарына қатынастың қалыптасуының шынайы шарты болып отыр. Этносаралық әлеуметтенуге Қазақстанның көп ұлтты мемлекет болуы да мәнді жағдай болады. Онда әрбіреуінің қайталанбас материалдық және рухани мәдениеті бар жүзден аса ұлт өмір сүруде.

Этносаралық әлеуметтену жалпы әлеуметтенудің маңызды бөлігі болып және онымен бөліктік және тұтастық ара қатынаста болады.

Этникалық әлеуметтену – бұл этностың менталитетінің адамға деген әсері, оны өз халқының тарихына, мәдениетіне, ана тіліне, дәстүрлеріне баулу, сөйтіп осы процесте ол өзінің қай ұлтқа жататынын ұғынады. Этникалық әлеуметтену индивидтің ұлттық өзіндік санасын қалыптастырады.

Этнологиялық зерттеулер бойынша, этникалық қауымдастықтың “біз” және “олар” бағыттар бойынша сыртқы айырмашылық негізінде құрылады. Бір этникалық қауымдастық бірыңғай тұтастығын (“олар”) айрықшыланады. “Біз” және “олар” екі қауымдастықтың өзара қатынасының жетекші өнімі. Этникалық әлеуметтену процесінде адам өз халқының этикалық орнатуларын, таптаурындарын, құндылықтарын меңгереді, сөйтіп ол этникалық ортаға бейімделеді.

Белгілі психолог Г.М.Андреева: “Этникалық ерекшелік белгілі бір дәрежеде әрбір халықтың тарихи тәжірибесінде шоғырланады, осы тәжірибені меңгеру индивидтің әлеуметтену процесінің маңызды мазмұны болады” дей келе, - жақын қоршағандары арқылы, ең алдымен отбасы және мектеп арқылы, тұлға даму барысында ұлттық мәдениеттің, салт-дәстүрлердің ерекшелігіне баулынады. Этникалық қатыстығы, ең алдымен ұлтты ұғынудың тәсілі сол этникалық топтың өмір сүруінің нақты әлеуметтік – тарихи жағдайына тәуелді” (8;143).

А.В.Мудрик этносты әр түрлі деңгейдегі әлеуметтенудің факторы ретінде қарастырады (9;67).

Ұлттық мемлекеттерде, яғни тұрғындардың көпшілігі бір этносқа жататындарда ол – макрофактор. Қазақстанда ол – мезофактор, яғни барлық этностар оның әсерін өзінде сезінуде.

Мәдени сәйкестікті Е.В.Бондаревская былай түсінеді: “өзінің және өз халқы арасында рухани өзара байланысты орнату, ұлттық мәдениетке жататындық сезіміне әсерленушілік, оның құндылықтарын қабылдау, өзінің өмірін құрғанда оны есепке алу” (10;13).

Этносаралық және этникалық әлеуметтенудің мәселелерін әлеуметтік – психологиялық зерттеуде И.С.Конның еңбектері үлкен қызығушылық туғызады. Ол мынадай бір мәнді жағдайға назар аударады, яғни “бүкіл отандық этнопедагогикалық” еңбектер суреттемелі және тек қандай да бір халықтың өміріне арналған, ал салыстырмалы зерттеулер жоқ болғандықтан, әр түрлі халықтардың педагогикасы өте ұқсас сияқты, тіпті бірдей деуге болады” (11;18). Оның пікірінше, этнопсихологиядан және этнопедагогикадан салыстырмалы зерттеулерді ұйымдастыру этносаралық және этникалық әлеуметтенудің әлеуметтік-психологиялық механизмдерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Осыдан келіп шығатын қорытынды, педагогтар этникалық және этносаралық әлеуметтенудің мәнін білуге тиісті.

Ұлтаралық қатынастар әр түрлі деңгейде дамуда болады. Ұлтаралық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін бұл қатынастарды мына деңгейлер бойынша әлеуметтік – педагогикалық талдауды жүзеге асырған абзал:

- дүниежүзінің халықтарының қатынастары;
- ТМД халықтарының қатынастары;
- Қазақстан халықтарының қатынастары;
- саны аз халықтардың, ұлттық азшылықтың, этникалық топтардың, диаспоралардың, иммигранттардың, босқындардың өмірінің этноәлеуметтік жағдайы.

Ендігі педагогикалық міндет ұлттық қатынастардың дамуының осы әрбір деңгейінің адамға, оның этносаралық әлеуметтенуіне деген әсерінің механизмін ашу, солармен шартталған ұйымдасқан тәрбиенің мақсатын және мазмұнын анықтау.

Осы орайда педагог ұлтаралық қатынастардың деңгейлерінің жиынтығы жалпыадамзаттықтың және ұлттықтың белгілерін көрсететін және олардың өңірде, мемлекеттерде, мемлекетаралық

және халықаралық бірлестіктерде ерекше көрініс табатынын ескертуге тиісті. Мұны жалпыадамзаттық пен ұлттық өзара жалпы және ерекшелік арақатынаста екендігімен түсіндіріледі. Ұлттық жалпыадамзаттыққа /жалпы/ ерекше /оны құрайтын/ ретінде кіреді. “Жалпыадамзаттық қызығушылықты түсіну үшін ең алдымен, - деп жазады Ф.М.Достоевский, - өзің үшін ұлттықты жақсы ұғынуың керек, себебі ұлттық қызығушылықты мұқият біліп болғаннан кейін жалпыадамзаттық қызығушылықты түсінетін боласын... ұлттық туралы айтқанда, - деп жалғастырады ол, - біз бүкіл адамзаттың қызығушылығына жиі қайшылық әкелетін мүдделікті айтып отырған жоқпыз. Жоқ, біз халықтардың қызығушылығына әрекет ететін шынайы ұлтшылдықты ойға алып отырмыз” /12;19/.

Әдебиет

1. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М., 1997.
2. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. Ред. басқарған А.В.Петровский. Алматы, 1987.
3. Российская педагогическая энциклопедия. Т.1. М., 1993.
4. Маркс К., Энгельс Ф. О воспитании и образовании: В 2 т. М., 1978.
5. Буева Л.П. Человек: деятельность и общение. М., 1978.
6. Философия. Құрастырған Т.Ғабитов. А., 2002.
7. Буева Л.П., Социальная среда и сознание личности. М., 1968.
8. Андреева Г.М. Социальная психология. М., 1994.
9. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику. М., 1997.
10. Бондаревская Е.В. Национальная культура и общение. //Педагогика. №4, 1997.
11. Кон И.С. Ребенок и общество. М., 1988.
12. Достоевский Ф.М. Полн. собр.соч. Т.20 Л., 1980.

2 ТАРАУ. ДҮНИЕЖҮЗІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

Дүниежүзінің халықтары мен елдерінің қатынасын қарастырып, балалар мен жастарда ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда осы қатынастардың педагогикалық негіздерін анықтап көрейік. Дүние жүзінің халықтары мен елдерінің өзара қарым-қатынасы және адамзат қауымдастығында құрылған этноәлеуметтік жағдай адамдарда мәдени мінез-құлықтың нормаларының қалыптасуына тікелей әсері бар. Тұлғаның әлеуметтенуінің бөлігі ретінде ұйымдастырылған тәрбиені осы өзара қарым-қатынастарды есепке алып жүргізу керек. Ол тұлғаға этноәлеуметтік ортаның әсерін реттеуге, онда ұлтаралық қарым-қатынастың өзіндік оң тәжірибесін қалыптастыруды, оған деген ортаның мүмкін теріс әсерін әлсіздендіруге бағытталған.

Адамда белгілі бір сезімдер, сана және мінез-құлық нормалары дүниежүзінің халықтары мен елдерінің арасында құрылып жатқан көптеген жағдайлардың әсерімен, шынайы қатынастардың әлеуметтік ортамен оның өзара әрекет процесінде қалыптасады.

Халықаралық қатынастар деп халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілген саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени байланыстар және оларды іске асырушы әлеуметтік, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастарының жиынтығын айтады (1;24).

Қазіргі таңда мемлекеттің күші көптеген көрсеткіштерден тұрады. Оған мемлекеттің жер көлемі, адам, мәдени байланыстар, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісінің мөлшері мен сапасы, мемлекет құрылысының сипаты, әлеуметтік – саяси, ғылыми-техникалық, рухани, мәдени даму дәрежесі және т.с.с. кіреді.

Қазіргі жағдайда адамдардың өмірі, олардың болашағы дүние жүзіндегі жалпы жағдайға көбіне – көп байланысты. Бұқаралық ақпарат құралдары туризм, шет елдер компаниясымен бірлескен кәсіпорындар, шет ел тауарлары т.б. арқылы дүние жүзі “кішірейіп”, енді балалар мен жастар оны олардың өміріне, әрбір адамның тағдырына әсер ете алатын орта ретінде қарастырылады. Енді олардың санасы және мінез-құлқының қалыптасуы тек қана

өз халқының, елінің құндылықтарына бағытталып қоймай, адамдардың жалпы адамзаттық құндылықтары мен нормаларын да есепке алады. Осы орайда жалпыадамзаттық балалардың әлеуметтенуіне тікелей де және жақын қоршаған ортаның факторлары арқылы да әсер етеді.

Барған сайын жастардың біріккен адамзат шынайы құбылысқа айналып отырғанына көздері жетуде, сонымен бірге бүкіл этностар мен елдер әлеуметтік – мәдени тұтастың өздік құнды бөліктері ретінде қарастырылады. Бұған көптеген халықтар үшін мінез-құлықтың моделдері мен нормаларының, символдар мен стилдерінің кеңінен таралуы септігін тигізіп отыр.

Тәрбие мақсаттарының бірі – оқушыларды жалпыадамзаттық жетістіктер мен құндылықтарға баулу. Ол үшін олар білім беру мазмұнында мынадай бағыттар бойынша көрініс табу керек:

- әр түрлі елдердегі, материктердегі және тұтас дүние жүзіндегі этнодемографиялық жағдай;

- дүниежүзінде болып жатқан әлеуметтік этникалық өзгерістер;

- қарама қайшылықты, көпэтносты дүниежүзінің бірлігі және бөлінбейтіндігі;

- Европа және дүниежүзінің басқа да аймақтарында халықтардың интеграцияға деген бағыт алуы;

- халықтардың ғаламшарлық процестері және ғаламдық мәселелері.

Оқушылар біздің ғаламшарда үш мыңнан астам әр түрлі этникалық қауымдастықтардың (тайпа, этникалық топтар, ұлыстар, ұлттар) бар екендігін және олар екі жүзден астам мемлекеттің құрамына кіретіндігін білу керек.

Континенттердің де тұрғындары да көп ұлттылығымен ерекшеленеді. Әрбіреуінің әлеуметтік – этникалық жағдайы да әртүрлі. Индустриалды дамыған Батыс Европада өмір сүреді. Америка мен Африканың тұрғындары да әр алуан этникалықпен сипатталады. Қазіргі кезде Африканың этникалық картасында 300-500-ге дейін халық бөлінуде.

Австралияда этнографтар 700-ге дейін папуас халқы тұрады деп есептелуде (2;4).

Әрине, жер шарының тұрғындарының осындай этникалық әр алуан болуы халықтар мен елдердің қатынастарының күрделілігі және қарама-қайшылығы, олардың бірыңғай дамымауы, көптеген

мемлекеттердің көпұлтты болуы тұтастай адамзат қауымдас-тығының дамуында тікелей және жанама көрініс тауып отыр, көптеген күрделі және қиын шешімді мәселелерді туғызып отыр. Дегенмен, дүниежүзілік шаруашылық бірліктегі организм болуға деген объективті үрдіске ие болып және бірде бір ел одан тыс қала алмайтынын өмір көрсетіп отыр. Ұлттық қатынастармен нарық тығыз байланысты, оған барған сайын дүниежүзінің елдері мен халықтары белсенді қатыстырылуда. Елдер арасындағы еңбек бөлісі, әр түрлі елдердің өндірістерінің кооперациясы, капиталдың, жұмыс күштерінің және тауарлардың қозғалыстары, ұлттық территориядан тысқар өндіріс филиалдарын құру кәсіпкерлердің бәсекесін күшейтіп қана қоймай, әр түрлі ұлтты адамдардың қарым-қатынасын, мәдениет пен дәстүрінің өзара әсерін жеделдетеді.

Қазіргі кезде дүниежүзілік шаруашылық байланыстар жүйесіне енбеген бірде бір ел жоқ. Пәрменді экономикалық өсу бір жағынан сыртқы рынокқа, көптеген халықтардың тәжірибесіне және біліміне сүйеніп қамтамасыз етілуде. Мемлекеттер және компаниялар арасында байланыстар кеңеюде. Еркін сауда және бәсекелестік ұлттық шаруашылықтың оқшаулануымен келіспейді. Кезінде бөлек-бөлек болған ұлттық шаруашылықтар қазір тұтастық дүние жүзілік жүйесінің буындарына айналды. Осындай негізде елдер мен халықтардың экономикалық қатынастары құрылуда. Педагог оқу- тәрбие ісінде жалпыадамзаттық және ұлттықтың өзара байланысы, адамзат тетігінің бірлігі, бүкіл нәсілдер мен халықтардың денелік және психикалық өзара теңдігі туралы ғылыми зерттеулерге сүйену керек. Ұлы ғалым Н.Н. Миклухо-Маклайдың пікірінше, халықтар арасындағы бар айырмашылықтар олардың өмірінің табиғи және әлеуметтік жағдайымен анықталады. Әр түрлі жағдайдағы жер шарында біртекті адамдар тұра алмайды.

Сондықтан әр түрлі нәсілдің болуы табиғаттың заңдарымен түсіндіріледі. Осыдан келіп барлық нәсілдің адамдары бірдей құқықта болу керек деген қорытынды шығарады (3;423). Ғалым қоңыр нәсілдің төменгі дәрежеде болғандықтан ол жойылып, ақ нәсілге орын беру керек деген расистік идеяға үзілді – кесілді қарсы шықты. Ол: “Мен зерттеуші ретінде бүкіл дүниежүзінде барлық адамдар – адам екендігін дәлелдеу болғандықтан, отарлық басып алулар, тонау және зорлық-зомбылық болуға тиіс емес...” – дейді (3;194).

Отаршылықтың құлдырауы және екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі өзгерістер, тынық мұхит аймағының елдерінің (әсіресе Қытай мен Жапония) жедел дамуы оларды Батыспен теңестірді, сөйтіп батыс Европа мен Азияның тең серіктестік жағдайын туғызды. Шет елдік Азия көп ұлтты болып қоймай, барған сайын дүниежүзінің халықтарының қатынасына, адамзат қауымдастығының дамуына көптеп әсер етуде. Шығыс Азия дүниежүзілік экономиканың дамуының генераторына айналуда. Шығыс Азия мен Солтүстік Американың жақындасуы жүзеге асуда. Солтүстік Америкаға келіп жатқан азиялықтардың жергілікті американдықтарға қарағанда жоғары білімділері екі есе артық. Гонконгтың иммигранттары Канаданың экономикасына миллиардтаған долларды салуда. Жапонияда бүкіл Батыс Европаға қарағанда ғалымдардың саны екі есе артық. Қытайда біріккен Германияға қарағанда жоғары оқу орындары инженерлерді көбірек даярлайды. Тайван мен Шығыс Кореядағы студенттердің саны пайызбен кісі басына шаққанда кез келген Европа елінен артық.

Бірақта барған сайын кеңіп және тереңдеп жатқан байланыстар бұрынғы отаршылдық және тәуелді елдерді күшті елдердің экономика, идеология және мәдени аясындағы экспансионистік ұмтылыстардан сақтай алмай тұр. Мысалы, индустриалдық дамыған елдердің бұқаралық ақпарат құралдары батыстың бұқаралық мәдениетінің (кейбірде жалпыадамзаттықтан, шынайы ұлттықтан алыс жатқан) мұраттары мен құндылықтарын таратады, сөйтіп кейбір жағдайларда бұрынғы мораль нормаларын және мәдени құндылықтарды бұзады.

Осыдан келіп бостандық алған елдердің жұртшылық тарапынан Батыстың мәдени экспансиясына елдің этномәдени ерекшелігін ескермей батыстың өмір сүру салтын тасымалдау, батыс мәдениетінің құндылықтарын универсалды деп тарату, енгізу наразылық, жағымсыз қатынасы қалыптасады.

Бұқаралық мәдениет адамға тек мәнді жекелік сұраныстың орындалуын, жеке мүдденің бастылығын уағыздайды, жақсылық және әділеттілік шын мәнісінде жоққа шығаралып, күштінің жеңетіндігін, ал әлсіз және қорғанышсыз өз орнын білу керек деген ойды орнатады. Жастарда қызғаншақтық сезім, жеңіл табыс табу т.б. келеңсіз белгілер қалыптастырылды.

Осыдан келеңсіз құбылыстардың жұқпауына шынайы ұлттық, халық мәдениетінің рөлі үлкен, сондықтан оны оқушыларды білім беру және тәрбиелеу процесінде меңгерту керек. Мұндай мәдениет халықтардың ұлттық мәдениеттерінің өзара әсеріне және өзара кіруіне, жалпыадамзаттықтың рухани құндылықтарды байытып және дамуына сау негіз болады.

Екі дүниежүзілік жүйенің қарама-қарсылығының тоқталуы, КСРО - ның ыдырауы, халықаралық аренаға бұрынғы одақтас республикалардың шығуы, Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа тартылуы, мемлекеттер мен халықтардың арасында экономикалық, саяси және мәдени қатынастардың дамуы - осының бәрі адамзат қауымдастығының тұтастығының құрылу үрдісін күшейте түседі. Қазіргі кезде қарама-қарсы тұрудан ынтымақтастыққа көшуге, дүниежүзінің тұтастығы және өзара тәуелді деген қағиданы жалпыадамзаттың ұғынуын талап ететін принципалды жаңа жағдай құрылып отыр. Сондықтан бұл қатынастар жалпыадамзаттың мораль, демократия, ізгілік, адами ұстанымдар негізінде құрылуға тиісті.

Қазіргі уақытта Жер шарында мыңдаған ірілі-уақ халықтар, екі жүзден астам мемлекеттер бар. Олар табиғат жағдайлары, мекендеген физикалық ортасы, қоғамдық құрылысы, экономикалық укладтары саяси-элеуметтік және мәдени өмірінің түрлеріне және т.т. бойынша ерекшеленеді. Сөйте тұра, олар бір-бірімен өзара тығыз байланыста, олардың бәрі бір адамзаттың тегіне, отбасына жатады.

Дүниежүзілік дамып келе жатқан экономикалық – сауда, ғылыми-техникалық және т.б. байланыстар барлық мемлекеттерді бұрынғы бөлектеніп, оңашалануды тыйдырып, жақындастыруда. Ғылыми-техникалық революцияның салдарынан қаулап өскен өндіргіш күштер қоғамдық өмірді жедел түрде интернационализацияландыра түсуде.

Қазіргі дүниенің халықтарының және мемлекеттерінің өзара тәуелділігінің күшеюі, адамзат қарым-қатынасының барлық жағының интернационалдануы өзіндік бір ғаламдық азаматтық қоғамның құрылуын ынталандыруда. Халықаралық ынтымақтастықтың интеграциялық үрдістері барған сайын үдей түсуде. Сонымен бірге дүниежүзілік құбылыстардың интернационалдануы әр түрлі халықтар мен мемлекеттердің ғылыми-техникалық, экономикалық және мәдени дамуының алшақтауымен, дамыған және нашар дамыған елдердің, державалық және кіші халықтардың арасындағы тартыстардың өршуімен қатар жүруде.

Бүкіл мемлекеттер, ұлттар тең. Бірақ формальдық-құқықтық теңдік мемлекеттердің территориясының, тұрғындарының, табиғи ресурстарының, экономикалық және әскери мүмкіншілігінің, саяси беделің әр түрлі болатындығын жоққа шығармайды. Осындай жағдайлар дүниежүзінің мемлекеттерін ұлы держава, орташа держава, кіші мемлекеттер деп бөлінеді. Дамыған және нашар дамыған елдердің арасындағы алшақтық кемімей, керісінше ұлғайып бара жатыр. Дамыған елдерде тұратын планета тұрғындарының 6 пайызы оның негізгі өнімдерінің 35 пайызын тұтынады. Бай және кедей елдерінің тұрғындарының экономикалық теңсіздігін адамдар әділетсіздік деп тауып, наразылық туғызуда.

Әлемдік қауымдастықты алаңдатып отырған үлкен мәселелердің бірі “үшінші елдердің” алдыңғы қатарлы Батыс державалармен салыстырғанда экономикалық артта қалу үрдістерінің күннен-күнге артуы. Өткен ғасырдың 50-60 жылдары колониялық жүйе құлаған болатын. 80-ші жылдардың ортасына қарай “үшінші елдердің” Батысқа қарызы триллион доллардан асып түсті. БҰҰ-ның мәліметтеріне қарағанда, дүниеде жыл сайын 50 млн. адам аштан өледі екен. Оның басым көпшілігі дамып келе жатқан елдердің үлесіне тиеді (4;220).

Жоғарыда айтып кеткендей дүниежүзілік сахнада халықтардың өзара әрекетінің эволюциясында екі жетекші үрдіс байқалып отыр: а) ұлттардың өзара жақындасуы, олардың жан-жақты интеграциясы және ә) оның әлеуметтік – этникалық бөлімдерінің оқшалануға деген ұмтылысы. Осыған орай П.А. Цыганков былай деп жазады: “Бұл үрдістер бір жағынан, бүкіл қоғамдық өмірдің экономикалық, әлеуметтік, саяси интернационалдануынан, екінші жағынан, егемендік мемлекеттердің құрылып және бекуінде, өздерінің мүдделерін ұлттық – мемлекеттік шекарадан тыс жүзеге асыруға ұмтылып жатқан ұлттық қауымдастық және ұлттық қозғалыстардан көрініс табады” (5;112).

Өкінішке орай халықаралық қатынастар тартысқа толы.

Этносаяси жанжалдарға этностар, ұлттар арасындағы дау-дамайлар, шиеленістер жатады. Басқа саяси-әлеуметтік егес, даушарларға қарағанда ол өте күрделі және шешілу жолы қиын мәселе.

Этносаяси жанжалдар көпұлтты мемлекетте әр түрлі тілде сөйлейтіндердің (Бельгия, Швейцария), әр түрлі дінге сенетіндердің (Индиядағы сикхтар, мұсылмандар, индуистар; Ливанда христиандар мен мұсылмандар), әр түрлі ұлттар (бұрынғы кеңестер Одағында), әр түрлі нәсілдер (Оңтүстік Африка елдерінде) арасында болып жатады.

Діни қозғалыстар интеграцияға қарсы сипатқа ие (араб елдерінде – исламдық фундаментализм, Индияда – радикалық индуизм, Тропикалық Африкада - анимистік мессианизм және т.б.). Ұлттық оқшаулануға деген ұмтылыс КСРО, Югославия, Чехословакияның ыдырауында өз көрінісін тапты. Ол сонымен бірге өзін әр түрлі елдерде де көрсетіп отыр: Түркияда (курдтар мәселесі), Францияда (Корсика және Бретон мәселелері) Англияда (Солтүстік Ирландия мәселесі), Испанияда (баскілер мәселесі), АҚШ (Солтүстік Калифорниядағы этникалық толқулар (6)).

Осының бәрін халықтар тек қана өзара жақындасуға ұмтылып қоймай, сонымен бірге өзінің әлеуметтік мәдени сәйкестігін сақтауға тырысатындығымен түсіндіруге болады. Сондықтан бірліктегі және өзара байланысты дүниежүзі бүгінде де мәдени-өркениеттік әр түрлілік болып табылады.

Оқушылар дүниежүзілік аренада және көпұлтты қоғамның ішінде де халықтардың қатынасын реттейтін БҰҰ орнын және рөлін білуі өте маңызды. Ол егеменді елдердің өз еркімен бірігу негізінде құрылды және халықтар мен елдер арасындағы бейбітшілікті нығайту және ынтымақты дамыту мақсатында қызмет етуде. Білім мазмұнында Европа Кеңесінің, Европа Одағы, Араб мемлекеттерінің Лигасы, Америка Мемлекеттерінің ұйымы, Африкалық бірліктің ұйымдары, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы т.б. әрекеті орын табу керек. Дейтұрғанмен, қарама-қайшылықты және бірліктегі адамзаттың болашағы тек қана халықаралық ұйымдардың және мемлекетаралық бірлестіктердің әрекетіне тәуелді болмай, сонымен бірге барған сайын бұқараның қылығына, әрекетіне тәуелді болмай, қатардағы азаматтарды дүниежүзі халықтарының теңдігін мойындау рухында, діни шыдамдылыққа және адамдарға гуманистік қатынасты тәрбиелеуге байланысты болады деген негіз қалаушылық қағидадан шығу керек.

Осы айтылғандардан нақты педагогикалық міндет шығады – балалар мен жастарда жалпыадамзаттық, азаматтық – патриоттық және ұлттық сезім, сана және мінез – құлықты тәрбиелеу. Бұл мәселені шешу білім беру аясында халықаралық ынтымақтастықты талап етеді.

Әр түрлі елдердің педагогтары осы мәселені жүзеге асырудың жолдарын іздестіруде. Мысалы, АҚШ ғалымдары Р.Хенви және Э.Боткин Батыс Еуропаның елдерінде және Американың оқу орындарында енгізіліп жатқан ғаламдық білім беру тұжырымдамасын жасады (7). Ресейде Рязан мемлекеттік педуниверситетінде орналасқан ғаламдық білім беру мәселесімен айналысатын Ресейлік орталық бұл тұжырымдаманы таратуда да көп еңбек сіңіруде.

Ғаламдық білім беру бойынша мектептің оқу жоспарына мынадай педагогикалық әрекеттің бағыттары енгізілуі керек: оқушыларда дүниежүзіндегі халықтардың мәдениетіне сыйлаушылықты және қызығушылықты тәрбиелеу, бұл мәдениеттердегі жалпы дүниежүзілікті және ерекшелікті түсінулеріне қол жету, ғаламдық, жалпы дүниежүзілік оқиғаларға зейінді болуын, олардың сипатын және неге соқтыратынын түсінуін тәрбиелеу, дүниежүзілік процестерді зерттеуге жүйелілік тұрғы дағдысын дамыту, дүниежүзілік құбылыстарға әр түрлі көзқарастардың теңдігін және тең құндылығын мойындауға тәрбиелеу.

Ғаламдық білім беру оқушыларда өздері өмір сүріп жатқан дүниежүзінің қазіргісіне және болашағына деген жауапкершілікті сезімді және сананы тәрбиелеуге бағытталған. Ол бойынша адамдардың басқалардың мәдениетін қабылдамауы, түсінбеуі сол халықтар және олардың қатынасы, ұлттық мәдениетін және дәстүрлерін білмегендіктен болады.

Ғаламдық білім беру тұжырымдамасы тәрбиелеудің жалпы жүйесінен бір ғана астарын – жалпыадамзаттық сезім мен сананы қалыптастыруды қарастырады. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу процесінің екі басқа буыны (азаматтық) патриоттық сезім мен сананы қалыптастыру; ұлттық сезім мен сананы қалыптастыру бұл тұжырымдамада көлеңкеде қалған.

Әдебиет

1. Гуревич П. Халықаралық қатынастардың социологиясына кіріспе. М., 1992.
2. Казьмина О.Е., Пучков П.И. Основы этнодемографии. М.,1994.
3. Миклухо-Маклай Н.Н. Собр.соч. т.2.М., 1955.
4. Жамбылов Д. Саясаттану. А., 2005.
5. Цыганков П.А. Политическая социология международных отношений. М. 1994.
6. Народы и религии мира. Энциклопедия. Главный редактор В.А. Тишков. М., 1998.
7. Хенви Р. Достижимая глобальная перспектива. Рязань, 1994.

3 ТАРАУ. ТМД ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМДА АЛАТЫН ОРНЫ

ТМД елдерінің халықтарының қатынасын әлеуметтік – психологиялық және педагогикалық астарларда талдау оқушыларда өзінің халқына, еліне және жаңа мемлекетаралық қауымдастыққа жататындығы сезімін және санасын тәрбиелеудің теориялық негіздерін жасаудың шарты болады.

Сегізінші желтоқсан 1991 жылы Белоруссияда Ресей Федерациясының, Украинаның және Белорус Республикасының жетекшілері Тәуелсіз Мемлекеттік Достастығын құру туралы келісімге қол қойды. Олар Кеңес СРО халықаралық құқықтық субъектісі және геосаяси шындық ретінде өзінің өмір сүруін тоқтатқаны туралы мәлімдеді. 21 желтоқсан 1991 жылы Алматыдағы кездесуде Достастық одан әрі кеңейді. Оның қатарына Грузия, Армения, Әзірбайжан, Қазақстан, Түркіменстан, Қырғыз, Молдавия республикалары кірді. Бұл бірлестікке Эстония, Латвия және Литва кірмеді. Достастықтың орталығы болып Минск сайланылды. Мұндағы ой жаңа бірлестікті Москвадан басқарылған бұрынғы тоталитарлық державалармен шатастырмасын деген болса керек.

Адамдарда көп жылдар бойы туған мәдениетіне нигилизмді тәрбиелеп келді. “Қосылу” деген идеяның айтылуымен түгел туғанынан қашықтауды интернационализмнің көрінісі деп табылды. Ұлттық мәдениетті, тілді сақтауға деген ұмтылысқа “ұлтшылдық” деген айдар тағылды. Этникалық өзін-өзі сезінуіне деген менсінбеушілік, оған жалпыкеңестікті қарсы қою ұлттық өзіндік сана-сезіміне айтарлықтай ауытқушылыққа соқтырды. Ресми түрде ұлттық тілдің гүлденуі жарияланғанмен шын мәнісінде орлардың функциясы шектеулі болды. Орыс емес оқушы орыс және дүниежүзілік мәдениетке орыс тілі арқылы баулынды. Бірақта орыс емес ортада өмір сүрген орыс балалары жергілікті тұрғындардың тілін оқымады, басқа халықтардың мәдениеті туралы аз білді. КСРО тарихының курсында негізінен орыс халқының тарихы қарастырылды.

Осындай ыңғайда оқушылардың ұлттық сана-сезімі деформацияланды. Қалыптасқан жағдай ұлттықтың және жалпы-ұлттықтың дұрыс ұштасуына мүмкіншілік бермеді. Дегенмен, Совет үкіметі бүкіл ұлттардың (тіпті бірқалыпты болмасада)

экономикасын, мәдениетін, ғылымын дамытып, халықтардың өзара қарым-қатынасын интернационализм ұстамында құрды. Кеңес Одағын тек қана бір ұлт емес, онда тұратын халықтардың барлығы өз Отаны деп есептеді.

Міне, осы жағдаймен 17 наурыз 1991 жылы КСРО тұрғындарының 76,4% референдумда Кеңес Одағының сақталуына дауыс берді. Кеңес Одағының ыдырауына байланысты ғылыми әдебиетте көптеген түсіндірулер бар.

Халықтардың бұрынғы кеңес орталығының өктемдігіне деген жағымсыз қатынасы кейбір өңірлерде, республикаларда ұлттықтың тыс басым болып, оның интернационалдық және жалпыадамзаттықтан қашық болуына соқтырып отыр.

Бұрынғы Кеңес территориясында этносаралық қатынастар тұрақты болудан қалды. Мұнда ұлттық мәдениеттер, этникалық қауымдастықтардың ұлттық-патриоттық құндылықтарының тез өрлеу үрдісі, туған этносының тарихына, мәдениетіне тіліне қызығушылық өсуде, ұлттық сана-сезім деңгейі артуда. Кеңес Одағының бүкіл республикалары дербес мемлекетке айналды. Ұлтшылдық үрдісі күшейді. Бұрынғы Кеңестің ұлттық-мемлекеттік саясатына ревизия басталды. Халықтардың бірлескен өмірінің оң тәжірибесін жоққа шығарды. Сонда КСРО адамзат тарихындағы ұлы соғысты қалай жеңді, аз уақыттың ішінде соғыста қиратылған халық шаруашылығын орнына келтіріп, өндірісте, ғылымда, мәдениетте және білім беруде үлкен жетістікке қалай жетті деген сұрақ жауапсыз қалады.

Педагог тәрбиелеу процесін ұйымдастырғанда Қауымдастық елдерінің және халықтарының арасында шынайы құрылған қатынастарды есепке алып, олардың экономикалық, саяси және мәдени жақындастыратындардың бәрін зейінге алу қажет. ТМД халықтарының қатынасындағы мынадай құбылыстарға назар аударған абзал:

1. 1991 жылдың желтоқсан айынан кейін бұрынғы Кеңес Одағының ыдырауынан кейінгі пайда болған бөліктердің

арасында үздіксіз қарама-қайшылықтар пайда болды: әскер шығару, дүние-мүлікті және борышты бөлу, территорияға байланысты тартыстар, ішкі қиыншылық пен тартыстардың мәселелері, осының бәрі келісе алмаушылық көздеріне айналды.

2. 1993 жылдың басында белгілі бір өзгерістерге жол берілді. Себебі көптеген экономикалық, әлеуметтік- психологиялық

сұрақтарға жауап беру үшін бірлескен шешім қабылдау қажеттігі пайда болды. Өмірінің өзі бұрынғы КСРО республикаларын және халықтарын әр түрлі және тұрақты байланыстарға итермеледі. Сөйтіп, әр түрлі себептерге байланысты бұрынғы Кеңестің елдері жаңа Достастықта топтасу үрдісі пайда болды.

Ю.А.Ургалкиннің пікірінше, постсоветтік кеңістікте елдердің пайда болуы жалпы өркениеттіктің заңдылығының көрінісі болып табылады (1;19). Сондықтан КСРО ыдырауының кінәлілерін іздеудің қажеті жоқ. XX ғ. әр түрлі жолдармен, бірақ қорытынды ыдырау нәтижеге империялардың барлығы да келген: монархистік (германдық, астро-венгриялық, ресейлік), отаршылдық (француз, британ, португалдық т.б.).

Постсоветтік кеңістікте пайда болған республикалардың өздерінің өкініштері, басқаларға деген айыптары, жоспарлары, армандары бар. Қазіргі қоғамдық дамуды зерттеуді эмоционалдық-бағалаушылық тұрғыда жүргізу тек қана шиеленістіру жолына түсіреді. Сондықтан республикалар өзін-өзі сақтау, өзін-өзі дамыту, дүниежүзінің және Достастықтың халықтарымен достастығын нығайтуды мақсат етіп қою керек.

3. Оқушылардың Достастықтың негізін бұрынғы Кеңес Одағының шынайы егемендік алған республикалардың құрғанын ұғынудың үлкен тәрбиелік мәні бар. Достастықтың құрылуы орталықты бұзу деген күрестен жаңа бірлікті жасау бағытын жол ашты. Ендігі уақытта халықтардың жақындасуға деген еркін өркениеттік жолымен орындау өте маңызды.

4. ТМД-ның бекуіне шығыс славян елдерінің – Ресейдің, Украинаның, Белоруссияның өзара қатынасының үлкен ролі бар.

5. Орта Азияның республикаларында ұлтаралық қатынастар біркелкі қалыптасуда.

6. Кейбір тәуелсіз мемлекеттерде (Ресей, Украина, Молдова, Әзірбайжан, Грузия т.б.) ұлтаралық қатынастар ушыққан жағдайда болып отыр. Мұнда ерекше түрде шовинизм мен ұлтшылдық көрініс тауып отыр. Мысалы, Абхазия Грузия басшыларының ұлтшыл-шовинистік империялық саясат жүргізетінін, олардан ұлттық мүддесін ескермейтіндігімен айыптады. Ал Грузия Абхазия басшыларын грузин мемлекетінің тұтастығын бұзуға, грузин ұлтының тұрғындарын итеріп шығару, бір этникалық режим құруға деген ұмтылыс бар деп кінә тағады.

Созылып кеткен тартыс көрші мемлекеттермен бірге БҰҰ және дүниежүзілік жұртшылықты алаңдатып отыр.

Соңғы жылдары әлемдегі этноахуалды сипаттайтын жаңа термин енді – “Этноұлттық соғыстары” (ЭҰС) (этникалық, ұлттық, сепаратистік). “ЭҰС” соғыстары ретінде Днестр бойындағы, Грузиядағы, Абхазиядағы, Армениядағы, Әзірбайжандағы және әсіресе, Шешенстан мен Тәжікстандағы соғыстарды айтуға болады. Жалпы, белгілі мағынада айтқанда адамзат тарихындағы барлық соғыстарды “ЭҰ соғыстары” деп айтуға болады, өйткені бұл соғыстар өз этникалық кеңістігін кеңейту, қайтарып алу немесе сақтап қалу үшін жүргізіледі.

7. Халықтардың интеграцияға деген үрдісі – бұл олардың басты қатынастарының бірі болып табылады. Интеграция мемлекетаралық, ұлтаралық бейбітшіліктің, тартыстар мен келісе алмаушылықты реттейтін сенімді құрал болып табылады. Осы орайда, бұрынғы Кеңес Одағының экономикалық, мәдени, психологиялық байланыстарының жоғары деңгейде болғандығын ескеруіміз керек.

Ұлтаралық қатынастар практикасынан идеологиялық қарама-қайшылықтарды шығарып тастау этникалық және конфессиялық қауымдастықтар арасында шынайы бар қарама-қайшылықтарды жоя алмайды. ұлттар арасында айырмашылықтар болуымен олардың арасында белгілі бір қарама-қайшылықтар да болады. Сондықтан мемлекеттің конституциялық нормалары және халықаралық механизмдер арқылы екі жаққа да тиімді шешім қабылдауға болады.

Достастық тәуелсіздік мемлекеттердің жаңа одағының этникалық дискриминацияны болдырмауға, халықтардың қатынасын өркениетті түрде реттеуді қамтамасыз етуге тиіс. Ұлттық азшылықтың құқықтарын майындауды Достастықтың демократияланған өлшемі ретінде қарастыру өте маңызды.

8. Достастықтың ішінде жекелеген мемлекеттер өзара келісім шарт құруда. 28 наурыз 1996 ж. Москвада Ресей, Белоруссия, Қазақстан жән Қырғыстан интеграцияны тереңдетуге байланысты Келісімге қол қойды. Келісім ешбір елдің егемендігін қозғамайды, халықаралық сахнадағы құқығына тиіспейді.

КСРО ыдырап, қоғамның демократияланып жатқан жағдайында Еуразиялық одақ құру идеясын 1994 жылдың 28 наурызында Мәскеудің Мемлекеттік университетінің профес-

сорлары мен оқытушылары алдында сөйлеген сөзінде Н.Назарбаев көтерді. Оның мақсаты Кеңес Одағының құлағанына байланысты күйреген сауда-экономикалық және адами байланыстарды қалпына келтіру, өзара түсінісу, бірлесе қимыл жасау. 2000 жылдың 10 қазанында Астана қаласында Белорусь, Қазақстан, Қырғыстан, Ресей, Тәжікстан мемлекеттері құрған саяси-экономикалық, интеграциялық ұйым – Еуразия экономикалық қауымдастығы. Яғни ЕурАзЭҚ құрылды. Бұл мемлекеттердің басшылары Кедендік одақ және біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыруға одан әрі септесе беру ниетінде.

2 сәуір 1997 жылы Москвада Ресей және Белоруссия Одағы құрылды.

Бұрынғы Кеңес Одағының территориясында бүгінде де бірліктегі экономикалық, этномәдени және психологиялық кеңістігін сақтауға алғышарттары баршылық. Халықтардың экономикалық, этносаралық, психологиялық, мәдени байланыстарды қалпына келтіруге объективті сұраныс бар.

ТМД-ның кемшіліктері болғанымен, бұрынғы Кеңес республикаларын біріктіретін жалғыз құрылым болып табылады. ТМД-ның болашағы тек қана мемлекет басшыларының саяси еркіне ғана емес, сонымен бірге бұқараның әрекетіне, бүкіл мемлекеттердің азаматтарын ынтымақтастық, өзара сыйлаушылық және халықтар достастығы рухында тәрбиелеуге де байланысты.

Тәрбиенің жалпы мақсатынан шығатын нақты педагогикалық міндеттерді анықтағанда, біздің пікірімізше мынадай факторларға зейін аудару қажет:

1. Жаңа Достастықтың мемлекеттерін біріктіретін ғылыми көзқарастардың және идеялардың жүйесін анықтау, олардың азаматтарын достық және бірлік рухында тәрбиелеу. Осы орайда мына жағдайды есепке алу керек, яғни Кеңес Одағының ыдырауы және бұрынғы одақтас республикаларда болған әлеуметтік-саяси өзгерістер интернационализм идеологиясын теріске шығаруға және идеялық-адамгершілік вакуумының пайда болуын әкелді, оған карама-қайшылықты көзқарастар мен сезімдер (азаматтық, патриоттық, либералдық-демократиялық, ұлыдержавалық-шовинистік, ұлтшылдық, сепаратистік және т.б.) ұмытылуда. Сол кезде мектептерде және оқу орындарында өзара сыйлаушылық және достық рухында тәрбиелеу процесі тоқтап қалды деуге болады.

Осылардың бәрі қалыптасып қалған адами қатынастардың (мәдени, ғылыми, отбасылық) үзілуіне, бұрынғы одақтас мемлекеттердің азаматтарының бір-біріне деген сенімсіздікке әкеліп отырды.

2. Жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатын анықтау мемлекеттің құқығы, ол ғылымның, оқу орындарының және жұртшылықтың қатысуымен өзінің педагогикалық практикасының басты компоненті ретінде оны қалыптастырады. Мемлекеттік тәрбиелеу мақсатын анықтау оның сұранысымен және мүддесімен шартталады.

Достастық елдердің өмірше мүддесінен олардың тұрғындары (оқушыларды әсіресе) ТМД елдерінің азаматтары мен әлеуметтік-құнды қатынастарға және байланыстарға, әр түрлі ұлттың және конфессияның адамдары мен араласуға тартуға мүдделі болады. Постсоветтік кеңестік елдердің адамдары азаматтарын тәрбиелеудің мынадай міндеттерін көрсетуге болады: а) мемлекеттің өзіндегі халықтарды достық рухында тәрбиелеуді қауымдастықтың мемлекеттеріне және халықтарына достық қатынасты тәрбиелеумен ұштастыру; ә) республиканың азаматтарында жаңа Қауымдастыққа жататындығы сезімін және санасын қалыптастыру; б) қауымдастықтың менталитетін қалыптастыру (Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан т.б. жақындасу, өзара байыту және мақсатты бағыттылған интеграция жүзінде); в) оқушыларда әр түрлі ұлттың, нәсілдің және конфессиялардың, олардың ұлттық, нәсілдік және діни сезімдеріне және абыройына деген сыйлаушылықты тәрбиелеу; г) оқушыларда ұлтшылдық, шовинизм және расизм көріністеріне ымырасыздықты, оларда әр түрлі ұлттың, нәсілдің және конфессияның адамдарымен қарым-қатынастың мәдениетін және этикасын қалыптастыру.

Қазіргі кезеңде достастық елдердің халықтарының қатынастарының дамуында адамдардың санасы мен мінез-құлығында сақталған ұлтшылдық және империялық - ұлыдержавалық идеялардан, көзқарастардан, сезімдерден арылуға және ойлау таптаурындарын еңсеруге арналған тәрбие жұмысына ерекше назар аударылуы керек. Мұндай көзқарастардың, идеялардың, сезімдердің өміршендігі қоғамдық сананың қоғамдық болмысы өзгереді (осы жағдайда Кеңес Одағының ыдырауы), содан кейін олардың санасы (идеялары, көзқарастары, сезімдері), мұнда

жағымдысы көрініс табады (халықтар және елдер достығына жол ашатын) және келеңсіз (халықтардың сенімдеріне зияны келтіретін ұлтшылдық және ұлыдержавалық).

Тәрбие жұмысы барысында әр түрлі ұлттар мен конфессиялардың адамдардың жақындасуына, олардың тұлға аралық байланыстарын (мәдени, тілдік, дінаралық) дамытатындардың бәрін анықтап, қолданған абзал. Балалар ортасында шовинистік және ұлтшылдық ойлауды еңсеріп, оқушылардың көп ұлтты құрамын гуманизм, ұжымшылдық, халықтардың және олардың мәдениеті теңдігі ұстанымдар негізінде топтастырған өте маңызды.

3. Достастық елдерінің жас ұрпағын тәрбиелеуде бұрынғы Кеңес Одағының патриоттық және интернационалдық тәрбиені зерттеп және пайдаланудың маңызды мәні бар. Одақтың орталықтан және одақтас республикалардың астаналарынан тәрбие жұмысы реттеліп және бағытталып отырды. Осы мәселе бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, дөңгелек столдар өткізілді, радио, телевидение, газет және журнал беттерінде ғалымдардың, мұғалімдердің, мәдениет қайраткерлерінің ойлары, пікірлері айтылып, жазылды. Орталықта және жергілікті жерлерде интернационалдық тәрбиеге арналып көптеген әдебиет басылып шықты.

4. Көп ұлтты мемлекеттердің құрамында халықтардың көпғасырлық бірлескен өмірі (алдымен Ресей Империясында, кейін Совет Одағында) және үкімет құрылымдарының, оқу орындарының адамдарында советтік патриотизмді және интернационализмді тәрбиелеудегі мақсатты бағытталған жұмыстары бұрынғы одақтас республикаларының азаматтарында “Менің Отаным – Кеңес Одағы, менің республикам, менің ауылым”, “КСРО – біздің үлкен Отанымыз”, “Біз – совет халқы” деген сияқты ұғымдарда өз көрінісін тапқан сезім мен сананы қалыптастырды.

Осы негізде құрылған советтік менталитет постсоветтік кеңістіктің азаматтарын осы күнге шейін ерекшелендіреді. Совет менталитеті көп ұлтты елдің азаматтарын ұйымдастырушы және топтастырушы фактор болды. Ол олардың санасы мен мінез-құлқының орнықтылығына, елдің бүкіл республикаларына ортақ көп ұлтты қауымдастықтың бекуіне ықпал етті.

Советтік менталитет КСРО шеңберінде халықтардың көп жылғы бірге өмірінің нәтижесі болды. Адамдарда жалпы советтік азаматтық және патриоттық, интернационалдық сезім, сана және соған сәйкесті мінез-құлық мәдениеті қалыптасты. Т.Сәрсенбаевтың пікірінше, бұрынғы КСРО ұлттары мен ұлыстарының өзара қатынастарында әр түрлі қарама-қайшылықтар болғанымен ғасырлар бойы қалыптасқан орталықты жоққа шығара алмайды (3;17). Ресей империясының, КСРО және ТМД (бұл салыстыру және ақтау үшін емес) пайда болулары кездейсоқтық емес және олар із-түссіз жоқ болып кетпейді.

5. Жақындасу, ұғынысу, үндесу, түсінісу, қарым-қатынас орнату мемлекеттің ішкі құрылымдарының бірі ретінде білім, ғылым салаларында да қажет екеніне бүгіндері көз жеткізіп болдық. Өйткені Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бірыңғай білім кеңістігі ажырады, өзара байланыстар үзілді, өзгерістерге ұшырады, көптеген түйінді мәселелер туындады. Ал ол бүкіл республикалардың азаматтарына білім алуға құқықты және мүмкіншілікті қамтамасыз етеді. Оның мазмұны көп ұлтты мемлекеттің бірлігін нығайтуға, жалпы азаматтық, жалпыұлттық сезім мен сананы қалыптастыруға мақсат етілді. Жаңа жағдайда ТМД мемлекеттерінің Парламентаралық ассамблеясының қаулылары аса маңызды мәнге ие.

Біздің пікірімізше бірыңғай білім беру кеңістігінде “Достастық елдердің білім беру мазмұнын сәйкестендіру” (идентификациялау), ортақ заңының қызмет атқарғаны орынды сияқты. Осы бағытта жұмыстар жүргізілуде (3).

Бұл ретте ТМД елдері жоғары оқу орындарының байланыс орнатуының зор маңызы бар. Мысалы, “Бірыңғай ақпараттық-білімдік ортаны қалыптастыруға” қатысушы аграрлық жоғары оқу орындарының Ректорларының кеңесі құрылған еді. Сөйтіп, ТМД елдерінің аграрлық университеттері өзара ықпалдастыққа айрықша ден қойып отыр.

6. Басқа да мемлекетаралық қауымдастықтардың білім беру мазмұны реттеудегі, қауымдастық елдеріндегі азаматтарды тәрбиелеудің теориялық негіздерін жасау, тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың тәжірибесін қолданған пайдалы. Әсіресе, Европа Совет Министрлігінің қоғам өмірінен расизм, ксенофобия, антисимитизм, діни, нәсілдік белгілеріне қарай дискриминацияны еңсерудің тәжірибесін зерттеу өте маңызды.

7. Енді ТМД-дағы интеграциялық процестердегі Қазақстанның рөліне тоқталайық. Қазір дүние дидарында табиғи құбылыстар қатты өзгеріп, табиғи апаттар көбейіп кетті. Табиғи апатқа қарсы тұруға бола ма? Бұл сұраққа жеке адамдар емес, әр елдің үкіметі бас қатыруы тиіс. 2003 жылдың шілде айында Алматы қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісіміне сәйкес құрылған кеңесінің кезекті ХІІІ мәжілісінің өтуі осы тұрғыда – Достастықтың ықтимал қиындықта бір-бірін қолтықтан сүйеп, қауымдасып демеуінен өз мағынасын іздейтіні сөзсіз. Мәселен, БҰҰ мәліметтер бойынша, 1960 жылдан бері дүлей зілзалалардан келген экономикалық шағын 9 есе өссе, ірі табиғи апаттардың жиелігі 3 есеге дейін артып отыр. Қатты жер сілкінісінен дүние жүзі бойынша 1991-2000 жылдары орта есеппен 75000 адам қаза тауып, 211 мыңнан астам зардап шеккен. Экономикалық шығынның көлемі 40 миллиард АҚШ долларынан асып кеткен.

Сондықтан ТМД-ның табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі мемлекетаралық кеңесі осы сипатта өз жұмыстарын жоғары деңгейде үйлестіруін көздеп, бірнеше құжатқа қол қойды.

Әдебиет

1. Ургалкин А.Ю. Российский федерализм в этносоциальном и региональном подходе. // Регионология. №2 1995
2. Сарсенбаев Т. Культура межнационального общения А., 1998.
3. Межгосударственная программа реализации Концепции формирования единого (общего) образовательного пространства Содружества. 8-я конференция министров образования. 13-е заседание Совета по сотрудничеству в области образования стран – участниц СНГ // Педагогика. №3. 2003.

4 ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КҮЙІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қазіргі әлемнің этноаясы жеткілікті түрде күрделі, өзгермелі динамикалы және қайшылықты. Онда сан мыңдаған, ал кейде жүздеген адамды ғана қамтитын архаикалық-этникалық қауымдастықтармен қатар, қазіргі сан миллиондаған адамдарды құрайтын этностар бірге өмір сүреді. Барлық бұл этностар әлемдегі әлеуметтік- саяси және экономикалық құрылыстары әр түрлі және көбіне полиэтникалық екі жүзден астам елдің құрамына кіреді. Тек жиырмаға жуық мемлекеттер ғана салыстырмалы түрде моноэтникалық деп есептеледі, өйткені ондағы этникалық аз ұлттар жергілікті халықтың 5%-ден азын құрайды. Демек, моноэтникалық мемлекеттер де этникалық тұрғыда абсолютті біртекті болып табылмайды (1).

Қазақстанның ерекшелігі халқының көп этникалық және көп дінді құрамымен айқындалады. Республикада көптеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрады. Олардың кейбірі тығыз шоғырланған, мұның өзі Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени көп қырлығы мен ерекшелігін күшейте түседі.

Барлық этностар, ірісінен бастап – қазақтар (8 млн. жақын) санының, ең азына дейін таттар (51 адам) ерекше этномәдениет құрылымға, санасымен және мінез-құлқына ие болған, өзара әлеуметтік, экономикалық, мәдени, отбасылық т.б. көптеген байланыстарға түсуде (2).

Мемлекеттегі бейбітшілік және келісім, оның қауіпсіздігі және тұрақтылығы этносаралық қарым-қатынастың орнықтылығына, төзімділікке және оң бағытталғандығына көбіне көп байланысты.

Жастарда патриотизмді, азаматтықты, дінге төзімділікті және халықтар достастығы сезімін қалыптастыруда көп ұлтты мемлекет шеңберінде дамып жатқан ұлттық қатынастар мәнді әсер етеді. Сондықтан мектепте ұйымдастырылатын тәрбиелік процесс көп ұлтты мемлекетте құрылған этноәлеуметтік жағдайды педагогикалық тұрғыдан талдаудан алынған мәліметтерді ескеріп, практикалық іс-әрекетінде оған сүйену керек. Осы орайда мына факторларға назар аударылған орынды: қоғамдық-мемлекеттің құрылымының формасы; діни конфессиялардың өзара қатынастары; халықтардың, олардың тілдерінің және

мәдениетінің өзара қатынастары; сепаратизмнің және ұлттық шектеушіліктің көріністері; елдің халықтары достастығы рухында азаматтарды тәрбиелеу тәжірибесі.

Көп ұлтты мемлекеттердің маңызды міндеті – бұл елдің бірлігін бекіту және оның халқын топтастыру. Бұл міндет оқу орындарында білім беру және жастарда патриотизм, азаматтық, халықтар достығының сезімдерін және санасын тәрбиелеуге арнайы ұйымдастырылған жұмыс арқылы қамтамасыз етіледі. Халықтың көп ұлттылығының артуы - ұлттардың жақында-суының, қоғамдық өмірдің интернационалдану деңгейінің көрсеткіштерінің бірі.

Әдебиеттерді талдау (Р.Әбсаттаров, Т.Сарсенбаев т.б.) Қазақстанның этносаралық қатынасын қалыптастыру жолы үш кезеңнен тұрғанын көрсетеді.

1 кезең. Тарихшылар қазақтардың халық ретінде генеалогиялық бастауын, Қазақстанның мемлекет ретінде егемендігін тарихи факт ретінде XIV-XVI ғғ. көрсетеді. Тарихи тұрғыдан алғанда Қазақстан бір ұлтты, дамып келе жатқан ел болды. Қазақстан XIX ғ. ортасында Ресейге қосылғаннан кейін көп ұлтты елге айнала бастады. Ресей патшалығының интеграциялық жоспары бойынша қазақтар өзінің ұлттық тілінен бас тартып, жаңа өмір салтын қабылдауға, жаңа қоғамды қалыптастырудың негізгі қалаушы шарт бойынша ассимиляцияға түсу керек еді.

Нәтижесінде, XIX ғасырдың аяғында – XX ғ. басында патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының барысында қазақтар Европаға, Монғолияға, Түркия, Қытай т.б. елдерге қоныс аударды.

Дүние жүзінің 44 елінде 13,5 млн. қазақ тұрады. Олардың 53,4% Қазақстан Республикасында, 1 млн. жақын Ресей Федерациясында, 2 миллиондай Қытайда, 2 миллионға жуығы Өзбекстанда өмір сүріп жатыр.

Екінші кезеңге 1937-1944 жылдарды жатқызуға болады. Қазақстанға түгелдей республикаларды, халықтарды қоныс аударған күрделі де тарихи ескерткіш жылдар: Чечен-Ингуш, Қарашай-Черкес республикалары, Балтық жағалауы республикалары, түрік-месхитендер, Ресейдің Қиыр шығыс халықтары: карестер, дунгандар, басқа да халық өкілдері – украиндықтар, белорустар, немістер және т.б. көптеген халықтар. Осы күнге шейін Қазақстанға депортацияланған адамдардың дәл саны белгісіз, 1920 жылдан 1949 жылға дейінгі 30 жылдың ішінде КСРО-да 3 миллион 200 мың адам жер аударылды.

Бұл қайғы - қасірет жөнінен Қазақстан жері көш басына шықты: зерттеушілердің есебі бойынша мұнда жылдары 1 миллион 200 мыңнан астам арнайы қоныстанушылар болған (3).

Осы жағдайдан пайда болған этноұлттық, конфессионалдық және тілдік ала-құлалықты қазақтардың әлеуметтік - мәдени дамуына әсер етпей қоймайды. Ресейлік Метрополия аңсаған депортацияланған халықтар “балқытылып” бірыңғай ұлтқа айналмады. Бүкіл халықтар ұлттық мінездің ерекшелігін, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап қалды.

Үшінші кезенді өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейінгі уақытқа жатқызуға болады, яғни КСРО-ның ыдырау кезеңінен бастап. 1979 жылғы санақтың мәліметтері бойынша жергілікті халықтың, яғни қазақтардың ең аз проценті Қазақстанда 36 % екенін көреміз. Оның саны соңғы отыз жылдан астам уақыт бойында үнемі өскенін айту керек, бірақ республика халқының құрамындағы үлес салмағы кеміп кетті, мұның негізгі себебі 50-ші жылдардың ортасында-ақ онда барлық одақтас республикалардан әр түрлі ұлттардың еңбек адамдары орталықтың шақыруы, жіберуі бойынша тыңда игеруге көмекке келеді де, олардың көпшілігі Қазақстанда қалды, яғни оны өздерінің тұрақты мекені етіп таңдап алды.

ҚР Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеу институтының қызметкерлері оннан астам этникалық ареалдарды /шоғырландыру/ анықтаған:

1. Орыстар тұтас орналасқан Солтүстік ареал /бұрынғы Тың өлкесі, Қарағанды облысы/

2. Орыстардың урбанизацияланып орналасқан оңтүстік ареалы /Алматы, Талдықорған аймағы, Жамбыл және Оңтүстік - Қазақстан облысы/.

3. Орыстардың орналасуының шығыс өндірістік ареалы /Шығыс-Қазақстан, бұрынғы Семей облысы/.

4. Орыстардың орналасуының батыс “тілімделген” /“черезполосный”/ ареалы.

5. Украиндықтардың орналасуының Солтүстік-Батыс селолық ареалы (Қостанай облысы, Федоров ауданы).

6. Немістердің орналасуының селолық Ерментау-Целиноградтық ареалы (Ақмола облысы).

7. Поляктардың орналасуының селолық келлеровтық ареалы (Көкшетау облысы)

8. Өзбектердің орналасуының Сайрамдық қала айналасындағы ареалы (Оңтүстік Қазақстан облысы).

9. Өзбектердің орналасуының Түркістандық селолық-қалалық ареалы /Оңтүстік-Қазақстан обл./.

10. Ұйғырлардың Іле-Жаркент селолық ареалы /Алматы облысының Талдықорған аймағы/.

11. Татарлардың, карестердің, еврейлердің орналасуының Алматылық жоғары урбанизацияланған ареалы (4;23).

Осындай құбылыс барлық ұлттардың мүдделерін ескеруді талап етеді.

Елдердің этноәлеуметтік ерекшелігін, тұрғындардың ұлттық құрамын, халықтардың орналасу типін олардың өзара қатынасының тарихын ескере отырып дүниежүзінің мемлекеттерін шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Иммигранттардан құрылған мемлекеттер

2. Әдеттегі көпұлтты мемлекеттер

3. Тең құқықты халықтардың одағынан құрылған мемлекеттер.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша “Қазақстан Республикасы – Президенттік басқару нысанындағы біртұтас /унитарлық/ мемлекет”.

Унитарлық мемлекет халықтардың қатынасын реттеуде мына демократиялық ұстанымдарды басшылыққа алу керек: бүкіл халықтардың теңдігін мойындау; азаматтардың саяси, құқықтық және құқығын орындау; халықтардың мәдениетін, тілдерін, дәстүрлерін дамытуға жағдай жасау; ұлттық қатынастарды реттеуде заңдылықты және өзара көмектің дәстүрлерін сыйлау, этносаралық қарама-қайшылықтарды халықтың дипломатия және келісімпаздық процедуралар арқылы бейбіт шешу; азаматтардың құқын ұлттық, әлеуметтік және діни жататын белгісіне қарай шектеуге тыйым салу, ұлттық ерекшелікті, шовинизмді және нацизмді насихаттауды тыйым салады; халықтар достығы, жалпы-адамзаттық құндылықтар рухында тұрғындарды тәрбиелеу.

Осы ұстанымдарды орындау жағдайында тұрғындардың құрамының көп ұлттылығы мемлекет шеңберінде халықтардың топтастыратын фактор болып табылады.

Қазақстан халықтарының бірлескен өміріне және өзара қатынасына ерекшеліктерін және жағдайларына педагогикалық тұрғыдан талдау жасап көрелік. Оның негізінде жастарды халықтар достығы, қазақстандық патриотизм және азаматтық рухында тәрбиелеудің міндеттерін және мазмұнын анықтаймыз.

Қазақстан - дүниежүзіндегі ірі көп ұлтты мемлекет, онда қайталанбас ерекшелігі бар материалдық және рухани мәдениеті бар жүзден астам ұлт пен ұлыс тұрады. Оның территориясы 2717,3 мың кв.м. халқы – 17,1 млн., адам. Қазақтар – Қазақстан Республикасының негізгі тұрғындары, әлемдегі жалпы саны 13 миллионнан асады, исламдық суперөркеніеттің солтүстік шығыс жағын мекендейді, діні жағынан ханифиттік мағынадағы мұсылман суниттер, Алтай тіл бірлестігінің түрік тобының қыпшақ топтамасына жатады.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін өзінің сыртқы саясатын ұлттық-мемлекеттік мүддесіне сай жүргізе бастады. Ол дүниежүзілік қауымдастыққа дербес субъекті ретінде белсене кірісуде. Мұның жарқын дәлелі – 1992 ж. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі болуы. Еліміздің Хельсинки келісіміне қосылуы, СШК-1 Шартына, Лиссабон хаттамасына қол қоюы және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа енуі оның халықаралық беделін нығайтып, егемендігін, қауіпсіздігін және шекараларын мызғымастығын баянды етті. Бұған АҚШ-пен “Демократиялық серіктестік туралы хартияға” қол қоюы, НАТО-ның “Бейбітшілік мүддесіндегі серіктестік” бағдарламасына қосылу, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания және Қытай сияқты ядролы державалардың Қазақстанға берген қауіпсіздік кепілдіктері жәрдемдесті.

Республиканың негізгі әлемдік валюта қорына, Бүкіл дүниежүзілік банкіге, Еуропалық қайта құру және даму банкісіне енуінің маңызы зор. Сондай-ақ Еуропалық одақпен серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Еліміз Азияның он елін біріктіретін экономикалық ынтымақтастық ұйымында белсенді түрде жұмыс істеуде.

Қазақстан БҰҰ-ның Босқындар істері жөніндегі басқармасымен, әйелдер және балалар қорларымен, басқа да құрылымдарымен жүйелі байланыс орнатқан. Республика тиісті халықаралық институттарымен, бірінші кезекте ЮНЕСКО-мен қайыымдылық және мәдени салаларда тығыз байланыс жасап отыр.

Елімізді қазір дүние жүзінің 120 мемлекеті таныды, олардың 105-мен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Шетелдерде 29 елшілік ашылып, халықаралық және ұлттық ұйымдардың 16 өкілділігі жұмыс істейді.

Бұдан Қазақстан бүгін және болашақта әлем халықтарын, мәдениеттер мен конфессияларды етене жақын етуге үндейтін өркениеттер арасындағы диалогты әрі қарай дамытуға әркез дайын тұрған іргелі ел екендігін көруге болады.

Қазақстан қазір экономикалық, саяси және ұлтаралық қатынас дамуында жаңа кезенді бастан өткізуде. Біртұтас мемлекеттің территориясын да халықтардың бірлесіп өмір сүруі, олардың өмірлік мүддесінің және тарихи тағдырының бірлігі халықтардың рухани өмірінде, мәдениетінде, психологиясында көптеген ортақтық қалыптастырады. Осыдан келіп елдің азаматтары Қазақстанды бәріне ортақ Отан ретінде қабылдайды.

Оны ислам, православие, буддизм, иудаизм т.б. бейбіт өмір сүріп жатқан ел ретінде қарастырады. Осындай этноәлеуметтік жағдай адамдарда қазақстандық сезімін және санасын қалыптастыруға мүмкіншілік жасап отыр.

Азаматтарда патриотизмді және ұлтаралық қарым-қатынасын тәрбиелеуге соңғы жылдары Қазақстандағы экономикалық, саяси және ұлтаралық қатынастарда болған түбегейлі қайта құру мәнді әсер етуде.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру басқару жүйесі өзгеріске түсуде, онда барған сайын орталықтандыру азая түсуде.

Елде саяси өмірде плюрализм және ұлтаралық қатынастарда әр түрлілік орнығуда.

Қазақстан халықтарының ұлттық идеясы Қазақстан Республикасының тұтастық, қазақстандықтардың бірыңғай мемлекеттің азаматы деген идеямен байланысты. Қазақстандықтардың жалпыұлттық идеясы мыналарды ұйғарады: халықтың өзіндігін сыйлау; халықтардың өзара тең және өзара пайдалы ынтымақтастығын мойындау; нәсіліне, ұлтына және дінге деген қатынасына қарамай азаматтардың құқығын және еркіндігін жүзеге асыру; адамның ұлттық абыройын қорлауға жол бермеу; ұлттық, нәсілдік және діни жеккөрушілікті насихаттауға тыйым салу; ұлтаралық қатынастарды бейбіт құралдармен реттеу; ұлтаралық бейбітшілікті және келісімді қамтамасыз ету; елдің тұрғындарын халықтар достығы, ұлтшылдықты, расизмді, шовинизмге жеккөрінішті рухта тәрбиелеу. Еліміздің халықтарының достығы және рухани бірлігі қазақстандық мемлекеттіліктің тірегі болатын қазақ халқының ұлттық хал-жайына көбіне көп байланысты.

Қазақстан халықтарының өрлеуі және дамуы елдің көпұлтты халықтың біріктіруші негізі қазақ халқының өрлеуімен және дамуымен өзара байланысты. “Ең алдымен мемлекет құраушы этнос ретіндегі қазақтардың ролін ұмытпауымыз керек. Қазақстанның тәуелсіздігі - қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтіруге тиіс емес. Қазақ ұлтының өз мәдениеті мен тарихын, ұлттық төлтума болмысын жаңғыртуға деген ұмытылысына Қазақстанның басқа ұлттары азаматтарының тарапынан құрметпен қарау елдегі тұрақтылықтың стратегиялық негізі мен азаматтары арасындағы сенімнің факторы болып табылады”(6).

Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте ғана емес, біздің көзіміз жетіп отырғандай, ұлттық мемлекеттің түрлеріне байланысты өзгерістер кезеңнің басынан кешіп отырған барлық мемлекеттердің ішінде бүкіл қоғамда татулық пен ауызбіршілікке алып келетін салиқалы да дәйекті мұндай ұлттық саясат мысалдары некен-саяқ. Бұл ретте аталған осы санаттағы елдер арасында халықтың этникалық құрылымының күнделігі жөнінен Қазақстанмен салыстыруға келетіндер бірен-саран ғана.

Қазақстан мемлекетінің саясаты болып жатқан өзгерістерлі ескеруге және ХХІ ғасыр құндылықтаодың алға қояр талаптарының аясында сенімді стратегия сомдауға тиіс. Ал мұндағы ең бастысы - өзінің сәйкестілігін сақтау. Әңгіме халықтың мынау шапшаң өзгеріп отырған дүниеде өзін сақтап қалу қабілеті тереңдігінде болып отыр.

Елбасы Н.Назарбаевтың пікірінше, тұтастай алғанда, Қазақстанда ұлтаралық қатынастарды реттеу принципті түрде өзгеріп отырған мынадай жағдаяттарды мұқият түсінуіне негізделуі керек. Біріншіден, саяси демократияландыру мен экономикалық ырықтандыру адамдардың мінез-құлқына жаңа нақыш енгізеді және олардың арасында жаңа қарым-қатынастар орнықтырады. Бұл өзгеру ұлтаралық қарым-қатынастарға да әсерін тигізеді. Егер осы ықпалдың негізгі бағытын айқындайтын болса, саяси және экономикалық ырықтандыру тұтастай алғанда Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынастарға оңды әсерін тигізді деп айтуға негіз бар.

Екіншіден, елде ашық қоғам орнатылып жатыр. Сөз бостандығын практикада жүзеге асырып отырғанда ұлттық қарым қатынастарды жабық қоғамның үрдісі бойынша реттеуге болмайды. Өз кезінде ұлтаралық қарым-қатынастар проблемалары талқылануға тиіс.

Үшіншіден, XX ғасырдың соңғы он жылдығында, Қазақстанның дамуы ұлтаралық шиеленіс сілкіністеріне сәйкесінше әрқашан да тақсыретті, әрі тізгін бермес қажеттілік жоқ екенін көрсетіп берді. Бірақ аса күрделі өтпелі кезеңді бастан кешіп отырған Қазақстанның да тәжірибесі бар ғой, алайда біз ұлттық қарым-қатынастарды реттеудің белгілі бір практикалық тәжірибесін жинақтай отырып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қала алдық (6). Педагог елдің этнодемографиялық, мәдениетаралық, конфессиялық және дінаралық жағдайды біліп, тәрбиелеу процесінде оларды ескеру керек.

Әдебиет

1. Казьмина О.Е., Пучков П.И. Основы этнодемографии. М., 1994.

2. Казахстан: первая национальная перепись населения (национальный состав). Алматы, 2000.

3. Қазақстан халықтары Ассамблеясының 4 сессиясы. // Ақиқат. №7, 1997.

4. Потенциальные этноконфликты в Казахстане и превентивная этнополитика. Алматы, 1997.

5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. А., 1995.

6. Назарбаев Н. Қоғамды бейбітшілік, ізгілік мұраттары, сындарлы түсіністік негізінде топтастырайық. // Ақиқат №7, 1997.

5 ТАРАУ. САНЫ АЗ ХАЛЫҚТАР, ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ, ЭТНИКАЛЫҚ ТОП, ДИАСПОРА, ИММИГРАНТТАР, БОСҚЫНДЫҚ ӨМІРІ ЖАҒДАЙЫНДА ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Дүниежүзілік елдерде көптеген ұлттар өкілдерінің бірге тұруы ешқандай проблема туғызбайды деу қате болар еді. Олар, әдетте, республикаларға өз атын берген халық пен басқа ұлттар өкілдерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеу қажеттігімен байланысты. Азаматтардың біразы сол республикада туып-өскен және онда ұзақ уақыттан бері тұрады, енді біреулері мұнда жуырда келген, үшінші біреулері өткен ғасырда жақсы орын іздеп жаңа қонысты мекен еткендердің ұрпақтары және т.б. Олардың біреулері жергілікті халықтың тілін, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін жақсы біледі, енді біреулері біле бермейді. Республикада тұратын барлық ұлттар азаматтардың толыққанды, ең алдымен рухани өмірі үшін қажет жағдайлар жасау керек.

Ұлттық сезімдерге, көңіл-күйге, адамдардың қажеттеріне әдеппен, мұқият қарау үкімет орындарында, қоғамдық ұйымдарда үнемі назарда болу керек. Ұлтаралық қатынастардың жоғары мәдениетін орнықтыру жолындағы күрес - біздің қоғамдық ахуалды сауықтыру жөніндегі жұмысымыздың құрамдас бөлігі. Міндет халықтар арасындағы қатынастарда қалыптасқан интернационалистік нормаларды жеке адамдар арасындағы қатынастардағы күнделікті практикаға айналдыру болып отыр. Мұнда шешімін таппаған міндеттер әлі де аз емес. Елбасы, мемлекеттік құрылымдар ұлт проблемасына формальды түрде қарауға батыл қарсы шығады, елдің тұрғындарын ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті мен қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге ойлы көзқарасты талап етеді. Ұлттық қатынастар саласындағы жұмысты жаңа сатыға көтеру барлық жерде бұл салаға назарды күшейтуге, келеңсіз құбылыстарға қарсы күрестің сенімді жолдарымен әдістерін таңдап-белгілеуге жәрдемдесуге тиіс.

Полиэтникалық Қазақстан үшін ұлттық азшылықтың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау бірінші дәрежедегі мәселелердің бірі болып табылады. Қоғамымыздағы этникалық азшылықтың орны мен ролін дәл анықтау, талдау үшін қандай

әлеуметтік топтарды этникалық азшылыққа жатқызатынымызды анықтап алу керек. Р.Әбсатаровтың, Н.Байтенованың т.б. еңбектеріне сүйене отырып, біз этникалық азшылықты диаспора ретінде анықтаймыз, яғни өз этникалық мемлекетінен тысқары өмір сүріп жатқан тұрғындардың тобы.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтық актілерге сәйкес этникалық азшылықтың заңды қызығушылықтарын және құқықтарын сақтаудағы және қорғау аясында белгілі бір саясатты жүргізуде. 1965 жылы қабылданған БҰҰ Генералдық Ассамблеясы нәсілдік алалаушылықтың барлық түрін болдырмау туралы Конвенция, 1992 жылы қабылданған ұлттық, этникалық және тілдік азшылыққа жататын адамдардың құқы туралы Декларациясы елімізде ратификация жасалмаса да оның біраз қағидалары Ата заңымызда және басқа да нормативтік - құқықтық актілерде ескерілген.

Республикамыздың Негізгі Заңын сөз еткенде оған демократиялық елдерде көрсетілген құқықтар мен бостандықтардың кейбірі кірмей қалған ғой деген ой тууы мүмкін. Шынында да ол солай. Бірақ бұл жерде еліміздің өтпелі кезеңде тұрғанын, демократиялық жолға жаңа қадам басқанымызды, көп кепілдікті беруге республикамыздың әлі материалдық жақтан, я басқа жақтан болсын, әлі шамасы келмейтінін естен шығармақ керек. Келешекте олар төлқұжатымызға кіретініне сенеміз.

Ұлттық, этникалық және тілдік азшылыққа жататын адамдардың құқы туралы Декларация көп ауқымды және универсалды құжат бола тұрып, азшылыққа жататын адамдардың мынадай құқықтарын белгілеген: өз мәдениетін дамыту; өз дініне сену және оның жоралғыларын жасау; қарым-қатынаста өз тілін қолдануға; өзі жататын азшылықтың мәдени, қоғамдық, діни, экономикалық және саяси өміріне және оған байланысты шешім қабылдауында белсене қатысу; өз бірлестіктерін құру және оның әрекетін басқару; ұлттық, діни немесе тілдік ортақтығы бар басқа елдің азаматтарымен еркін байланыс орнату.

Этникалық азшылықтың құқықтарын және заңды қызығушылықтарын қорғауда Қазақстан Республикасының Конституциясының мына баптарының үлкен маңызы бар:

- мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрету мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды /7 бап, 3 тармақша/;

- әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататын өзі анықтауға және оны көрсету - көрсетпеуге қақылы /19 бап, 1 тармақша/;

- әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар /19 бап, 2 тармақша/ (1).

Осы орайға байланысты Конституциясының 39 бабының 2 тармақшасы өте маңызды, онда “ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет Конституциялық емес деп танылады” деп көрсетілген.

Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы теориялық негізінің және тұжырымдамалық алғы шартының айқындаушы компоненттерінің бірі – санына қарамай әрбір этнос бүкіл адамзат үшін орасан құндылық, оның баға жетпейтін игілігі және бірегей бөлігі деген қағида болады. Әрбір демократиялық мемлекеттің ұлттық саясаты халықтың өз тағдырын шешуші заң түрінде белгілеп қоймай, ол заңдарды практикада орындауға шынайы жағдайды қамтамасыз етуге тиісті, яғни аз санды этностарды, этникалық топтарды және ұлттық азшылықты, олардың мәдениетін, төлдігін және тілін сақтауға, қорғауға ерекше қамқорлық жасау керек.

Қазақстанда қазір 130-ға жуық ұлттар мен ұлыстардың, этникалық топтардың өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың әрқайсысы өз ұлтының көркеюін қалайды, өз ана тілінде сөйлегілері келеді, өздерінің балаларын, немерелерін өз ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениетіне сай тәрбиелеп, баулығылары келуі – табиғи, заңды нәрсе. Сондықтан осы атамекеннің иесі - қазақ халқы республикамыздағы басқа халықтардың басын қосып, оларға ұйтқы болып, бір қоғамға топтастыруға тырысқанамыз абзал. Біз Қазақстан Республикасын мекендеуші әр халықтың санасына “қазақстандық ұлтжандылық”, “жалпы-қазақстандық мақтаныш” рухын, сезімін оятып, қалыптастырғанамыз жөн. Мұның бәрі дұрыс жүргізілген ұлттық саясат нәтижесінде ғана іске асады.

Бүгінгі таңда елімізде осыншама ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тату-тәтті бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп, бүкіл әлемге келісімнің үлгісін паш етіп отыр. Қазақ жеріне әр түрлі себептермен көптеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің қоныс аударуының әріден келе жатқан тарихы бар.

Қазақстанның көп этносты мемлекетке айналуының негізін патша өкіметі қалады.

Ішкі ресей губернияларынан жерсіз, жері аз крестьяндардың қазақ даласына, Сібірге топ-тобымен қоныс аударуы ХІХ ғасырдың жетпісінше жылдарында жүзеге асырыла бастады. 1868 жылдан 1880 жылға дейінгі 12 жыл ішінде Жетісу облысына 3,324 отбасы көшіп келіп, қоныс тепті.

Одан әрі бұл процесті тездете жүргізген кеңестік тоталитарлық режим болды. Соның салдарынан еліміздің халқының құрылымы үлкен өзгерістерге түсті.

Ұлы Отан соғыс жылдарында Қазақстанға эвакуацияланған аудандардан 1 миллионнан астам адам келді.

Қазақстандықтар 1954 жылы көктемде тың игеруді бастады. Тың жерлерді игеру жылдарында Қазақстанға еліміздің түпкір-түпкірінен 640 мыңнан астам адам келді.

Кәрістер - бұрынғы Кеңес Одағындағы ұлттық азшылық. Олар Ресейдің Қиыр Шығысында өмір сүрді, бірақ 1937 жылы репрессияға ұшырап, Орталық Азияның және Қазақстанның жеріне депортацияланады. Осы акцияға байланысты өмірдегі шырғаландар олардың тілін, мәдениетін және дәстүрлерін дамытуға кеселін тигізсе де кәрістер өзіндік сана-сезімді сақтап қалды. Бұрынғы совет кәрістерінің негізгі бөлімі, яғни 435650 адамы Ресей, Қазақстанда және Өзбекстанда тұрып жатыр.

Енді парсылардың Қазақстанға қалай келгенін қарастырайық. 1938 жылға дейін парсылар КСРО аймағында емін – еркін кіріп жүрген. Бірақ, Кеңес одағы түрлі себептермен осы жылы шекараны жауып тастағандықтан, парсы халқының біраз өкілдері КСРО-да қалып қояды.

Парсылардың КСРО аумағына екінші рет көп болып келген кезі 1946-1947 жылдар. Кейін олардың біразын Архангельскідегі лагерьге әкеледі. 1950 жылдың наурызында ғана өкіметтің рақымы түсіп, лагерьден босатып, Қазақстанға жер аударды. Сөйтіп, Қазақстанға келгендердің арқасында ғана парсы халқының өкілдері түгел қырылып кетуден аман қалады. Етек-жеңі мол, құшағы кең қазақ халқы оларды жау көрмей, барынша көмегін тигізеді. Міне, қазіргі Қазақстанда тұрып жатқан парсылар солардың ұрпақтары.

Қазір республикада олардың саны 2869 адам. Соның ішінде ең көп тараған өңірі Оңтүстік Қазақстан облысы. Ондағы парсылардың саны 2312 адам, одан кейін көп тараған жерлері Жамбыл облысында – 116 адам, Алматы қаласында – 166 адам. Еліміздің басқа өңірлерінде парсылардың саны тым мардымсыз. Бірақ олар Қазақстан халқының тең құқылы бір өкілі ретінде басқалармен терезесі тең жағдайда өмір сүріп жатыр. Шымкент қаласында ұлттық мәдени орталықтары тіркелген. Онда тілдерін дамытуға, ұлттың дәстүрлері мен тарихын тануға мол мүмкіндік бар.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет болса, міне бүгін көп дінді мемлекет болып отыр. Діни конфессия, ұйымдар ішінде Қазақстан халқына әуелден таныс ислам және православие діндерімен бірге бағыт-бағдары да, дәстүрі де олардан өзгеше дін түрлері көптеп кездеседі және олар көпұлттылығымен ерекшеленеді.

Қазіргі кезде бізде 40-тан астам конфессия мен деномацияның атынан өкілдік танытатын діни бірлестіктердің саны – 3004. Діни бірлестіктердің негізгі діндер мен ағымдар бойынша қазіргі өкілдік саны және олардың 1990 жылғы көрсеткіштері /жақшада/ мынадай: Ислам – 2651/46/, Орыс православие шіркеуі – 245 /62/, Рим- католик шіркеуі – 79 /42/, Евангелиялық христиан – баптистер – 254 /168/, Лютерандар – /171/, Жетінші күн адвентистері – 63 /36/, Иегова куәгерлері – 107 /27/, Пятидесятниктер - 45 /42/, ал жаңадан құрылғандар саны/жаңа протестанттар бахаилер кришнаидтер т.с.с. /-446 /13 /және басқа аз санды діни құрылымдар – 43.

Діни бірлестіктердің 2237 ғимараты бар, олардың 1537- сі - мұсылман мешіті, 714- і православие, католик, протестант, иудейлердің шіркеуі, костелі, синагогы мен ғибадат үйі. Сөйтіп елімізде БҰҰ Генералдық Ассамблеясының ұлттық, этникалық және тілдік азшылыққа жататын адамдардың құқы туралы Декларациясының “өз дініне сену және оның жоралғыларын жасау” қағидасы іс жүзінде асырылуда.

Қазақстанда барлық этностар топтардың тілі мен мәдениетін жаңғыруға көп көңіл бөлуінде. Соның бір айғағындай, елімізде 100 ұлттық мектеп, 170 жексенбілік мектеп, 19 ұлттық газет, 471 ұлттық-мәдени орталық және 6 ұлттық театр жұмыс істейді.

Тілдік саналуандық Қазақстанның медиа кеңістігінде де қалыптасқан ерекше құбылыс. Республикамызда қазақ және орыс тілдерімен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары 11 тілде: соның ішінде украин, поляк, ағылшын, неміс, корей, ұйғыр, түрік, дүнген тілдерінде шығады. ұлттық диаспоралардың “Коре ильбо”, “Уйгур авази”, “Дойче альгемайне цайтунг” сияқты басылымдарына үнемі мемлекет тарапынан қолдау көрсетеліп келеді.

Этномәдени бағдарламаны жүзеге асырғанда мынадай білім берушілік және тәрбиелік міндеттер туындайды:

- ұлттық тілінде тәрбиелейтін мемлекеттік емес /қоғамдық/ білім беру мекемелерін құру немесе осындай мекемелерде топтар ұйымдастыру;

- ұлттық тілде оқытатын мемлекеттік емес /қоғамдық/ білім беру мекемелерін /жалпы білім беретін, бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беретін/ құру;

- ұлттық тілінде білім алуды қамтамасыз ету үшін оқу бағдарламаларын жасап, оқулықтар, әдістемілік құралдар жазылу керек;

- мемлекеттік емес /қоғамдық/ ұлттық мәдениет мекемелерін құру: театрлар, мәдени орталықтар, мұражайлар, кітапханалар, клубтар;

- шығармашылық одақтары, кәсіптік және өнерпаздық, өнер ұжымдарын, ұлттық мәдени мұраны зерттейтін үйірмелерді ұйымдастыру;

- ұлттық мәдениет аясында бұқаралық шараларды өткізу: фестивальдар, байқаулар, көрмелер;

- ұлттық өлкетануды ұйымдастыруға, ұлттық тарих және мәдениет ерекшеліктерін қорғауға септігін тигізу;

- ұлттық тілде тарихи, көркем өнер, саз, фольклор, этнографиялық әдебиеттерді басып шығару;

- ұлттық мәдениет аясына және педагогикалық кадрлар даярлайтын мемлекеттік емес /қоғамдық/ білім беру мекемелерін құру.

Еңбек және тұрғындарды қорғау министрлігінің миграция бойынша комитетінің мәлімдемесі бойынша әр түрлі жылдары түрлі себептермен Қазақстаннан кетіп қалған басқа ұлттың азаматтарының біразы қайта оралуға ниет білдірген. 1991 жылдан 2004 жылдары Қазақстаннан шет елдерге 3 млн. 289 мың адам

кетіп, бір миллион 157 мың адам келген. Эмиграцияның азаю үрдісі 1995 жылдан басталып, 2004 жылы бірінші рет оң сальдоға қол жетілді, яғни елге келгендердің саны кеткендерден 3381 адамға асып түсті.

Көші-қон және босқындар мәселесі – бұл әлемдік мәселе. Осыған орай Халықаралық Көші-қон ұйымы, БҰҰ Босқындар жөніндегі комиссия құрылған.

Жалпы көші-қон және босқындар проблемасы бүгін ғана туындап отырған мәселе емес. Бұл адамзатпен бірге жасасып келе жатқан күрделі үрдіс. Оның үстіне бұл мәселені бір мемлекет шеше де, жасай да алмайды.

Соңғы жылдары миграциялық үрдіс белсенді бола түскенін көруге болады. Егер 1998 жылы Қазақстанға әр түрлі мақсатпен 60 мың шетелдік азамат келсе, былтыр бұл көрсеткіш 1 миллионға, ал 2005 жылы 3 миллионға жетіп отыр.

Бүгінде Қазақстанда Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан т.б. елдерден заңсыз 300 мыңға жуық адам келіп, жұмыс істеп жүр деген мәлімет бар. Олардың біздің елге көп келіп жатқаны экономикалық мүмкіндіктің бар екенін және елдегі жағдайдың тыныштығын көрсетсе керек.

2005 жылдың қыркүйек айында ҚР Парламенты Сенаты мен Еуропа Кеңесі парламенттік ассамблеясы көші-қон, босқындар және демография мәселелері жөніндегі комитетінің ұйымдас-тыруымен көші-қон жөніндегі 1 Еуразиялық парламенттік форум болып өтті. Онда ҚР Парламенті Сенатының атынан Қазақстан демократиялық дамудың қағидаларын ұстанатынын, көші-қон және босқындар проблемаларын шешудің негізін құрайтын мәселелерге ерекше назар аударатынын, сөйтіп, еліміздің БҰҰ Жарғысы мен Адам құқының жалпыға ортақ декларациясының мақсаттары мен қағидаларынан айнымайтынын айғақтап отыратындығы мәлімделді.

Елімізде көші-қон мәселелерін шешу үшін нақты шаралар анықталып, көші-қон саясатының тұжырымдамасы, “Халықтың көші-қон туралы” Заңы мен “Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық ережелері туралы” Президент Жарлығы қабылданды.

Саны аз халықтар, ұлттық азшылық, диаспора жағдайында ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу азаматтық мәселесімен тікелей байланысты. КСРО күйрегеннен кейін оның

орнына тәуелсіз елдер пайда болған соң, біраз адамдардың “басқа” мемлекеттерде қалып қойғаны да шындық. Соңғы он жылдан аса уақыт ішінде көп адам өзінің тарихи отандарына оралды. Бірақ әлі де басқа елдерде қалып қойғандар бар. Олардың проблемасын жоққа шығаруға болмайды. Сол проблемалардың бірі - азаматтық проблемасы. Мысал ретінде Ресей мен Түркіменстанды келтіруге болады. Екі ел президенттері В.Путин мен С.Ниязов 2003 жылы 10 сәуірінде қос азаматтық туралы келісімді тоқтатуға шешім қабылдаған еді. Соған орай Түркменстан президенті 22 сәуірде жарлық шығарып, енді екі айдан кейін өз еліндегі азаматтар тек біреудің ғана азаматтығына тоқтатуға тиіс деген шешім жасады. Бірақ мәскеудегі кейбір күштер айқай шығарды: Түркіменстан басшысының шешім бұл елдегі орыстардың құқын шектегендік деп Мемлекеттік дума арнайы шешімі қабылдады. Тіпті кейбір депутаттар Түрменстанға күшті қай жақпен апаруды да ойластырып жатты. Сөйтіп, азаматтық мәселесін барынша парасаттылықпен шешу орнына, мәселені шиеленістіріп, қиындап жіберді /Егемен Қазақстан 18 шілде 2003/.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық мәселелерінің негізі Конституция / барлық азаматтарының теңдігі, олардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру, азаматтығын алып тастауға жол бермеу т.б./ мен “Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы” Заң арқылы реттеледі. Заң бойынша, Конституция мен мемлекетаралық келісімдерге қарастырылғаннан басқа жағдайларда, қос азаматтылыққа жол берілмейді. Конституцияның 4 бабына сәйкес, басқа мемлекеттерде тұратын, республика аумағынан тысқары жерге кеткен барлық республика азаматтарын, егер, өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің заңдарына қайшы келмесе, басқа мемлекет азаматтығына қоса Қазақстан Республикасының азаматтығын алу құқығы танылады. Заңның нақты пункті бойынша қайсібір мөлшерде бұл қазақ емес ұлттардың құқығын шектейді деген пайымдаулар айтылып жүр. Бұл пікірдің негізсіз еместігі заң шығаруларды ойландыруы тиіс дегіміз келеді.

Қазақстан азамттарының азаматтықты алу негіздері - шығу тегіне, әлеуметтік және әулеттік жағдайын, қай тек пен ұлтқа жататындығына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге қатысына, саяси және басқа сенімдеріне, іс-қызметінің түрі мен сипатына, тұратын жері мен басқа жағдайларына қарамастан, заң алдында бәрі тең.

Қазақстан Республикасының азаматы болып 1992 жылғы 1-ші наурыздағы азаматтық туралы Заң күшіне енген күнге дейін оның аумағында тұрақты тұрып келген немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын “Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы” Заңға сәйкес алған тұлғалар саналады. Азаматтық: туған кезінде азаматтықты алуы нәтижесінде; Қазақстан Республикасының мемлекетаралық келісімдерінде қарастырылған негіздер бойынша; азаматтық туралы Заңда қарастырылған басқа негіздерге сүйеніп алынады.

Ата-анасы туғанына дейін Қазақстан азаматтығында тұрған бала қай жерде туғанына қарамастан, Қазақстан Республикасының азаматы болып саналады. Егер туған сәтіне дейін ата-анасы Қазақстаннан тысқары жерде тұрса, баланың азаматтығы жазбаша түрде білдірілген ата-ананың келісімі бойынша анықталады. Егер бала туған сәтте ата-ананың бірі Қазақстан азаматтығында тұрса, болмаса, ол республика аумағында немесе одан тысқары жерді туса, бірақ ата-анасының біреуі осы кезде Қазақстан аумағында тұрақты мекендеген болса, бала республика азаматы болып табылады.

Басқа мемлекет азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар олардың өтініштері бойынша Заңда көрсетілген шарттар негізіне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына алынуы мүмкін. Сонымен қатар, тұрақты отырудың шегі көрсетілген – республика аумағында ең кемі 10 жыл тұруы немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына алынуы мүмкін. Сонымен қатар, тұрақтап отырудың шегі көрсетілген – республика аумағында ең кемі 10 жыл тұруы немесе Қазақстан азаматтарымен некеге тұруы шарттары ескерілген. Аталған шарттар балиғатқа толмағандар мен есі ауысқандарға, Қазақстан алдында айрықша еңбектері сіңген, оның аумағынан саяси себептермен кетуге мәжбүр болған тұлғалар мен олардың ұрпақтарына жүрмейді. Азаматтық мәселесі халықаралық келісімдер арқылы да (мысалы, Қазақстан аумағында әскери қызмет ететіндердің азаматтығы туралы, қос азаматтық туралы мәселе т.б.) шешіледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығы төмендегі негіздерге қатысты тоқтатылады: азаматтықтан шығуы немесе одан айырылуы себепті. Азаматтық мәселесі туралы барлық шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

1993 жылдың екінші жартысы республика ұлттық валютаны енгізуге байланысты ұлтаралық шиеленістің өршу жағдайында өтті. Баспасөз беттерінде Қазақстанда “белгілі бір деңгейде Қазақстанның байырғы емес халықтарының конституциялық құқықтарына қысым жасауға бағытталған меңгерілген тәжірибесі өмір сүріп отыр” деген дәлелдеулер айтылды. “Иммиграция туралы” Заң да сыналды, сондағы желеу етілгені – ол алыс және таяу шетелдерден қазақтардың республикаға көшіп келуіне үлкен жеңілдіктер беріп, орыс тілділерге қысым жасайды - мыс деушілік. Осының бәрі республикадан орыс тілді халықтарын жаппай қоныс аудару бастауына әсер етті.

Сол жылдардағы әлеуметтік зерттеу мәліметтері бойынша, қараша айының ортасында орыс тілі халықтарының 15,2% көшіп-қонуға шешім қабылдап қойса, 19,2%-ы бұл туралы ойлануда екен. Негізгі халықтан басқа тұрғындардың Қазақстаннан қоныс аударуын тежелудегі тиімді шара ретінде қос азаматтықты енгізу ұсынылды. 1993 жылдың аяғында Алматы, Қарағанды, Жамбыл, Семей, Петропавлск, Ақмолада “басқа ұлттарға” қос азаматтықты енгізуді орыс тілді халықтардың /81,4%-1/ көпшілігі ғана емес, /40,2%/ қазақтар да қолдады.

Мұндай көңіл-күй ауанын ескере келіп, республика Президенті 1993 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының азаматтығын алудың жеңілдетілген тәртібін белгілеу туралы Жарлық шығарды. Соның ішінде, Қазақстанда тұрақты мекендеудің заңмен белгіленген мерзімі 10 жылдан 5 жылға шегерілді, оның азаматтығын алу мерзімі 1 жылға ұзартылып, сол уақыт ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығында өзіндік тұрғысы келмейтіндігін мәлімдеуге болатын болды.

Азаматтық мәселесін реттеуге байланысты келесі қадамдар Қазақстан Республикасы Президентінің Ресей Федерациясына ресми сапары барысында жасалды. 1994 жылдың 28 наурызында мемлекет басшыларының қолы қойылған “Ресей Федерациясының аумағында тұрақты мекендейтін Қазақстан

Республикасының азаматтары мен Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты мекендейтін азаматтардың құқықтық мәртебесі мен азаматтыққа байланысты мәселелерді шешудің негізгі принциптері туралы Меморандум” елден-елге мекен ауыстыруда екі жақты азаматтық алу

процедурасының барынша жеңілдетілуін, кедендік ережелер мен визасыз жүріп-тұруды қамтамасыз етуді, екі ел аумағында да азаматтардың меншік және басқа да құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруді көздейді.

Азаматтық институты – мемлекет егемендігінің маңызды көріністерінің бірі. Азаматтық құқық күшіне орай, адамға мемлекеттің нақты заңдары жүреді, ол барлық құқықтар мен міндеттерді толық пайдалана алады, мемлекет қорғауында болады. Әлемдік тәжірибе адамның, әдетте бір мемлекеттің азаматы болатындығына көз жеткізеді. Әйтесе де, бипатрид аталатындар, яғни, бір мезгілде екі мемлекетті де азаматтықта тұратын тұлғалар да аз кездеспейді. Негізінде халықаралық құқықта қос азаматтыққа рұқсат етілген, бірақ кез келген жеке жағдайда бұл проблема мемлекеттілік заңдылықтар арқылы шешіледі. Қос азаматтық проблемасы КСРО ыдырауы жағдайында ерекше өткірлікке ие болды.

Қазақстандағы барша қайта жаңғыртулар адам игілігі үшін жасалып жатыр. Өзінің құқығы мен бостандығы бар адам бірінші орынға қойылған. Мысалы, Қазақстан Республикасы мойындаған халықаралық адамның жеке бас құқығы мен бостандығы туралы құқық нормалары республика аумағында оның ішкі заңдарынан биік тұрады. Конституция мен республикалық заңдарда жарияланған құқықтар мен бостандықтарды республика азаматтарының барлығы толық көлемде пайдалана алады.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. А., 1995.
2. Қазақстан Республикасының “Иммиграция туралы” заңы. А., 1993.
3. Сарсенбаев Т. Культура межнационального общения. Алматы, 1998.
4. Сужиков М. Напряженность или гармонизация? /Развитие межнациональных отношений в Казахстане/. Алма-Ата, 1991.

2 БӨЛІМ

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

6 ТАРАУ. ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҰСТАНЫМДАРЫ

Адамның тұлғалық қалыптасуы қоғамның өмірінің жағдайымен анықталады. Тәрбие деп саналы түрде жас ұрпаққа берілетін және олардың меңгерген әлеуметтік тәжірибесі, қоғам жинақтаған білім және еңбек іскерліктері түсініледі. Қоғамның пайда болуымен тәрбие де пайда болды және оның дамуының барлық кезеңінде ажырамас функциясы болды. Тәрбие мынадай белгілермен сипатталады: мақсатты бағытталғандығы және ұйымдасқандығы; елдің және дүние жүзінің әлеуметтік - мәдени даму деңгейіне сәйкестігі; тәрбиеленушіге ұйымдастырылған әсердің болуы.

Философияда мақсат адамның мінез – құлығының және саналы әрекетінің элементтерінің бірі болатыны көрсетілген. Ол әрекеттің нәтижесін ойда жоспарлап және оны белгілі бір құралдармен жүзеге асырудың жолдарын болжап қоюмен сипатталады. Ол адамның әр түрлі іс-әрекетін белгілі бір бірлілікке немесе жүйеге түсірудің тәсілі ретінде адамның іс-әрекетінің себебінің бір формасы ретінде көрініс табады.

Білім берудің және тәрбиелеудің мақсаттары қоғамның экономикалық саяси, мәдени дамуының жағдайларынан және сұраныстарынан туындайды. Оларда мемлекеттің өздерінің азаматтарында моральдық – этникалық және адами белгілерді қалыптастырудың әлеуметтік қазаы көрінісін табады. Көп ұлтты мемлекет үшін осындай қазадың құрамдас бөлігі - барлық азаматтарда халықтар достығы сезімін, қазақстандық патриотизмді және діни төзімділікті тәрбиелеу болып табылады.

Көп ұлтты елде білім берудің және тәрбиелеудің мақсаттарын қалыптастыру тұрғындардың этноконфессионалдық құрамының мүддесімен, халықтардың қарым-қатынасының сипатына сәйкес жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу мен білім берудің мақсаттары қоғамның өркениеттілігі, оның демократиялық сипатының деңгейін, психолого-педагогикалық ғылымның даму жағдайын көрсетеді.

Қоғам орындауға келетін мақсаттарды белгілейді. Ақылға сыйымды мақсат – бұл ұғынылған сұраныс және оның ұғынуының дәрежесі және формалары әр түрлі болады. Тек қана жақсы ұғынылған мақсат тәрбиешілерге дұрыс бағыт береді, олардың жетістікке жетуіне көмектеседі.

Дүние жүзіндегі ең бір көп ұлтты және көп конфессионалды Қазақстан үшін өз азаматтарында халықтар достығы сезімін, қазақстандық патриотизм және дінге төзушілікті қалыптастыру тәрбиенің және білім берудің маңызды мақсаты.

Мемлекет анықтаған тәрбиелеудің жалпы мақсаты - ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру тәрбиелеудің нақты міндеттері орындалып жатқан жүйеде /отбасы, оқу орындары, мәдениет мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар/ сараланып жүзеге асады:

- Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу – Қазақстанға және оның көп ұлтты халқына;

- Қазақстан халықтарының достығы сезімін және санасын тәрбиелеу; олардың тарихына, дәстүрлеріне, тілдеріне, мәдениетіне сыйлаушылық қатынасты қалыптастыру;

- ана тіліне, өз халқының мәдениетіне және тарихына сүйіспеншілікті тәрбиелеу; Қазақстан азаматы - патриоты сезімімен және санасымен ұштасатын ұлттық сезім мен сананы қалыптастыру;

- заң алдында бүкіл халықтар мен азаматтар теңдігінің санасын тәрбиелеу;

- сезім және өзіндік сананы қалыптастыруда ұлттықтың / этникалық /, жалпыұлттық–патриоттықты / қазақстандықты /, жалпыадамзаттықтың / рулық, тектік / ұштасуын қамтамасыз ету;

- саны аз халықтарға, ұлттық азшылыққа, этникалық топтарға, олардың тілдеріне, дәстүріне, өмір салтына сыйлаушылықты тәрбиелеу;

- диаспораға, иммигранттарға, босқындарға, олардың этномәдени сұраныстарына және мүдделеріне сыйлаушылық қатынасты тәрбиелеу;

- ұлтшылдық, шовинизм, расизм көріністерінің барлық формаларына ымырасыз қатынасты қалыптастыру;

- дінге төзімділікті және адамдардың діни сезімдерін сыйлаушылықты тәрбиелеу.

Ұстаным /принцип/ - бұл теорияның, ілімнің, ғылымның, дүниеге көзқарастың негізін қалаушы бастапқы қағидалар.

Ұстаным сонымен бірге адамның шындыққа, мінез-құлықтың және іс-әрекетіне қатынасын анықтайтын, оның ішкі сенімі болады.

Педагогикада тәрбиелеу ұстанымдары деп тәрбиелеу мақсатынан шығатын және ғылыммен анықталған теориялық қағидаларды, негіз салушы, фундаментальды идеяларды, бастапқы қағидалар мен талаптар жүйесін түсінеді, оларды орындау тәрбиелеу процесін нәтижелі қызмет етуін қамтамасыз етеді. Тәрбиелеу ұстанымдарында тәрбиелеу жұмысының мазмұнына, әдістеріне және құралдарына негізгі талаптар көрінісін тапқан.

Педагог тәрбиелеу міндеттерін шешкенде тәрбиелеу жұмысының ұстанымдарын басшылыққа алады. Солардың талабы тұрғысынан күрделі, жалпы немесе дербес, нақты мәселелерінің шешімін іздейді.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің ұстанымдары елде құрылған ұлтаралық, конфессияаралық қатынастарға мемлекеттің құрылымына, оның ұлттық саясатына тәуелді болады. Онда Қазақстанның мемлекеттік ұлттық саясатының ережелері мен бағыт бағдары және онда осы саясатта белгіленген ұстанымдар көрінісін табады. Ол ұстанымдарға жататындар:

- адамның және азаматтың оның нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатынасына, әлеуметтік топтарға және қоғамдық бірлестіктерге жататындарға қарамастан құқығының және еркіндігінің теңдігі;

- әрбір азаматтың ешбір мәжбүрлеуінсіз өзінің ұлтын анықтауға және көрсетуге деген құқы;

- Қазақстанның халықтарының ұлттық мәдениетін және тілдерін дамытуға мүмкіншілік туғызу;

- қарама-қайшылықтарды және тартыстарды дер кезінде және бейбіт шешу;

- мемлекеттің қауіпсіздігіне, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни араздықты, жек көрушілікті немесе өшпенділікті өршітуге тыйым салынады.

Педагогтар ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің ұстанымдарын басшылыққа алып жас ұрпақта халықтар достығы, қазақстандық патриотизм және дінге төзушілік сезімдерін тәрбиелеу арқылы Қазақстан халықтарының достық қатынасын нығайтуға тиісті.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті ұстанымдарына біз мыналарды жатқызамыз:

- ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуде білім беру және мәдениет мекемелерінің, қоғамдық ұйымдардың, БАҚ және отбасының іс-әрекетін қоғамдық және мемлекеттік реттеу;

- ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуде ұлттық қатынастардың сипатын ескеру;

- тәрбие процесінде тұрғындардың әр түрлі категориясының мектепке дейінгі, төменгі сынып оқушылары, орта және жоғары сынып оқушылары, студенттер, мемлекет мекемелерінің қызметкерлері, әскери адамдар т.б. ерекшеліктерін ескеру;

- әр түрлі ұлттың және нәсілдің адамдарына, олардың тарихи мұрасына, мәдениетіне және дәстүрлеріне гумандық, сыйлаушылық қатынас;

- тәрбиелеуде ұлттықты және жалпы адамзаттықты тәрбиелеуді ұштастыру;

- адамдар, халықтар нәсілдер, этникалық және топтар арасында өзара түсіністікті және ынтымақтастықты қамтамасыз етуге тәрбиелеудің бағытталуы;

- басқа халықтардың құндылықтарын қабылдауға даяр әрбір жаңа ұрпақта ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру;

- тәрбиелеуде әр түрлі халықтардың діни және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеру.

7 ТАРАУ. ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Әр түрлі ұлттың адамдарының қарым-қатынасын ұйымдастыру тәжірибесі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру процесінің құрамдас бөлігі болады.

Осы орайда, қарым-қатынастың екі деңгейде қарастырылатынын айта кетуіміз керек.

Бірінші деңгейдегі қарым-қатынаста қоғамдық қатынастар жүзеге асады. Олар өзіндік әлеуметтік – психологиялық жаққа ие болады және адамдардың қарым - қатынасында көрініс табады. Ұлттық қатынастар қоғамдық қатынастардың ерекше бөлігі ретінде көріністің жекелік формасын, әр түрлі ұлттың адамдарының қарым-қатынасы арқылы нақты жекелік - психологиялық түрде орын алады.

Екінші деңгейдегі қарым-қатынаста әр түрлі ұлттың және конфессияның адамдарының жеке аралық қатынастары жүзеге асады. Моральдық білім берумен қатар жүретін арнайы ұйымдастырылған ұлтаралық қарым-қатынас тұтас тәрбие берудің функциясын орындайды. Ол бойынша тұлғада адамгершілік сана және сезім қалыптасып, сонымен бірге ұлтаралық қарым-қатынастың тәжірибесі алынады. Осындай тәжірибені қалыптастыру процесі бір уақытта ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің де бөлігі болады.

Оң тәжірибені мақсатты бағытталған қалыптастыру қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу формаларында жүзеге асып жатады. Осыдан келіп “мәдениет”, “қарым-қатынас”, “ұлтаралық қарым-қатынас”, “мінез – құлық мәдениеті”, “қарым-қатынас мәдениеті” сияқты базалық ұғымдардың мәнін ашу қажет.

Мәдениет – бұл білімнің әр түрлі салаларын қамтитын жалпы теориялық, пәнаралық ұғым. Мәдениет деп адамдардың өзінің өмірлік іс-әрекетін ұйымдастыратын әлеуметтік алынған және бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өзгеріп жететін мәнді символдардың, ілімдердің, құндылықтардың, дәстүрлердің, мінез-құлық нормалар мен ережелердің жиынтығы (1; 30).

Мәдениет адамдардың өмірін және іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлеріне және формаларында, олардың қарым-қатынастарында көрініс табатын қоғамның дамуының тарихи анықталған деңгейі, адамның шығармашылық күштері және қабілеттері, олардың жасап жатқан материалдық және рухани құндылықтары ретінде қарастарады.

Мәдениеттің әр түрлі жүйелері бөлінеді: а) оқыту және тәрбиелеу процесінде алынған, тұлғалық жүйе, яғни тұлғаның адамгершілік, эстетикалық, кәсіптік, гуманистік, құқықтық мәдениеті; ә) қоғамдық практикада және санада бекітілген әлеуметтік жүйе. Ол материалдық заттармен, әлеуметтік орнатылымдарымен (институттарымен, дәстүрлермен) және рухани құндылықтармен; б) мәдениеттің локалдық жүйесі /өркениеттер/, олар территориялық, этникалық, саяси, тілдік, экономикалық, психологиялық орталықтың негізінде пайда болған /индиялық, қытайлық, славян, араб, солтүстік американдық, европалық және т.б.

Қазіргі кезде халықаралық, этносаралық мәдениеттің қалыптасуының процесі күшейді. Кең бұқараның әр түрлі халықтардың өмір салтына баулынуы, этникалық қауымдастықтардың мәдени құндылықтары, дәстүрлер туралы жаңа білімдердің таралуы шектеушілікті жоққа шығарып, әр түрлі континенттің халықтарының қарым-қатынасын үдетіп, этносаралық мәдениетті қалыптастырады. Ол индустриалдық – қалалық типтің мәдениетінің заттарында, мінез-құлық нормаларында, көркем шығармаларды аударуда көрініс тауып, тар ұлттық шекарадан аттап, асып-түсіп жатады. Бұған БАҚ, білім беру жүйесі, туризм, спорт, иммиграциялық процестер әсерін, септігін тигізуде.

Мәдениеттің бірқатар қоғамдық функциялары бар. Олардың маңыздысы: а) танымдық, гносеологиялық және эвристикалық функциясы; ә) тарихи сабақтастық функциясы /әлеуметтік тұқым қуалаушылық/; б) қоршаған дүниені қабылдаудың және өзгертудің функциясы /ру, тайпа, халық, тап қатынасында мәдениеттің рөлі/; в) мәдениеттің реттеу функциясы халықтың, қоғамның талаптары және нормалар жүйесі ретінде болуы.

Нормативтік мәдениет адамдар нені істеуге болатынын немесе істеуге болмайтынын анықтайды. Ол дұрыс мінез-құлықтың стандарттарынан шығып, дұрыс қылық жасау үшін өзін қалай ұстау керектігі туралы тұлғада жалпы көзқарасты қалыптастырады.

Рухани мәдениеттің нормативтік жағы қылықтың мүмкін варианттарын анықтайды. Ол сонымен бірге салт-дәстүрлерде, қылықтың нормаларында көрініс табады. Осы нормалар арқылы мәдениет адамдарының қарым-қатынасын, олардың өзара қатынастарын / соның ішінде әр түрлі ұлттарды, нәсілдердің, конфессиялардың адамдардың қарым-қатынасын / реттеп отырады. Осы бағытта мәдениет тұлғааралық қатынастарды, әр түрлі ұлт пен конфессиялардың қатынастарын қалыптастырудың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Тұлға мәдениет жағдайында өмір сүреді және іс-әрекет жасайды. Адамның тұлға болуының дәрежесі, оның мәдениетке баулуының дәрежесіне тікелей байланысты. Мәдениет адаммен ажырамас байланыста болады және онсыз болмайды да. Ол тұлғаға, оның қылығына және ішкі дүниесіне әсер етеді. Тұлға мәдени ортада мәдени құндылықтарды алып жүруші және көрсетуші ретінде болады. Ол мәдениеттің субъектісі ретінде болып оны жасаушы да болады. Жеке адамның мәдениеті интеллектуалдық қабілеттердің, ой-өрістің, өнердің шығармаларын білуі, тілдерді меңгеруі, өзін-өзі ұстауын, моральдық жауапкершіліктің болуын меңзейді. Этикет – бұл адамдардың өзара қатынасының сыртқы көрінісін реттейтін қылықтардың ережелерінің жиынтығы. Қазіргі қоғамда этикет әлеуметтік өмірдің демократизациялану және гуманизациялану процесін бейнелейді. Ол барлық адамға деген тіршілік және сыйлаушылық қатынастағы мәнге ие болады әйел адамға деген ілтипаттылық, үлкендерге деген ізеттілік, әр түрлі ұлттың адамдарына, олардың тілдеріне, мәдениетіне деген құрметтеушілік қатынас.

Әлеуметтік психология қарым-қатынасты адамдардың өзара әрекеті деп қарастырады, онда олар бір бірімен ақпарат алмасады.

Ол адамдардың бір бірімен қарым-қатынасқа түсуге деген сұранысын да қанағаттандырады. Қарым-қатынас процесінде балаларды және жастарды тәрбиелеу де жүзеге асады. Қарым-қатынас іс-әрекет сияқты тұлғаны қалыптастырудың қажетті шарты болады. Осы орайда адамның тарихи және дамуының негізгі шарты еңбек, адамның іс-әрекеті болады. Сонымен қатар адамның іс-әрекеті қарым-қатынассыз мүмкін емес, сондықтан іс – әрекет және қарым - қатынас - адамның өмірінің өзара байланысты, салыстырмалы дербес екі жағы болады.

Қарым-қатынастың болуының арқасында адамдар өмір сүреді және шынайы байланыстарда, бір-бірімен қатынастарда іс-әрекет жасайды. Қарым-қатынас түбегейлі адамдық сұраныс бола отырып, дербес құндылық болады, себебі адам басқа адамды әрдайым қажетсінеді. Ол үшін маңызды дүние – бұл басқа адам, онымен қарым-қатынас, ортақ істі бірлесіп орындау, ниеттестік. Тек қана қарым-қатынас процесінде және тек сол арқылы адамның мәні көрініс табады. Қарым-қатынас адамның құрылуының маңызды факторларының бірі болып, оның әлеуметтенуінің қажетті шарты болады. Қарым-қатынас қоғамның және адамның өмірінің барлық жағын қамтиды. Адам басқа адамдармен қарым-қатынассыз өз өмірін елестете алмайды, себебі оның өмірі бүкіл адамзаттың сақталуына тікелей байланысты (2;12).

Қарым – қатынас мәдениеті адамның қылығының сапалы бағалауы ретінде түсініледі. Сондықтан қарым-қатынасқа түсіруді қажеттігін сезінеді (адами қатынастың мәдениетін, әр түрлі жағдайларда мінез-құлық ережелерінің жиынтығына және т.б.). Қоғамда қабылдаған қарым-қатынастың бұқаралық мәдениеті адамдардың қылықтарына қадағалуды жүзеге асырады.

Қарым-қатынас – бұл адами қатынастардың күрделі түрі. Ол өзіне достық және ұнатпау процесінде, қылықтағы қателіктерді, сүйіспеншілік, табысқа жету т.б. құрылу кезіндегі өзара қатынастарды енгізеді. Жеке адам қарым-қатынас процесінде ұқсау, мысал, өнеге алу, үйрену, ортақ сезімдес, сәйкестендіру арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез-құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді. Қарым-қатынас адамдардың өзара әрекет ету, олардың бірін бірі түсіну және өзара әсер ету, өзара түсініктік, бірлесіп іс-әрекет жасау қабілетін қалыптастыру функцияларын жүзеге асырады. Топтық және жекелік қарым – қатынас арқылы әр түрлі халықтардың мәдени құндылықтары, салт-дәстүрлері өзара әрекетке түседі.

Қарым-қатынас арқылы адамдар бірін бірі танып біледі. Бастапқыда эмоциялық деңгейде танып жатқан адам туралы жалпы, сараланбаған пікір пайда болды. Бара бара бастапқы пікір анықтала түсіп, кейін барынша толық және терең түсіну пайда болады. Егерде адамға деген оң қатынас болса, кейбір жағдайларда тіпті онда жоқ оң белгілерді таңып жібереді. Ал теріс қатынас орнаса, онда оң белгілерден жұрдай қылып, теріс белгілерді таңа береді. Қарым-қатынас процесінде бара-бара оң мен сол айырылып, адам туралы шынайы пікір, көзқарас орнығады.

Қарым-қатынас тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Ол адамның қылығын, басқа адамдармен қатынасын реттеуді қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас сезімді, қылықты, бағытталғандықты, бағалауларды мақсатты бағытталған реттеуге жағдай жасайды. Қарым-қатынастың кез келген түрі адами тұлғаны қалыптастырады. Бірақта гуманизмге негізделген қарым-қатынастың формалары ғана оң адамдық белгілерді қалыптастырады. Тұлғаның мәдениетін адам ие болған білімдері, іскерліктері және дағдылары, басқа адамға деген қатынастарында көрініс табатын оның жекелік белгілері құрайды.

Қарым-қатынас тәрбиелік функцияларды да атқарады. А.В.Мудриктің пікірінше: “Оқушылардың қарым-қатынасы – бұл рухани құндылықтармен алмасуы. Ол оқушының “басқа мендермен” диалог формасында және қоршаған адамдармен өзара әрекет процесінде жүзеге асады” (3;15). Ол оқушылардың қарым-қатынасының мынадай тәрбиелік функцияларын бөліп шығарады: нормативті /оқушылардың әлеуметтік – типтік мінез-құлықтық нормаларын меңгеруін көрсететін, яғни қарым-қатынас нормативі процесс ретінде/, танымдық /оқушылардың қарым-қатынас процесінде жекелік әлеуметтік тәжірибені меңгеруін көрсететін, яғни қарама-қарсы танымдық процесс ретінде/, эмоционалдық /қарым-қатынасты аффективтік процесс ретінде көрсетуі/, өзектендіретін /оқушының өмірінің типтік және жекелік жағын қарым-қатынаста жүзеге асыратынын көрсететін, яғни қарым-қатынас жеке адамның әлеуметтік бекінуінің тәсілі және құралы ретінде/.

Мінез – құлық мәдениеті – бұл жеке адамда қалыптасқан әлеуметтік мәнді белгілердің, адамгершілік, этика, эстетикалық мәдениет нормаларына негізделген адамның қоғамдағы күнделікті қылықтарының жиынтығы (4;487). Мінез – құлық мәдениетінде қарым-қатынас мәдениеті, сыртқы түр мәдениеті, тұрмыстық мәдениет табиғи түрде қосылып кеткен. Мінез – құлықтың сыртқы мәдениеті ішкі мәдениетпен ажырамас тығыз байланыста болады, себебі ішкі мәдениет адамның құндылығын анықтайтын, оны қоғамда сыйлы қылатын бастылардың бірі болады. Сондықтан оқушыларда мінез – құлық мәдениетін тәрбиелеу оларды міндетті түрде моральдық бейнені, ұжымшылдықты, достықты, жолдастықты қалыптастыруды меңзейді.

Қарым-қатынас мәдениетінің негізінде адамдардың құқықтық және моральдық-этикалық нормалардың, қоғамдық ережелердің орындалуы жатады. Қарым-қатынас мәдениетіне адамның өзін қоршаған адамдармен қатынас құру іскерліктері мен дағдылары, оның қоғамға, елге, отбасында, басқа адамдарға және өзіне деген қатынасын көрсетуге көмектесетін адамгершілік және эстетикалық тәрбиеленгендік кіреді. Осыдан келіп адамның қарым – қатынас мәдениетінде патриотизм, басқа ұлттың, нәсілдің адамдарына қатынасы көрінісін табады. Қарым-қатынас мәдениеті міндетті түрде өзіне сөйлеу мәдениетін, қоғамда өзін ұстау іскерлігін және әдептілік ережелерін сақтауды енгізеді.

Адамдардың қарым-қатынасының маңызды формаларының бірі - ұлтаралық қарым-қатынас болып табылады. Философтардың, психологтардың және педагогтардың /Б.Т.Ананьев, Г.М.Андреев, А.Г.Асмолов, К.А.Абульханова - Славская, А.А.Бодалев, Л.П.Буева, И.С.Кон, А.М.Омаров, А.В.Петровский т.б./, қазақстандық зерттеушілердің /Р.Б. Әбсаттаров, М.М. Сұжықов, Н.Байтенова т.б./ қатынас туралы зерттеулерінің нәтижесі ұлтаралық қарым-қатынастың, яғни әр түрлі ұлттардың адамдарының қарым-қатынасының табиғатын түсінуге және басшылыққа алуға негіз болады.

Қоғамның ұлттық саяси ғылыми мәселелердің арасында ұлтаралық қарым-қатынас және оның формалары туралы сұрақтары аса маңызды орын алады. Бұл мәселенің теориялық – танымдық және практикалық қолданбалы мәні бар.

Ұлтаралық қарым-қатынас қоғамдық өмірдің құбылысы ретінде көптеген жақтарға, кезеңдерге, белгілерге ие. Сондықтан бұл мәселе философтардың, социологтардың, педагогтар да, психологтар да т.б. ғылымдар зерттеуде.

Ұлт тарихына, оның мәселелеріне арналған көптеген ғылыми зерттеу жұмысында “ұлтаралық қарым-қатынас” және “ұлтаралық қатынас” ұғымдары көбінесе шектелінбеген, себебі олар бір қатардағы болып қана қоймай, бір біріне енуші де болып отыр. Әртүрлі байланыстар жүйесін, ішкі құрылымдардан өтіп отырып, олар кездейсоқтық және қажетті құбылыстарда қоғамдық және жекелік, терең-мәндік және бетжағында жатқандағыда көрінісін табады. Сондықтан біраз жағдайларда әртүрлі ұлттық қауым-дастардың қатынастарды ұлтаралық қатынастар ретінде қарастырылады. Айта кету керек, ұлтаралық қатынастар қауымдастықтар және жекелік деңгейде де көрінісін табады.

Р.Б.Әбсатаров ұлтаралық қатынастарды тең құқықты халықтың өзара сенімділігіне негізделген ұлт ішіндегі және ұлттар арасындағы қатынастар жүйесі болатын қоғамдық қатынастардың ерекше формасы ретінде қарастырады (5;176).

Ал жүйеге ұлттардың экономикалық, әлеуметтік-саяси, мемлекеттік-құқықтық, идеологиялық, адамгершілік-психологиялық, мәдени-тұрмыстық және т.б. қатынастар кіреді.

Ұлттық қатынастардың ерекшелігі болатын себебі, олардың субъектілері ұлт, ұлыстар, ұлттық және этникалық топтар сияқты әлеуметтік –этникалық қауымдастық болғандықтан. Бұл

халықтар арасындағы және олардың ішіндегі экономикалық, саяси, рухани қатынастар тікелей немесе жанамалай ұлттыққа әсер етеді деген сөз. Бұл жағдай өз кезегінде ұлттық қатынастардың және оларға тән заңдылықтардың салыстырмалы дербестігін шарттайды.

Р.Б. Әбсаттаровтың пікірінше “ұлтаралық қатынас” ұғымы “ұлтаралық қарым- қатынас” ұғымынан кең, ауқымды /5; 176/. Ол оны ұлтаралық қатынастың ұлттық қауымдастықтың бар болуымен шарттасқан бүкіл әртүрлі байланыстар жиынтығының болуымен байланыстырады. Жекелік деңгейде, әртүрлі ұлттардың өкілдерінің қарым-қатынасында бұл байланыстар жеке тұлғалар арасындағы өзара қатынасында сынып, қоғамдық жекеде және жекелік қоғамдағы әржақты көрінісі болады.

Ғылыми әдебиеттерде “ұлтаралық қарым-қатынас” категориясы негізінен оны шектеушілік және қатынастың ұлтішілік формасы ретінде қолданылады. “Ұлтаралық қарым-қатынас” категориясы туралы айтқанда әртүрлі ұлттар адамдарының арасындағы қатынас туралы әңгіме болады. Сондықтан “ұлттық қарым-қатынас” ұғымын кең мағынада қолданады, яғни әртүрлі халықтардың үлкен топтарының қатынасын сипаттау үшін, сонымен бірге тар мағынада, яғни әртүрлі ұлттың адамдарының жекелік деңгейіндегі қарым-қатынасын көрсету үшін. Басқа сөзбен айтқанда, ұлтаралық қарым-қатынас өзіне әртүрлі ұлттың адамдарының жекелік қатынастарын қамтып қоймай, халықтардың материалдық және рухани қатынасының бүкіл жиынтығын да қамтиды. Осылайша, ұлтаралық қарым-қатынас ұлтаралық қатынастардың қажетті жағы болып қоймай, жалпы қарым-қатынасқа тікелей қатысы бар. Ұлтаралық қарым-қатынастың нәтижесінде интеграциялық процестің әртүрлі формалары құрылады. Ұлтаралық байланысу көп ұлтты елдің ішінде де халықаралық байланыс масштабында да жүзеге асырылады. Сондықтан, географиялық таралу және қарым-қатынасқа түсушілер құрамына қарай олар көптүрлі болады. Қорыта келгенде, ұлтаралық қарым-қатынас – бұл бүкіл халықтарға пайдалы табиғи, объективті диалектикалық процесс. Сондықтан ол еріктілік негізінде жүзеге асады. Ол адамдардың мәдениетінің даму нәтижесі болады, әрбір кісінің жетілдіруінің және өмір сүруінің басты шарты, тәсілі. Ұлтаралық қарым-қатынасты ұлттық процестердің формасы ретінде және

халықтардың өмірлік әрекетінің бүкіл аясын - экономиканы, саясатты, ғылымды, мәдениетті т.б. қамтитын ұлттық қатынастың дамуының жалпы процесінің бөлігі ретінде анықтауға болады. Оның әрбіреуінде өзара әрекет істейтін және бірін – бірі толықтыратын адамдардың қарым-қатынасының нақты формалары мен әдістері, тәсілдері қалыптасады.

Әрине, ұлтаралық қарым-қатынас әлеуметтік – психологиялық құбылыс ретінде өзіне тән ерекшеліктері бар.

Ұлтаралық байланыс процесінде адам басқа ұлттың мәдениетіне, дәстүріне баулынады, басқа ұлттың адамдарымен жақындасады. Осындай байланыстардың нәтижесінде ол басқа ұлттың уәкілдеріне ұқсастығын ұғынады: “оларда мен сияқты”. Адамдардың ұлтаралық қарым-қатынас және халықтардың мәдениетінің өзара байытуы жедел жүрген сайын, адам басқа ұлттардың мәдени құндылықтарына баулуы белсендірек жүреді. Бұл ұлттың өзіндік санада жағымсыз құбылыстарды еңсеруге мүмкіншілік береді /этникалық шектеушілік, тұйықтық, сарқыншақтар, этноэгоизм - өз ұлтына басқа ұлтқа қарағанда артықшылық жасау үрдісі, этникалық ксенофобия - басқа этностарға жағымсыз қатынас/.

Адамдар басқа халықтар мен мәдениеттің өкілдерімен қарым-қатынастың нормалары мен ережелерінің жиынтығын /қатынас жасау мен сәлемдесудің формалары; өзін өзі ұстау стильдері, этикет сақтау/ бүкіл адамзат өркениетінің даму барысында жасап жатты. Әр түрлі ұлттың адамдарының байланыстары барған сайын кеңі түскендігі қазіргі кезеңде ерекше бір ұлтаралық қарым-қатынас кодексін жасауды маңызды мәселе қылып отыр.

Ұлтаралық қарым-қатынас – бұл белгілі бір өзара байланыстар және өзара қатынастар сол процестерде әр түрлі ұлттың адамдары тәжірибемен, құндылықтарымен, ойлармен, сезімдермен алмасады. Ұлтаралық қарым – қатынас процесінде жекелік белгілері ғана көрініс таппай, қарым-қатынасқа түсушілердің өкілдерінің психологиясының, дәстүрінің, халықтың мәдениетінің ерекшелігі де көрініс табады.

Ұлтаралық қарым-қатынас адамның өзінің этносына деген қатыстылығын ұғынудың құралына айналып және этномәдени алмасудың формасы болады, онда индивид тек қана өз халқының бөлігі ғана емес, сонымен бірге тұтастай адамзаттың мүшесі

екендігін де сезінеді. ұлтаралық қарым-қатынас көптеген халықтардың тарихи тәжірибесіне, мәдениетіне, дәстүріне баулуға мүмкіншілік беріп, қоршаған дүниеге, этностық тілдік процестерге адамдық және ұлттық абыройға кең көзқарасты қалыптастырады.

Ұлтаралық қарым-қатынастың мәнін және сипатын ашуда әлеуметтік-психологиялық зерттеулер үлкен мәнге ие. А.А.Бодалев осыған орай мынадай ой айтады: “Бір этникалық қауымдастықтағы адамдар екінші этникалық қауымдастықтың адамын қалай қабылдайды, мұндайда олар да қандай елестер, ұғымдар пайда болады, бетке шығады, өзектендіріледі, олар бір-бірімен араласқанда қандай қатынастар пайда болады және қандай жаңа белгілерге ие болады- міне осындай сұрақтарға психологтар жауап алу керек” (6;50).

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті - бұл адамның басқа ұлт пен нәсілдің адамдарына сыйлаушылық қатынас, олардың мәдениетіне, дәстүрлеріне, тілдеріне, тарихына, ұлттық абыройына сыйлаушылық. ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті адамдардың көпұлтты ортада құқықтық және моральдық – этникалық нормалардың орындауын меңзейді. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне адамгершілік және эстетикалық сауаттылық кіреді, ол тұлғаға этнотартыстық жағдайға кірістірілген адамдардың психологиялық күйін түсінуге және пайда болған мәселені ұтымды шешудің жолдарын анықтауға көмектеседі. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті өздеріне адам және халықтар әсері, ұлттық, жалпыұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, конфессиялар мен олардың өзара қатынастары, этносаралық және конфессияаралық тартыстар және олардың пайда болу себептері туралы білімдерді қамтиды.

М.М.Сұжықовтың, Г.С.Сапарғалиевтың пікірінше: “ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті – бұл әр түрлі ұлттар өкілдерінің арасында сыйластықты, өзара көмекті, ұжымшылдықты, гуманизмді, ұлттық эгоизмге, шовинистік даңдайсушылыққа ымырасыздықты орнату, өзіндік ұлттық рухани мәдениетімен бірге, басқа да ұлттардың, ұлыстардың және ұлттық топтардың рухани бағалыларын меңгеруге деген ұмтылысы” (7;13).

Ал, Р.Б. Әбсатаров бұл ұғымға мынадай анықтама береді: “ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті–бұл ұлттық қауымдастықтың даму және жақындасу негізінде пайда болған қоғамдық

қатынастардың ерекше сапасы, халықтардың экономикалық, саяси, мәдени және ғылыми – техникадағы дамудағы шындығындағы теңдігін, достық өзара көмекті, ұлттық қызығушылықты және бір бірінің ұлттық ерекшелігін ескеру, ұлттық тілдерге сыйлаушылық қатынастарды ұсынады. Бұл ерекшеліктер достықтағы ұлттардың, ұлыстардың, ұлттық және этникалық топтардың экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени – рухани өміріндегі ортақтықпен ғылыми көзқарасының бірлігімен шартталады” /5;196/.

Р.Б. Әбсаттаров ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің құрылымдық қатынасында диалектикалық өзара байланысқан және өзара шарттасқан екі негізгі компоненті бар деп есептейді /5;196/. Біріншісі, ұлтаралық қатынастардың мәнін және ғылыми білімдерді, ғылыми ұлттық саясаттың талаптарын және принциптерін орындау қажеттігіне сенімділігі сияқты адамдардың сапаларын, жиынтығын өзіне енгізеді. Ол қарым-қатынас субъектісінің қоғамдық өмірінің интернационалдану мәнін ұғыну тереңдігін сипаттайды, яғни жекелік интернационалистік санасының деңгейін көрсетеді. Екіншісі - ұлттық мәселені ғылыми шешуде интернационализм туралы білімді сауатты және мақсатқа сай қолдану іскерлігін шынайы көрсетеді, ұлттық өзара әрекеттің жұмыс істеп тұрған жүйенің талаптарына адамның практикалық қатынасы туралы таразылауға, анықтауға мүмкіншілік береді. Әр түрлі ұлттың өкілдерінің күнделікті қарым-қатынас жағдайы, күйі халықтың әлеуметтік жетілгенінің өлшемі болуы кездейсоқтық емес.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті-бұл адамның адамгершілік тәрбиеленгендігінің деңгейінің, жоғары мәдениетінің, бүкіл ұлттардың, ұлыстардың, ұлттық және этникалық топтардың қатынастарындағы көрсеткіші.

Осыған байланысты тәрбиелеу процесін тікелей ұйымдастыруда бірталай сұрақтар пайда болады.

Оқушыларға хабарланатын білімдер жүйесінде көп ұлтты мемлекет, оған кіретін ұлттық-территориалдық немесе ұлттық-мәдени құрылымдар, федерация халықтарының өзара қатынасы, олардың мәдениеті, дәстүрлері және тілдері туралы білімдер маңызды орын алады.

Халықтар арасында құрылған қатынас ұлтаралық қарым-қатынасты шарттандырады. Ол өз кезегінде ұлттық қатынастардың жекелік – психологиялық формасы көрінісінде болады. Мұнда әр түрлі ұлттың өкілдерінің бір-біріне деген жеке қатынастары ұлттық қатынастарды жекелік деңгейде қайта қайталайды. Осы орайда ұлттық қатынастар байланыстағы адамдардың жекелік-психологиялық ерекшеліктерінен өткендей болып, субъективті формаға ие болады.

Ұлтаралық қарым-қатынас өзін туғызатын ұлттық қатынастардан салыстырмалы түрде дербес болады. Солай бола тұра “ұлтаралық қарым-қатынас өзінің негізгі детерминанты ретінде құрылған ұлттық қатынастарға ие” (8;65). Осыдан келіп шығатын қорытынды, педагог ұлтаралық қарым-қатынасты салыстырмалы дербес, бірақ автономды емес, ұлттық қатынастың жекелік-психологиялық формасы ретінде қарастыру керек.

Ұлтаралық қарым-қатынаста мына факторлар мәнді әсер етеді:

- федерацияның құрамында ұлттық-территориалдық немесе этномәдени құрылымдардың болуы немесе болмауы;

- мемлекет құратын халықтардың болуы немесе болмауы, оған деген мемлекеттің басқа халықтарының немесе ұлттық азшылықтың қатынасы;

- халықтардың қатынасының сипаты /достық, бейтарап, тартыстық/;

- халықтардың мәдениеті және тілінде, тарихи тағдырында ортақтық және ерекшеліктің болуы;

- қандайда бір халықтың өкілдерінің /әзірбайжан және армандар; ағылшын және ирландықтар т.б./ этнопсихологиялық “сыйыспаушылығы”;

- мемлекеттің, аймақтың діни – конфессионалдық ерекшелігі;

- адамдардың жастық ерекшеліктері және жекелік – психологиялық сапалары.

Балалар мен жастарды ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне, адамдарға көмектесуге және құтқаруға, басқаның қуаныштары мен қиыншылықтарына ортақтасуға үйрету қажет. Әсіресе, әр түрлі ұлттың және конфессиялардың адамдарымен қарым-қатынасқа түсудің оң тәжірибесін қалыптастыруға көңіл бөлінуге тиісті.

Бұл міндетті шешудегі кедергілердің бірі – педагогтар оқушыларды қарым-қатынас өнеріне үйретпегені болып отыр. Бұл өзінен өзі оқыту – тәрбиелеу процесінде пайда болады деген пікір болды. Ал балалар мен жастар қарым-қатынас өнерін байқап білу және қателесу, өмірлік тәжірибеде танып білуге, үйренуге мәжбүр болып отыр. Педагогты ұлтаралық қарым-қатынас процесін басқаруға даярлау кезінде, онда ол жекелік белгілерлі қалыптастыруға мән беру керек. Бұл оған адамға, оның мәдениетіне, дәстүріне, ұлттық сезіміне сыйлаушылықпен қарауға көмектеседі. Педагогта құрылған тартыстық жағдайды сәйкесті бағалауды және оны шешуде қажетті әдіс пен тәсілдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру қажеттігі туындап отыр. Осы орайда, адами және ұлттық абыройына сезімталдық қатынас жасауды сақтап қалу өте маңызды.

Педагог үшін әр түрлі ұлттар мен конфессиялардың адамдарының қатынасына ерекше көрінісін табатын адамдардың қатынасының моральдық – психологиялық табиғатын білу маңызды.

Психологиялық зерттеулер адамда өзіндік қалыптасқан тәжірибе және жекелік - психологиялық позиция бар екендігін көрсетті. Сол арқылы адам өзіне келетін қоршаған орта, адамдар және олардың қатынастары, мәдени құндылықтар және т.б. ақпаратты өткізеді. Осыдан келіп қандай да бір жағдай қолайсыздық, түсінбестік жағымсыз эмоция туғызуы мүмкін. Адамдардың қатынасындағы мұндай кедергілер қарым-қатынасқа түсушілердің жекелік, жыныстық, жастық, кәсіптік және т.б. ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін.

Адамның басқа адамдар туралы білімінің қалыптасуында, онда бар бағалау эталондары және стереотиптерінің үлкен маңызы бар. Себебі оларды адамға өлшем ретінде танып, оның қандайда бір қауымдастыққа жататынын анықтап, бастапқы ақпарат алады. Айта кету керек, қандай да бір ұлттың өкілдері туралы қалыптасқан адамдағы этникалық стереотип кейбір жағдайларда теріс ұлттық бағытталғандыққа итермелейді, себебі стереотип күнделікті сананың элементі ретінде, әрдайым мәнді дәл көрсете бермейді.

Қандай да бір ұлттың оң немесе теріс сапаларымен сипаттаған стереотиптік ойлау және қылық әр түрлі ұлттардың қарым-қатынасына мәнді әсер етеді. Басқа ұлттың өкілдеріне деген теріс қатынастың стереотипі өзара әрекеттің аясын тарылтады, ұлтаралық қарым-қатынасты адамның ішкі ұмтылысына сай қылмайды.

Адамның адамды қабылдауы көбіне нақты тұлғаның психологиялық өміріне, оның қызығушылығына, бағытталғандығына байланысты. Осыдан келіп қабылдау терең немесе бет жағындағы, дәл немесе қате болуы мүмкін.

Адамдардың арасында қабылдаудың жекелік айырмашалығы болуы оларда бұрмаланған қабылдаудың пайда болуына жол ашады. Осы жағдай кейбір адамдардың күнделікті санасында өздерінің сәтсіздіктерінің себебін басқаға психологиялық аудару себебіне айналып отыр. Көп ұлтты ұжым жағдайында осындай бейімділік ұлттық рең алуы мүмкін. Сондықтан ұлттық тұйықталушылықтың көріністері түрлі жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Мысалы адам туралы қате пікір, абай болмаумен және дөрекілігімен, ұжымдағы жолдастарына, қоршаған адамдарға сыйлаушылықтың және сезімталдықтың болмауы, сөйлесуде қандай да бір ұлттың өкіліне бағытталған жалған және мазақ ат қолдану.

Көптеген қарым-қатынас процесінде адамдарда психологиялық шамадан тыс жүк, тартыстық жағдайлар пайда болады. Әр түрлі тұрғын орындарда осындай шамадан тыс жүк бірдей емес, оның деңгейі ірі әлде орташа қала, село, әр түрлі ұлттың өкілдері тұратын аудан т.б. байланысты.

Қандайда бір өңірде тұратын халықтың өмірінің әлеуметтік – тарихи тәжірибесінің ерекшелігін қамтитын қарым-қатынастың этикалық стандарттарын оқушыларда мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру өте маңызды болады. Жастарды тек өзінің құрбыларымен ғана емес, сонымен бірге айналасындағы адамдармен де дұрыс қатынас жасауға, оларға қарым-қатынастың дағдыларына үйретіп, уақ түсінбеушіліктерді, қолайсыздықтарды, тартыстық жағдайларды шешу іскерлігін меңгерту қажет. Қоршаған адамдарды тану және түсіну іскерлігі мен дағдысын дамытудың да үлкен маңызы бар. Бұл тану көңілде, ынтымақтастық, мақсаттың, мұраттардың, ортақтық санасына айналуы керек.

Адамгершілік жағынан бекіген тұлғаны қалыптастыру әр түрлі қоғамға жат әсерлерге қарсы тұруға кедергі болады. Адамгершілігі қалыптасқан оқушыларда ұлтшыл және шовинистік бағыттағы адамдардың әлеуметтік зиянды әрекетіне қарсы тұру процесінде бекиді.

Ұлтаралық шиеленістерге кірістірілген адамдардың психологиялық күйін білудің үлкен мәні бар. Ұлтаралық қатынастар психологиялық деңгейде де дамитын болғандықтан ұлтаралық шиеленіс пайда болуының психологиялық жағынан шартталған себептерін анықтаған маңызды:

- сәйкестендіру арқылы адамдарды ұлтаралық салыстыру басқа ұлттың адамының бейнесінің қалыптасуының механизмі болып табылады. Ұлтаралық қарым-қатынас тәжірибесі адамның басқа ұлтты, басқа мәдениетті бұрмалап қабылдауды еңсеруге септігін тигізеді;

- кейбір адамдар өмірдің қиыншылығын басқа ұлттың адамдарынан көреді. Әлеуметтік наразылық энергиясын ұлтаралық арнаға бұрады. Осы жағдайды экстремистік элементтер пайдалануға ұмтылады.

- адамдардың жиынында қоршағандардың эмоционалдық күйі еріксіз адамға беріледі. Мұнда әлеуметтік - психологиялық механизмнің әсері, еліктіріп әкету арқылы адамдарда эмоционалдық қозу көптеп күшейеді. Еліктіріп әкету механизмі де, әсер ету механизмі де дәлелдеуді және логиканы қажетсінбейді. Осы жағдайда адамдарда да қылығын, әрекетін бағалау және қадағалау төмендейді.

Оқушыларда өз қылығының эмоционалдық аясын еріктік басқаруды, эмоционалдық жағдайларда тұрақтылық сақтауды қамтамасыз ету тәрбиелік міндет болып табылады. Әр түрлі ұлттардың адамдарының арасындағы қатынаста эмоционалдық бағытталғандықты туғызатын жағдайлардың алдын алу өте маңызды. Моральдық-этикалық және психологиялық ахуалды жақсартып, әр түрлі ұлттардың мәдениетіне, тіліне, дәстүріне сыйлаушылық жағдайын орнықтыру қажет. Міне, осындай негізде педагог ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға тиісті.

Балаларда ұлтаралық қарым-қатынастың оң тәжірибесін қалыптастырудың маңызды шарты – көп ұлтты ұжымда оң моральдық-психологиялық ахуалды құру болып табылады.

Педагогика мен психологиядағы зерттеулер адамдарда ұжымдық байланыстардың пайда болуы және дамуы объективті процесс екендігін көрсетіп отыр. Адам өзінің қабілеттерін тек бірлескен іс-әрекетте және басқа адамдармен қарым-қатынаста көрсете алады. Ұжым жекелік және қоғамдық қызығушылықты

ұштастыруға кең мүмкіншілік жасайды. Мектеп ұжымының ересектердің қоғамдық және басқа да ұжымдармен байланыс орнатуы процесінде олар қоғаммен, қоршаған өмірмен әр түрлі қатынасқа түседі.

Көп ұлтты ұжымдағы бірлескен оқу және өмір, оның мүшелерінің тұрақты қарым-қатынасы оқушыларда ұлт пен ұлыстарға, олардың мәдениетіне сыйлаушылықты қалыптастыруға септігін тигізетін жағымды психологиялық жағдайды құрады. Сонымен бірге көп ұлтты ұжымда әр түрлі мәдениеттің және дәстүрлердің ерекшеліктері көрініс табады.

Міне, әртүрлі халықтардың мәдениетінің құндылықтарын ұжымның мүшелерінің барлығы бірдей дұрыс ұғына, түсіне бермейді. Сондықтан осы орайда педагогикалық ұжым мақсатты бағытталған жұмыс жүргізуі керек.

Оқушылардың аралас ұлттық құрамы бар ұжымда оның мүшелерінің арасында мейірімді және әділетті қатынастарының орнығуы өте маңызды. Бұл қатынастарда өзара жауапкершіліктің және талап қоюшылықтың бірлігін қамтамасыз етуге ұмтылған дұрыс. Осы орайда педагогтан сыпайылық және абай болу қажеттігі туындайды, оқушылардың ұлттық құрамының ерекшелігін ескеруді міндеттейді. Тәрбиелік жұмысты құрғанда қандай да бір ұлттың өкілдері туралы жағымсыз пікірлердің, көзқарастардың пайда болмайтындай ұйымдастырылғаны абзал.

Оқушылардың әр түрлі тілде сөйлеуі көп ұлтты ұжымның барынша мәнді ерекшеліктерінің бірі болады. Балалардың белгілі бір бөлігінің мемлекеттік және ұлтаралық қарым-қатынас тілдерін нашар меңгеруі тұлға аралық қатынаста қиыншылық туғызуы мүмкін, кейде тілдік белгі бойынша оқшауланған құрылымдардың пайда болуына да соқтыруы мүмкін. Тілдік мәселенің бір біріне сенімсіздік және ұлтаралық бөлінушілікке соқтыруына жол берілмеуі қажет.

Балалар ұжымның қалыптасуы күрделі әлеуметтік – саяси жағдайда жүріп жатыр. Оларға көптеген формальдық емес бірлестіктердің (мафиялық, ұрылар топтары, нашақорлардың және маскүнемдердің басқосуы, діни секталардың т.б.) теріс әсер ететінін есепке алуымыз қажет.

Көп ұлтты ұжыммен бірге оң ұлтаралық қарым-қатынас тәжірибесін ұйымдастырудың мынадай басқа да формалары бар:

- әр түрлі ұлттың балалары оқитын мектепте оқушылардың және мұғалімдердің қарым-қатынасын ұйымдастыру;

- елдің мектептерінің мұғалімдері мен оқушыларының байланыстары;

- экскурсиялық – туристік, өлкетанушылық т.б. балалардың қарым-қатынасы;

- балалар мен жастардың демалыс және еңбек лагерлеріндегі қарым-қатынасы;

- ассоциаланған мектептердің оқушыларының қарым-қатынасы;

- республикалық, халықаралық балалар жазғы деревняларындағы оқушылардың қарым-қатынасы.

Әдебиет

1. Межуев В.М. Культура и история. М., 1997.

2. Гасанов З.Т. Особенности формирования культуры межнационального общения в многонациональном регионе. // Педагогика. №5 1994.

3. Мудрик А.В. Общение как фактор воспитания школьников. М.,1984.

4. Российская педагогическая энциклопедия. М.,1993.

5. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. А.,1995.

6. Бодалев А.А. Личность и общение. М., 1983.

7. Сужиков М.М., Сапарғалиев Г.С. Некоторые философско-правовые проблемы совершенствования культуры межнациональных отношений. Алма-ата, 1989.

8. Садыков М.Б. Теоретико-методологические аспекты связи национальных отношений и межнационального общения. В сб. Национальная культура и общение. М.,1977.

8 ТАРАУ. ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

Этносаралық қарым-қатынастың ғылыми теориясы әрқашанда шынайы демократиялық және гуманистік күштердің одақтасы болып келген, бола да береді. Оны дамытудың әлеуметтік қажеттілігі бар. Танымдық процесте ұлтаралық қарым-қатынас идея, тұжырымдама, теория, әлеуметтік феномен ретінде қабылданады. Ұлтаралық қарым-қатынас жөніндегі ғылыми білімнің жүйелік бағынышты орналасу /субординациясы/ элементтері объективтік шындық негізінде қаланып, бүтін мен бөлшектің, адамзат пен отанның, отан мен әлеуметтік топтардың, жалпы адамзаттық пен топтық мүдделердің өзара қарым-қатынасы мен әлеуметтік құндылықтарын иерархиялық жүйесінің өмір сүруіне негізделген. Ғылыми білімді жинақтаудың жоғары деңгейіне жетуден ұлтаралық қарым-қатынастың жалпы теориясы қалыптасады.

Этносаралық қарым-қатынасты жалпы ғылыми түсінік ретінде қарауға барлық негіз бар. Ұлтаралық қарым-қатынас теориясын дайын және толық шындық қоймасы ретінде елестетуге, қабылдауға болмайды. Нағыз ғылым жалған ғылымға қарағанда үздіксіз, тынбай шындыққа жетуді көздейтін, динамикалық процесс.

Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу-ғылыми танымның күрделі және кең ауқымды объектісі. Бұл құқықтану, мемлекеттану, социология, философия, саясаттану, әлеуметтік психология, дінтану, т.б. ғылымдардың зерттеу тақырыбы болып отыр. Ұлтаралық қарым-қатынас туралы ғылыми білімдердің пәнаралық интеграциясы-қоғамдық ғылымдар жетістіктерін механикалық түрде жинақтау емес, керісінше, ұлтаралық қарым-қатынасты танып білудегі осы ғылымдардың өзара байланысы мен өзара қарым-қатынасын айқындауда әдістерімен, ұғымдармен, модельдермен, теориялық құрылыстармен өзара алмасуды белсендірек жүргізу, ғылымның категориялық арсеналын байыту, әлем халықтарының өзара қатынастары жөніндегі ғылыми-теориялық ойлары мен ойлау құрылысының бір-бірімен ұқсастығын анықтау болып табылады.

Ғылыми білімді интеграциялау – бұл оларды жүйе ретінде дамыту деген сөз. Онсыз басқа құбылыстар тәрізді, ұлтаралық қарым-қатынас туралы білім де болмайды.

Этносаралық қарым-қатынасты ұғым туралы ғылымды зерттеу түрінде философиясын зерттеу объектісі деп қарауға да болады. Ұлтаралық қарым-қатынас ой-ұғымын дұрыс түсіну мен пайдалану, әлеуметтік-саяси және моральдық ұғымдар әлеміндегі осы түсініктің орнын жан-жақты есептеу, оның адамгершілік, ар-ождан, ар-ұят, қадір-қасиет, әділеттілік т.б. ұғымдармен өзара әрекеттестігі мен өзара бірін-бірі толықтыруы ұлттардың өзара қарым-қатынасында гуманизмге негізделген кезде адамдардың санасы мен түйсігінде әлеуметтік процестердің даму баламасы соған сәйкесті із қалдырады.

Этносаралық қарым-қатынас туралы ғылыми білім теориялық ойлау деңгейіне байланысты /идеялар, түсініктер, доктрина мен ұстанымдар/; өмір сүруіне байланысты /ұлтаралық қарым-қатынас идеясы мен осы факторлар жүйесінің объективтік және субъективтік факторлармен заттандыру/; әлеуметтік субъектісіне байланысты /халық, ұлт, тұлға/; ұлтаралық қарым-қатынастың деңгейіне байланысты /жоғары, орта, төмен/; ұлтаралық қарым-қатынастың тәсілдері мен құралдарына т.б. байланысты әр түрлі қосымша жүйелерге бөлінеді.

Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті теориясының категориялық аппараты-кез келген ғылыми теория секілді, ұғымдар жиынтығынан тұрады, ал ол ұғымдардың көлемі мен мазмұны арасында, жан жақты қатынастарында қоғамдық өмірдің құбылыстарымен және әр түрлі процестерімен байланысы және ой-танымдық тәуелділігі бар.

Ұғымдар мен категориялар-республикадағы ұлттық, интернационалдық және жалпы адамзаттық астарлары Қазақстанның этносаяси құрылымын талдаудың маңызды құралы, сонымен бірге олар өздері мазмұнын тұрақты түрде жанартып және байытып отырады.

Зерттеу тақырыбы бойынша ұғымдық аппаратты талдау «ұлт» категориясынан бастаған дұрыс. Ұлттың табиғаты мен оның анықтамасын айқындауға біраз ғалымдар атсалысты.

КСРО ыдырағанға дейін біз ұзақ жылдар бойы этникалық және этносаралық процестерді зерттеу барысында ұлт пен ұлттық қатынастарының маркстік-лениндік-сталиндік теориясын басшылыққа алып келдік. Ең алдымен осы бағыттағы анықтамаларды қарастырып көрейік.

1. Ұлт-бұл қоғамның дамуындағы белгілі бір сатысында пайда болатын адамдардың үлкен тобы, олар экономикалық өмір, территория, тіл, мәдениет, психологиялық ерекшелік және мемлекеттік негізде бірлескен, бір біріне деген жауапкершілікті және міндетті қатынасты терең ұғынады (1;30).

2. Ұлттық элементтер әр қилы және әр түрлі мөлшерде қозғалмалы, өзгермелі және орнықты. Ұлттық өмірдің тіл, мәдениет, салт және дәстүрлері сияқты элементтері барынша орнықты болып табылады (2;27).

3. Ұлт ерекшелігі «орнықты ортақтық территориямен, экономикамен және мәдениетпен, жалпы тілмен; ақыр соңында, осының негізінде ұлттық мінездің жалпы белгілері, ұлыстарға қарағанда анық этникалық өзіндік сана-сезім қалыптасуымен анықталады» (3;99).

Осы анықтамалардың мазмұнын қарастырсақ кезінде ұлттың классикалық анықтамасын берген И.В. Сталиннің анықтамасынан түбірлі өзгерісі жоқ, яғни ұлт этникалық түзілім ретінде қарастырылады және ұлттың негізгі белгісі ретінде тіл мен жер аумағын /территорияны/ алады.

«Ұлт» категориясын түсінуге арналған тұрғылардың қандай да бір белгіні асырып қараушылық бар. Көбінесе ұлтты мемлекеттілікпен байланыстырады. Ұлтты «ең алдымен мемлекет құратын елдес, азаматтардың әлеуметтік қауымдастығы» деп қарастырады (4;19). Мысалы, М.Вебер бойынша ұлт - бұл «сезімдердің қауымдастығы». Ол өзінің сәйкесті көрінісін тек қана өзіндік мемлекетте таба алады, сондықтан оны құруға деген ұмтылысы болады (5;16). Мұндай тұжырымдамада үш түрлі элементті бөліп шығаруға болады. Ұлт мынадай шарттары бар жерде өмір сүреді, біріншіден, басқа адамдардан оларды ерекшелендіретін адамдар арасында белгілі бір объективті фактор баршылық; екіншіден, бұл ынтымақтастық автономдық саяси институттарда өз көрінісін табады.

Г.С. Котанджянның пікірінше, батыс әдебиетінде ұлт пен мемлекетті ажыратпай қарастыру кеңінен таралған. Саясаттану сөздіктерінде «ұлт-бұл мемлекет» термині мықтап орын алған.

Мәселені осылай қарастыруда ұлт – «бұл өздерін саяси бірлік деп есептеп, саяси өзін-өзі анықтауға ұмтылатын адамдар тобы, яғни өздік егеменді, тәуелсіз мемлекет құру» (6; 17).

А.Г. Агаевтың ойынша, «ұлт саяси, мемлекеттік ұйымдасқан халық, ол жай ғана экономикалық байланыстар, территория және мәдениет бірлігі болмайды, өзіндік мемлекеті, үкіметі, заңдары жоқ ұлт-ұлт емес, ұлтқа тек ұқсастығы бар» (7.31). Бірақ өмір шындығы, мемлекеті жоқ болса да ұлттың бұл дүниеде бар екенін көрсетіп отыр.

Кейбір авторлар ұлттың белгісі ретінде тек мемлекетті жатқызып қана қоймай, оған үкіметті де қосады. Нақ осылай «қысқаша философиялық энциклопедиада» ұлтты «өзіне тәуелді үкіметті құрған халық және өз қарамағында территориясы бар, оның шекарасын басқа ұлттар үлкенді және кішілі сыйлайды» деп анықтама береді (8;29).

Бұл анықтамада шешілмеген тұстар бар сияқты. Басқаруы президенттік форма болатын мемлекеттердегі ұлт туралы не айтуға болады? Егерде АҚШ-та үкімет болмаса, онда америка ұлты да болмағаныма? Егер де белорустар егемендік алғаннан кейін ұлт болса, кейін Белоруссия мен Ресей бірігіп жатса, онда белорустар ұлыс болып әлде ресей ұлтының бөлігі бола ма?

«Біз-олар» тұрғысынан қарастырылатын анықтамада конфронтация және қарама қарсы тұру баса көрсетіледі: «Қай ұлтқа жататынын ұғынудың негізіне «біз-олар» оппозициясы жатады, мұндай жағдай басқа ұлттың өкілдерімен қарым-қатынасқа түскенде пайда болады және ұлтаралық қатынас аясына үнемі аударылып отырады. Бұл қатынастар жағымды болуы мүмкін, егерде екі халықтың қоғамдық санасында бірыңғай идеология немесе дін басым болса, яғни шамамен бірдей мақсат және өмірлік құндылық болса немесе қарама-қарсы тұру жағдайы болуы мүмкін» (9.76). Бірақ бұл анықтама мазмұны жағынан ұлттық өзіндік санасын /самосознание/ сипаттауға көбірек келеді.

Ұлтты түсіну оны халықпен, мемлекеттің нақты азаматтығымен немесе жалпы қоғаммен сәйкестендірумен байланысты да қарастырылады. О.Бауэр тағдыр ортақтастығы негізінде мінез бірлігімен байланысты адамдардың жиынтығын ұлт деп атайды. Ал, Р.Шпрингер бойынша, ұлт бұл мәдени қауымдастықтың, бірдей сөйлейтін адамдардың одағы (10;212).

Кейбір зерттеушілер ерекше позиция ұстанып отыр. Олардың ұлт адамға туғанынан беріледі және бүкіл өмір бойы өзгермей қалады. Ол онда жынысы сияқты адамда тұрақты болады деген

пікірі сынға алынуда (11;1). «Адамда мұрын және екі құлақ болу керек дегендей, адам да ұлттың өкілі болу керек» дегенді мойындай отырып, олар дегенмен «ұлттық тиесілікті-бұл адамның туғанынан қасиеті емес, бірақ ол қазір нақ солай қабылданып отыр» деген тұжырым айтады (12;124).

Басқа сөзбен айтқанда, әңгіме адамның қай ұлтқа жататындығын биологиялық факторға қарағанда әлеуметтіктің басымдығы туралы болып отыр: адам белгілі бір ұлттың өкілі болып дүниеге келмейді, оның ұлты «қанымен» берілмейді. Адам белгілі бір ұлттың немесе ұлыстың өкілі ретінде құрылады, бұл сапада оның құрылуы тұқым қуалаушылықтан «қанға» тәуелді емес, оның тұлға ретінде қалыптасуына, құрылуына әсер ететін нақты әлеуметтік этникалық ортасына байланысты. Міне сондықтан кез-келген «қанды» адам жастайынан белгілі бір этникалық қоршауда болып, сол «қанына» тіпті байланыссыз оның ортасы болатын сол этностың өкілі болады (13; 33-34). Осы пікірге жақын позицияны Ю.В. Бромлей, Л.М. Дробижева ұстанады. Олар ұлтты еркін таңдау, бір ұлттан екінші ұлтқа өту құқығы болу қажеттігін жақтайды (14;17) ал В.Б. Иорданский бұл пікірді қуаттайды.

«Ұлт» ұғымы анықтамаларын талдау, онда ана тілі, мәдениет, мемлекеттілік, ортақ территория т.б. компоненттердің басым екендігін көрсетті. Бірақ көптеген зерттеушілердің пікірінше олар бөлек-бөлек немесе жиынтық болып әмбебап индикаторлар бола алмайды. А.Оболонскийдің пікірінше ондай индикатор ретінде адамның қандай да бір ұлтқа өзін өзі жатқызуға болады: «мен-орыс», «мен-француз». Ол мына «тек жалғыз психологтар емес өзіндік сәйкестікті субъективті критерийі-бірден-бір сенімді индикатор етіп қабылдаған» деген ойды баса айтады (16;33). Бірақ бұл индикатор жеке адамды қандай да бір ұлтқа жатқызуға жарайды да, бірақ ұлттың тұтастай анықтамасын шығаруға жеткіліксіз.

Ұлт және ұлттық қатынас теориясын Қазақстанда белгілі ғалымдар Н.Сәрсенбаев, М.Сұжықов, Н.Жанділдин, Т. Сәрсенов, Д. Кішібеков, Р. Абсаттаров, соңғы уақыттарда Ж. Әбілхожин, Н. Байтенова, А. Қасымжанов т.б. зерттеуде.

Бірінші басылымдар 50-60-шы жылдары пайда болып, ең алдымен қазақ социалистік ұлттың құрылуына арналған. 70-80 жылдары осы мәселеге байланысты көптеген әдебиеттер пайда

болды, бірақ сұрақты қарастыруда қандай да бір принципалды шешім қабылданған жоқ. Тек 90-шы жылдардың бастап этникалық процестерді қарастыруда батыл бетбұрыстар пайда болды.

Ұлт мәселесіне ашықтық орнатуда Ж.Әбілхожин біршама зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Оның пікірінше, ұлт бұл-этникалық емес, мемлекеттік-саяси категория азаматтық болады. Ж.Әбілхожин ұлтты былай түсінеді: “Ұлттық сәйкестік-жалпыазаматтық, менталдық, жеке адам өзінің бірліктегі адамзат қауымдастығына, мемлекетке қатыстылығын және құндылығын ұғынумен сипатталады” (17;44).

Этникалық интеграция мәселесімен айналысатын Н.Байтенова ұлтқа түсінік беру үшін мынадай алғышарттарды алға тартады: полиэтникалық қоғамда адамдар мәнді этникалық, діни, мәдени және тілдік өзгешеліктері бола тұра келісімде және бейбітшілікте өмір сүру үшін ерекше, азаматтық қауымдастыққа интеграцияланып, бірігуі қажет, яғни ұлтқа айналады. Осындай түсіндіруден кейін ұлтқа мынадай анықтама береді: «Ұлт-бұл азаматтардың қауымдастығы, ол жалпы территория мен және бірліктегі мемлекетпен бірлескен, мықты байланысы бар экономикалық және тарихи қауымдастық, этникалық, діни және тілдік айырмашылықтарды өзара сыйлаушылыққа негізделген бірлестік, соңғы нәтиже ретінде, бірыңғай мемлекеттік тілге, патриотизм сезіміне және өзіндік сана-сезімге ие болған» /18;19/.

Р.Б: Әбсатаровтың пікірінше «ұлт барынша дамыған ерекше әлеуметтік-этникалық қауымдастық болып табылады». Ол әртүрлі тайпалардың ұлыстардың, тіпті ұлт пен нәсілдердің өкілдерінің «араласуынан», қосылуының нәтижесінде ұзақ тарихи кезең бойында құрылады. Бұл қауымдастықтың мәдениетінде және тұрмыстық ерекшелігінде көрініс табатын, экономикалық байланыс, территория, тіл, мемлекет және психикалық құрылым сияқты тұрақты белгілердің негізінде пайда болған әлеуметтік-этникалық қауымдастық (19;115).

«Ұлт» деген ұғымның қасына көбіне «ұлыс» деген ұғымды қатар қойып, айтып та жазып жатады. Ұлыс бұл тайпалардың араласу және тайпалық одақтардың құрылу процесінде тарихи құрылған әлеуметтік-этникалық қауымдастық. Ол мәдениетінің ерекшелігімен, экономикалық өмірімен, тілімен, территориясының ортақтығымен сипатталады. Оның ұлттан айырма-

шылығы әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесінің деңгейінде және оның негізін құрайтын басты белгілерде жатыр. Р.Б. Әбсатаров: «Ұлыс-тайпалық қатынастардың ыдырау нәтижесінде, аумақтың, тілдің, мәдениеттің, шаруашылықты жүргізу мен тұрмыстың бір-біріне орайластырыла жақындауының негізінде қалыптасқан адамдар қауымдастығы», -деп атап көрсетті /19;115/.

Қазақстанның этносаяси құрылымының ұғымдық аппаратында «ұлтты» /национальность/ категориясының үлкен мәні бар. Кез келген қазақстандық өзін қандайда бір ұлтқа жатқызуға құқығы бар. Ұлты-адамдардың кез келген әлеуметтік-этникалық қауымдастығының жалпылама анықтамасы, ол қандай да бір елдің нақты-тарихи белгілерінен тәуелсіз құрылған (19;117). Белгілі бір ұлтқа басқа ұлттарға қарағанда негізгі, байырғы /түпкілікті/ болып саналады. Бұл жерде нақты шындық принципі іске асады. «Байырғы ұлт» мәртебесін оның нақты аумақта тұратын басқа ұлттарға қатынасын ескермей анықтауға болмайды. Аталмыш проблема бізді де, шетелдік әріптестерімізді де толғандырады. «Негізгі, байырғы тұрғындар» термині КСРО-да ұлттық-мемлекеттік құрылыс тәжірибесінде кеңінен қолданылса, қазір ол БҰҰ құжаттарында пайдалануда (20). Оны пайдалану белгілі бір аумақтағы тарихи субъектілерге қарағанда көпшілікті құрайтын ұлттан тыс топтардың оларға қысым көрсету мен зорлық жасауын болдырмау мақсатын көздеуден туындайды. Мысалы, БҰҰ-ның гуманитарлық мәселелер жөніндегі тәуелсіз комиссияның баяндамасынан: қазіргі аумаққа әлемнің басқа түпкірінен басқа ұлт өкілдері келген кезде сол жерде өмір сүргендер-түпкілікті, негізгі тұрғындар,-деген сипаттаманы табамыз.

Келесі маңызды категориялардың бірі - «этнос» ұғымы. Оның тарихы антикалық уақытынан басталады. Ежелгі грек тілінде бұл термин «халық», «тайпа», «ру» мағыналарында қолданылды. «Этнос» терминінің өзі шетел ғылыми әдебиетте XVIII-XIX ғасырлар аралығында «халық» мағынасында пайдалана бастады және оның қолданылуы осы сөздің өзінен туындайтын «этнография», «этнология» терминдерімен шектелді. Осы уақытқа дейін «этнос» пікірталас тудырушы этникалық бірлік болып табылады және ол туралы бірауызды келісім де жоқ. Х.М. Энценсбергер ұлт пен этностың арасындағы түбегейлі

айырмашылықты көрсетті: «Кландар, тайпалар жерде адам пайда болғалы бері өмір сүріп келеді. Ал ұлттар бұл кезімізден екі ғасыр бұрын ғана қалыптасты. Айырмашылығы айдан анық. Этностар өз-өзінен, табиғи жолмен пайда болады. Ұлттар болса, саналы күш-жігердің нәтижесі, көбіне олар арнаулы идеологиясыз өмір сүре алмайтын жасанды құрылымдар ретінде көрінеді. Бұл идеологиялық негіз, сәйкес ғұрыптармен, эмблематикамен қатар /байрақтар, әнұрандар және т.б./, ХІХ ғасырда ғана қалыптасты және Еуропа мен Солтүстік Америкадан бүкіл әлемге таралды» (21;226).

Шетел әдебиетінде этнос ұғымына неғұрлым толық анықтама бергеннің бірі американдық зерттеуші Энтони Смит болып табылады. Ол мынадай анықтама ұсынды: этнос-«бұл шығу тегі мен тамырының ортақтығы туралы мифті ұстанатын, ортақ тарихы, бір немесе бірнеше ерекше мәдениеті бар, территориялық бірлігі мен топтық ынтымақтастық сезімі ортақ белгілі бір ұжым» (22;3).

КСРО қоғамтану ғылымында өткен ғасырдың 50-ші жылдардан «этностың» мәні туралы пікірталастар әлі күнге дейін толастаған жоқ. Барлық көзқарастарды екі топқа бөлуге болады: этносты әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіру және оны жаратылыстанымдық ғылыми тұрғыдан түсіндіру. Бірінші топқа үстем концепция болып табылатын этнос теориясын жасап шығарған В.Ю. Бромлей бастаған ғалымдардың негізгі тобын жатқызуға болады: екіншісіне жетекші болған Л.Н.Гумилев және оның ізбасарларының шағын тобы жатады. Ю.В.⁹Бромлей мен өзгелерінің көзқарасы бойынша жалпы алғанда этнос әлеуметтік, тарихи қауым, өзгелердің көзқарасы бойынша, жалпы алғанда, этнос әлеуметтік, тарихи қауым, өзге аналогиялық қауымдардан ерекшеленетін, өздерінің ұжымы өмір сүруінің формасы ретінде қарастырылады (23;63).

Ал, Л.Н. Гумилев этностың мынадай анағұрлым толық анықтамасын береді: «этнос - өздерін өзге аналогиялық ұжымдарға қарсы қоятын берік, табиғи жолмен қалыптасқан адамдар ұжымы және бұл комплиментарлық сезімталдықпен анықталады әрі тарихи уақыттарда заңдылықпен өзгеріп отыратын өзіндік стереотипті мінез-құлықтармен ерекшеленеді» (24;540).

Қазақстан ғалымдары да осы сұрақтан шет қалған жоқ. Р.Б. Әбсаттаровтың пікірінше, этнос-бұл күрделі қоғамдық-тұтастық жүйе, адамдардың тарихи құрылған орнықты тобы, белгілі бір территорияда тұрып жатқан, белгілі бір сипаттағы белгілерге, ортақ тұрақты сапаларға және мәдениет ерекшеліктеріне, өзінің бірліктегі санасына, өзіндік тұтастыққа ие және басқа да осындай құрылымдардан бөлек, яғни тіл, халық мәдениеті, салт-дәстүрлері, мінез-құлық нормалары, әдеттері т.б. (19;116).

Н.Байтенова «этнос» ұғымына мынадай анықтама береді: «Этнос-өздерін өзге қауымға қарсы қоятын, шығу тегі жөніндегі ортақ мифі бар, өзіндік сана-сезіммен, өзіндік атауымен /этноним/ және өзіндік бірегейлігімен өзгелерден ерекшеленетін күрделі динамикалық жүйе» (18;38-39).

Сонымен, этнос ең алдымен күрделі, динамикалық жүйе, біріншіден-күрделі, өйткені бұл географиялық, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік құбылыстар жиынтығы, солардың күрделі қосындысы; екіншіден-динамикалық, өйткені ол дамудың барлық сатыларынан өтетін, өркендеу мен құлдыраудан өтетін өзгермелі құбылыс; үшіншіден-өзіндік ерекше жүйе бола отырып, ол арнаулы байланыстарға негізделген адамдар тұтастығы. Бұл жүйелік байланыстағы маңызды нәрсе- «өзіміз» және «бөтендер» деген ажыратушылық принципке негізделген өздерін өзге этникалық қауымдарға қарсы қоюшылық болып табылады. Әрбір этностың өзінің шығу тегі жөнінде мифі бар. Оның миф деп айтылатын себебі-бүгінгі күнгі барлық этностар өз негіздерінде метистер /будандар/ екендігі даусыз. Этностарды бір-бірінен ерекшелендіретін басты алғышарт - бейімделудің жоғары формасы болып табылатын мінез-құлық стереотипі. Өзіндік сана-сезім мен өзіндік атаудың болуы этностың ерекшелік белгісі болып табылады, өйткені кез келген халық өзін этнос ретінде сезініп, өзін өзгелерден этноним арқылы ажырата білмесе, онда ол этнос ретінде қалыптаса алмайды. Кейбір деректер бойынша /М. Жүнісов, Т. Мансұров/ қалыптасқан этнос ретінде қазақтар тарихы 500 жылдан астам мерзімді қамтиды.

Қазіргі жағдайларда ғылымда этникалық концепция кеңінен қолданыла бастады. Алайда мұнда да осы терминге қатысты бірауызды пікір жоқ. Зерттеушілердің бір бөлігі этникалықты нәсілдік, діни, ұлттық немесе аймақтық бірлікке негізделген топтың ұжымдық сезімі ретінде қарастырады. Д. Робертсонның

«Саяси сөздігінде» берілген «этникалық» анықтамасы осы түсінікке сәйкес келеді: «Этникалық дегеніміз нәсілдік, мәдени және тарихи сипаттамалар негізінде қоғамның уақыт өткен сайын жекелеген, кейде бір-біріне жау саяси достастықтарға бөлінетін күрделі құрылымы болып табылады» (25, 111).

Өзге зерттеушілердің пікірінше, этникалық-тұлғаның этникалық қасиеттерін белгілеу үшін, ал үшіншілерінің ойынша-этникалық бірліктерді белгілеу үшін қолданылады.

Этникалық бірліктердің мазмұнын ашу барысында Н. Байтенова берген этникалық қауым классификациясына сүйендік (18;37).

Этникалық қауымдарды жіктеуге кіріспес бұрын «этникалық қауым» және «этнос» ұғымдарының айырмашылығын білу қажет. Осыған байланысты «этникалық қауым» ұғымы этникалық түзілімдердің барлық түрлері мен олардың таксономикалық деңгейлерінің «тектік» ұғымы ретінде көрінеді деп есептейтін Ю.В. Бромлейдің және В.И.Козловтың пікірімен келісуге болады. «Этнос» термині болса этникалық қауымдардың негізгі бөлігін белгілеу үшін ғана қолданылады. Этникалық қауымдар классификациясын құрастырғанда қарапайымнан күрделіге өту принципі басшылыққа алынады. Этникалық қасиеттердің негізгі тасымалдаушысы мен субъектісі адам болып табылады, сондықтан оны бұл сапада «этнофор» деп белгілеу ұсынылды (Э.Л. Васильева, В.В. Пименов, Л.С. Христюбова).

Күрделілігі жағынан келесі бір токсномикалық деңгей қатарына «этнографиялық топ», «этникалық топ», «ұлттық топтар», «субэтнос» жатады. «Этнографиялық топ» ұғымы айқын өзіндік санасы мен өзіндік атауы жоқ этностың ішкі бөлігін белгілеу үшін пайдаланады. Оларға, мысалы, солтүстік және оңтүстік орыстарды жатқызуға болады.

Р.Б. Әбсаттаровтың пікірінше, «ұлттық топ-сол мемлекет үшін жергілікті емес ұлттың немесе ұлыстың бөлігінің шығу тегі, тілі және мәдениеті жақын адамдардың қауымы» (19). Ұлттық топтың өз халқымен әлеуметтік-этникалық байланыстары әлсіз немесе кездейсоқтық сипатта болады. Кезінде бөлінген халықтан ортақтығы тек тұқым қуалаушылық этникалық белгілерде ғана болады. Ұлттық топтардың мысалына қазақстандық орыстарды, болгарларды, немістерді, т.б. келтіруге болады.

Этникалық топтар барлық этностарға тән. Этникалық топтардың этностан, өзінің негізгі массасынан ешқандай айырмашылығы болмайды, бірақ олардан алшақтап кеткендіктен, бұлардың аумақтық /территориялық/ тұтастығы болмайды.

Американдық зерттеуші Дж. М. Уингердің пікірінше, этникалық топтар мынадай параметрлері бойынша ерекшеленеді: тіл, діни наным-сенімі, нәсілдік белгісі және шыққан отаны. Бұл топтың мүшелері өздерінің қауымы мен қоғам арасындағы айырмашылықты жете сезінеді (30;306).

Этникалық топтар ұйымдасу жолдарының айырмашылығынан орай, өз кезегінде, ирредента және диаспора деп бөлінеді. Н.Байтенова оларға мынадай анықтамалар береді: «Ирредента-бұл өзге мемлекеттің территориялық экспансиясы негізінде бөтен этникалық аймақтарды қосып алу нәтижесінде құрылған этникалық топтың бір бөлігі болып табылады; диаспора-өзінің негізгі этникалық территориясынан бөтен этникалық аймаққа миграция жасау негізінде түзілген этникалық топтың бөлігі» (18;38).

Келесі этникалық қауым да ішкі бөлініспен байланысты бірақ бұл күрделі қауым, өйткені олар этностың негізгі массасынан ауызекі тілі, мәдениеті мен тұрмысы жағынан жергілікті сипатта ерекшеленеді және кейде өзіндік атауы мен дүбара болса да, өзіндік санасы болады. Мұндай этникалық қауымды «субэтнос» ұғымымен белгілейді және олардың қатарына, мысалы, орыс халқының субэтностары ретінде казактарды, поморларды жатқызуға болады. Мұндай бөлініс барлығына тән емес екендігін ескерте кеткен жөн, бұл көбіне өткенінде де, қазіргі уақытта да тілдік-мәдени қатынасында біртұтас бүтіндікті білдірмейтін ірі этностарда болады.

Этникалық қауымдардың сатысының ең жоғары таксоны суперэтнос болып табылады. Суперэтнос өз менталитеттері жағынан бір-біріне жақын бірнеше этностардан құралады және үнемі саяси бірлігі болмағанымен идеялық-діни немесе мәдени жағынан біртұтас болып келеді. Суперэтнос туыс, діни мен мәдениеті бойынша жақын этностардан құралады.

Этностарды және этникалық топтарды айрықшаландыратын маңызды белгі этникалық таптаурын /стереотип/ болып табылады. Шетел этнологиялық ғылымында этникалық таптаурынды зерттеуде үлкен тәжірибе және бай дәстүр жинақталған.

«Әлеуметтік таптаурын /стереотип/» терминін ғылыми айналымға енгізген. У. Липпман этникалық таптаурынды этникалық топтың жалған образы ол нәсілдік және ұлттық сарқыншақтармен байланысты, басқа бір топтың адамының ерекше «сурет-образы» деп анықтайды. В.Бухенен және Э. Екнтрил ұлттық таптаурынды халықтың объективті деп қарастырмай, оны өшпенділік немесе жылы шырайлы сезімі деп қарастырады (26;144). Х.П. Дейкердің және Н.Х. Фрейдтің түсінігінше этникалық таптаурындар-бұл басқа халық туралы жалпыланған мінезді бағалайтын пікір (27;36). С. Чугровтың айтуынша, олар бір ұлттың басқа немесе өзі туралы тұрақты, схемалық және эмоционалды ренделген пікірі (28;44).

Этникалық таптаурындар ұлттық және ұлтшылық таптаурындарға бөлінеді деген пікір бар. Ұлттық таптаурындар- «бұл ұлттық сананың табиғи құрамдас элементтері, адамдарға өзінің қай этносқа жататындығын, өзінің басқа ұлттық қауымдастықтан айырмашылығын ұғынуға көмектесетін өзіндік бір» «ұжымдық» түсінік. Осындай түсінікке ұлттық сезім, ұлттық абырой, патриотизм сүйенеді. Осылар бір ұрпақтан екінші ұрпаққа әлеуметтік және адамгершілік тәжірибесінің ұлттық формаларын берудегі схемалық нормалары, қоғамның өзіндік сана-сезімнің стандарты, құралдары (28;51).

«Ұлтшылдық таптаурындар-бұлар бұқара санасына орнықты, эмоциональды-ренкті, схемалық бейнелер. Оларды басқа ұлттарға өшпенділік рухында қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатында қолданады» (28;52-59).

Барынша маңызды мәселелердің бірі-этникалық сәйкестілік /идентичность/. Ол этникалық өзіндік сананы, төлдік, ұлттық мінез, белгілі бір топқа жататындығы «басқалардан» айырмашылығы туралы сезім т.б.

Қоғамтануда «мінез-құлық таптаурыны /стереотип/» ұғымы қолданылады. Мінез-құлық таптаурыны /стереотип/ ұғымын түсіндіруге Л.Н. Гумилевпен келісуге болады: «мінез-құлықтың ерекше тілі М.Е. Лобашев көрсеткеніндей, қан арқылы емес, шартты рефлекске негізделген сигналдық мұрагерлік тетігі арқылы беріледі және кейінгі ұрпақтан ата-аналары мен қатардағы құрбыларына еліктеу арқылы алынған мінез-құлық стереотиптері сонымен бір мезгілде бейімделуші әдеті де болып табылады» (24;101-102).

Қоғамтануда мінез-құлық таптаурының /стереотипті / әлеуметтік өзара қатынастар модификациясы және дәстүр ретінде белгілі. Әрбір этнос үшін өзінің мінез-құлық стереотипі өмір қамының бірден-бір тәсілін білдіреді, сондықтан да мінез-құлық бұл типі сол этнос үшін қалыпты болғанымен, өзге этностар үшін болып саналады.

Келесі бір ұғым «Өзіндік бірегейлік /сәйкестілік /самоидентификация/ белгілі бір қауымның өзгелерден ерекше мінез-құлық стереотипі мен өзін айрықша халық» деп анықтай алатынын білдіреді (18;4).

Тақырыптың мәселелерін қарастыру да тілдік саясатпен және тілдік құрылыспен байланысты ұғымдарды қарастыру өте маңызды. Тілдің әртүрлі аспектілерін, жақтарын әр түрлі ғалымдардың өкілдері теориялық жағынан зерттеуде. Демографтардың пікірінше «тіл-адамзат қоғамында стихиялық пайда болатын және дамитын дыбыстардың жүйесі, ол қарым-қатынас мақсатына арналған және дүние туралы өзінің білімдерін және түсініктер жиынтығын көрсете білу қабілеті» (3,383). Ал филологтар тілді «ойдың жұмысының нәтижесін бекітетін, дыбыстық және сөздік-грамматикалық құрал және адамдардың қарым-қатынасының, ой алмасудың және қоғамда өзара түсінудің құралы болатын» жүйесі ретінде қарастырылады (29;847). Социологтар пікірінше, «тіл-қарым-қатынас жүйесі, ол дыбыс және символдар негізінде жүзеге асырылады, шартты, бірақ құрылымдық негізделген мәнге ие» (30;66). Біз қарастырып отырған мәселелерге Л.Б. Никольскийдің тіл туралы анықтамасының қатысы бар. Ол оны тіл белгілік жүйе болып табылады, ол арқылы ой беріледі, сонымен қатар этностың негізгі белгісі, этникалық мәдениеттің компоненті, этникалық мәдени-идеологиялық және әлеуметтік-саяси процестердің факторы болады.

Тіл этникалықтың ішіндегі бірліктің негізін қалайды. Ол бүкіл этноста коммуникацияны жүзеге асырады, әр түрлі таптарға және бұқара топтарына, кәсіптік, демографиялық және территориялық топтарға жататын бүкіл мүшелердің өмірінде және өндірістің бүкіл аясында әлеуметтік қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Тілдің этникалық қауымдастықтың кез-келген даму кезеңінде бүкіл оның коммуникативтік және мәдени сұранысын қанағаттандыратын қабілетін этностың әрбір мүшесінің /сословиялық-таптық жататындығына тәуелсіз/ тілді оған табиғатынан, жалпы ортақ игілік берілді деп қабылдауымен түсіндіріледі (31;29).

«Ана тілі» және «мемлекеттік тіл» терминдерінің үлкен анықтаушы маңызы бар. Нақты адамның ана тілі деп ол қай этносқа жатса, соның тілі адамның ана тілі болады. Сонымен бірге мынадай да пікір бар «адам қай тілді терең және толықтай меңгерсе, басқа тілдерге қарағанда сол тілге жеңілірек, тезірек, қолайлырақ ойлауға жағдай туса және күнделікті болса, сол тіл ана тілі болады» (32,27).

Э.В. Тадевоян мемлекеттік тіл деп республика тұрғындарының ресми қарым-қатынасында кеңінен қолданатын құрал ретіндегі тілді айтады. Ол іс-әрекетте қолданылады, бұл тілде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда іс-қағаздары жүргізіледі, білім беру, мәдениет, ғылым, өндіріс, тұрмыстық қамтуда т.б. қолданылады (33,19). Оның пікірінше, мемлекеттік тілге көмек беруді, құқықтық қорғауды, оның дамуына ерекше қамқорлықты қамтамасыз етуі керек. Бірақ тілдің мемлекеттік ⁹⁹статуста болуы оған артықшылық бермеу керек. Бірақ автордың осы ойы мемлекеттік тілге байланысты бірізділік жоқ екенін көрсетіп отыр, себебі оған берген белгілері мемлекеттік тілдің артықшылыққа ие болғанын көрсетіп отыр.

1953 жылы ЮНЕСКО сарапшылары мемлекеттік тілге мынадай анықтама берді: «Мемлекеттік тіл, сол мемлекеттің шеңберінде саяси, әлеуметтік және мәдени ортада интеграциялық функция атқарып, сол мемлекеттің символы сапасына көрінеді» (34,41).

Бірақ бұл анықтама тым жалпылама сипатта, онда тілдің қолдану аясы көрсетілмеген.

Е.Хасанұлының пікірінше, «мемлекеттік тіл /ресми тіл/ дегеніміз-қоғамдық өмірдің барлық саласында мемлекеттік мәртебеге /дәрежеге/ ие болған, Қазақстанның күллі аумағында барлық халық міндетті түрде қолданатын тіл» (35).

Политологиядан энциклопедиялық сөздік құрастырушылар саяси төзімділік /толеранттық/ қандай да бір саяси күштердің өз қатарында басқаша мәнді ойлауына келісушілікке даярлықты білдіреді; егерде бұл күштер өкімет басында болса, саяси толеранттық олардың конституцияның шеңберінде оппозицияның іс-әрекетіне жол беруде көрінеді. Ал жеке адамның өмірінде саяси толеранттық – бұл саяси қарсыластардың пікірін тыңдауға деген даярлықты көрсету, қайта түсіндіру ұмтылысы /бір жағдайларда-логикалық аргументацияның құралымен; екінші жағдайларда –олардың позициясының дұрыстығын мойындау іскерлігі/ (10;375).

Ал жалпы алғанда толеранттық-бұл өзіндік көзқарасқа, пікірге, мінез-құлыққа сәйкес келмейтінге шыдамдылық, оларды бағалаудағы күнілгері кесіп-пішілмегендік және ем-еркіндік.

Әдебиет

1. Калмырзаев А.С. Нация и человек социально-философский анализ. Автореферат дисс. докт. философских наук. М., 1992.

2. Тавадов Г.Т. Политика и национальные отношения. // Социально-политические науки. №10 1991.

3. Население мира. Демографический справочник. М., 1989.

4. Тишков В.О. Этнонационализм и новая Россия. Теория и мировой опыт. // Свободная мысль. №4 1992.

5. Сілтеме алынды: Национальные интересы: Теория и практика. Под ред. Э.А. Позднякова. М., 1991.

6. Котанджян Г.С. Введение в этнополитологию консенсуса-конфликта: теоретико-методологические проблемы цивилизационного анализа. М., 1992.

7. Агаев А.Г. Теория нации в тисках схоластического догматизма. // Социально-политические науки. №12 1990.

8. Краткая философская энциклопедия. М., 1994.

9. Ямсков А.Н. Межнациональные конфликты в Закавказье: предпосылки возникновения и тенденции развития. // Полис: политические исследования. №2 1991.

10. Политология: энциклопедический словарь. М., 1993.

11. Ионин Л. Философия национальности. // Перестройка и национальные проблемы. Приложение к журналу «Новое время» №1 1989.

12. Геллнер Э. Нации и национализм. // Вопросы философии. №7 1989.

13. Гасанов М.Н., Зачесов К.Я. О приоритетах в современных национальных отношениях. // Социально-политические науки. №9 1990.

14. Сілт. алынды: Очирова Т. Народность, нация, национальность. // Слово. №2 1992.

15. Иорданский В.Б. Этнос и нация. // Мировая экономика и международные отношения. №3 1992.

16. Оболонский А. Национальные проблемы глазами психоаналитика с политологическим комментарием. // ОНС: общественные науки и современность. №6 1992.

17. Абылхожин Ж. Проблемы национальной идентификации в политических государствах постсоветской Азии. // Модернизация: мировой опыт и современный Казахстан. А., 1995.

18. Байтенова Н. Межэтническая интеграция. А., 1998.

19. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. А., 1995.

20. Коренное население: глобальные стремление к справедливости. М., 1990.

21. Энценсбергер Х.М. Великое переселение. // Иностранная литература. №9 1994.

22. Сілт. алынды: Купер Р., Бердал М. Внешнее вмешательство в этнические конфликты. Постсоветские отношения: конфликты и сотрудничество. Киев, 1994.

23. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. М., 1983.

24. Гумилев Л.Н. Этносфера: история людей и история природы. М., 1993.

25. Robertson D The Penguin Dictionary of politics II Penguin Books, 1985.

26. Межнациональные отношения в Казахстане: теория и практика регулирования. А., 1993.

27. Национальный характер и национальные стереотипы. Современная западная этнопсихология. М., 1979.

28. Чугров С. Этнические стереотипы и их влияние на формирование общественного мнения. // Мировая экономика и международные отношения. №1 1993.

29. Словарь русского языка. М., 1953.

30. Смелзер Н. Социология. М., 1994.

31. Никольский Л.Б. Проблемы языков межэтнического общения. // Народы Азии и Африки. №2 1990.

32. Ибрагимов Г., Зачесов К.Я, О понятии родной язык. // Русский язык в национальной школы. №8 1990.

33. Тавевосян Э.В. Что такое государственный язык? // Политическое образование. №5 1989.

34. Phillipsonh Linguistic imperialism. Oxford, 1992

35. Хасанұлы Б. Заңның күші-тілдің сұсы. // Егемен Қазақстан. 21 маусым 2003.

9 ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛҮ

Тәрбиелеудің мақсатын, міндеттерін және ұстанымдарын басшылыққа ала отырып ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуде оқушыларға хабарланатын білім жүйесін анықтап алу керек .

Мектепте ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуге байланысты көп жыл бұрын айтылса да, осы күнге дейін мәнін жоймаған академик Ю.В. Бромлейдің пікірін есепке алуымыз қажет. «Егерде жеткіншектің санасында ұлттық және интернационалдың тәрбиемен емес, қайта тәрбиелеумен айналысуға тура келеді. Сондықтан мектеп тек қана элементарлық географиялық білім беріп қоймай, этнографиялық білім беруде тиісті»(1).

Қазақстан жалпы білім беретін мектептер білім мазмұнының тұжырымдамасында білім мазмұнын халықтық педагогикамен, ұлттық дәстүрлердің жалпы адамзат жинақтаған мәдени құндылықтармен диалектикалық бірлестіктегі ұлттық ерекшеліктерге сүйену принциптерін сақтау белгіленген (2).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі – отандық дәстүрлер, әлемдік тәжірибе және тұрақты даму қағидаттары негізінде білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту белгіленген (3).

Мектептің оқу жоспарының пәндері құрамын және бағдарлама мен оқулықтарды құрайтын білімдер жүйесін дұрыс анықтау тәрбиелеушілік функциясын толық жүзеге асыруға, оқушыларда құқықтық, моральдық-этикалық, эстетикалық т.б. көзқарастарды, сапаларды қалыптастыруға мүмкіншілік береді. Оқу пәндерін таңдаудың және олардың тәрбиелеушілік функциясын анықтаудың құқықтық негізі мыналар болады: Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім туралы» заңы, Қазақстанның ұлттық саясатқа байланысты тұжырымдамалары.

Оқушыларда ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуде қоғамдық пәндердің мазмұнын методологиялық жағынан дұрыс анықтап және оларды мектептің оқу жоспарының компоненттерінің құрамында орналасуы үлкен мәнге ие.

Көптеген педагог - ғалымдадың пікірінше білім беру мазмұнында ұлттықты және жалпыадамзаттықтың өзара байланысын қамтамасыз ету үшін оқу жоспарында пәндерді былайша орналастыру қажет:

а) жалпыадамзаттық (адамзат қауымдастығы, оның тарихы, жер шарында тұратын халықтар, олардың экономикалық, мәдени, саяси өзара қатынастары, бейбітшілік сақтаудағы БҰҰ басқа да халықаралық ұйымдардың іс-әрекеті туралы білім беретін пәндер);

ә) республикалық (жалпымәдени және жалпы мемлекеттік мәндегі пәндер, олар елде білім берудің бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан халықтарының бірлескен өмірінің тарихи құрылуын, олардың экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастығы, қазақ халқы туралы – қазақ мемлекетінің тірегі, қазақстандық сезім және өзіндік сана туралы);

б) өңірлік (облыстық, саяси, тарихи, экономикалық және мәдени өмірі, ондағы тұрғындардың ана тілі әдебиеті, ерекше сұраныстары және қызығушылықтары туралы білім беретін пәндер);

в) жергілікті, мектептік (нақты білім беру мекемесінің, этникалық топтың немесе ұлттық азшылықтың ерекшелігін сипаттайтын көрсететін пәндер).

Жоғарыда айтылғандар ұлттықты, жалпыұлттықты, мемлекеттілікті жалпы дүниежүзіліктің бірлігін және өзара байланысын қамтамасыз ету негізгі концептуалдық тұрғы деген қорытынды жасауға негіз болып, оларды мыналарды жүзеге асырғанда басшылыққа алу керек:

а) оқу пәндерінің мазмұнын анықтағанда;

ә) оқу жоспарының компоненттері бойынша пәндерді орналастырғанда;

б) ұлтаралық қарым-қатынас психологиясы мен педагогикасы аясындағы негізгі ұғымдардың, категориялардың мәнін ашқанда.

Ғылыми білім құрылымы мен іс-әрекеттер құрылымына сәйкес келетін білім компоненттері оқу мазмұнының төмендегідей құрылымы мен құрамын анықтайды:

- әлем мен адамды тану (химия, биология, география, астрономия, физика);

- қоғам мен адамды тану (адам және қоғам, тарих);

- ана тілін тану және басқа да тілдерді оқып - үйрену;
- математиканы тану (математика, информатика)
- өнер салаларын, оның түрлі үлгілерін тану (бейнелеу өнері, музыка, әдебиет);
- болмыстың өзгеруін, өңделуін тану және тұлғалық өзін-өзі жетілдіруі (еңбек, дене шынықтыру).

Оқушылардың және жастардың қарым-қатынасы әр түрлі халықтардың мәдени жетістігін пайымдаудың, танудың, берудің және меңгерудің тәсілдері және құралдары ретінде де қарастырылады. Сондықтан білім беру мазмұнында этномәдени бағытталғандық болу керек. Халықтың мәдени байлығын, мәдениеттің дамуын өңірлік ерекшелігін көрсететін жағдайаттарды енгізу арқылы білім мазмұнын байқауға болады.

Полиэтникалық оқушылардан тұратын мемлекеттердегі этномәдени білім берудің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының «Білім беру» заңы болып табылады.

Ұлттық-өңірлік компонентін қосса, мемлекеттік білім беру стандартын Заң және Конституция орнатады. Бұл Қазақстанның өңірлерінде олардың тарихын, мәдениетін, даму ерекшеліктерін қосу арқылы білім беру мазмұнын байытуға мүмкіндік береді.

Нормативті құжаттардағы білім беру теориясы мен тәжірибесін талдау барысында білім беру ұлттық-өңірлік компонентті енгізуде модельді бөліп көрсетуге болады: пәнаралық, модульді, жалпы пәндік, кешенді және толықтырушы.

Білім беру мәдени негізін гуманитарлық пәндер құрайды. Оларды отандық тарихи жүйелік оқу курсы (мысалы: армян халықтар тарихы), этникалық (ана тіл) тіл және әдебиет (пәндік модель) ұсынылған. Сонымен қатар білім беру процесінде ұлттық-өңірлік компоненттерінде модульдік модель қолданылады. Жекеленген тақырыпта, мысалы: «Ән – Қазақстан халықтарының ұлттық әндері», «Сурет салу өнері» - қытай сурет өнері, гжельск жазуы және т.б., «Технология» - киімді сәндеу, ағаш кесу және т.б.). Этномәдениет ерекшеліктері оқу пәндерінде интеграцияланады.

Білім беру этномәдени бағытының мазмұны оқушылардың арнайы курстарда төменгі тақырыптардың кез-келгенін талдауына байланысты оқу процесі жүзеге асады:

«Туған жердің мәдениеті және салт-дәстүрлері», «Ұлттық мәдениет», «Этнопедагогика», «Туған халықтың тарихы, әдебиеті, мәдениеті», «Ұлттық сәндік – қолданбалы өнер», «Туған жердің экологиясы» және т.б.

Сонымен қатар интегралды курстар: «Елдің оңтүстігіндегі халықтарының мәдениеті», «Әлемдік діни тарихы», «Қазақстан халықтарының діни мәдениеті». Ұлттық және ұлттан тыс білім беру жүйесі арасында география мен биология орын алады. Бұл екі пән оқушыларға өзі дүниеге келген және өмір сүріп жатқан елі, жері туралы, климаттық жағдайлары және табиғи байлықтар, ауыл шаруашылығы және өндіріс саласы жөнінде, әлемдік экономикадағы орны мен рөлі, экологиялық проблемалары және т.б. туралы білім береді. География және биология пәндері отандық мәдениет туралы берік білім берсе, жаратылыстану дүниеге көзқарастың негізін қалыптастырады. Мысалы, «Батыс Қазақстан флорасы мен фаунасы» курсы, «Батыс Қазақстан өңірінің географиясы», «Батыс Қазақстан тарихы» курстары.

Білім беру мекемелерінде қалыпты әлеуметтік-ұлттық және психологиялық атмосфераны ұлтаралық қарым-қатынастың жалпы мақсатымен жоспарлы оқу және оқудан тыс әрекеттер түрінде тәрбиеленушілерді ынталандырып тарту керек.

Мемлекетіміздің ұлттық саясатқа байланысты тұжырымдамаларын және басқа құқықтық актілерді ғылыми – педагогикалық талдаудан өткізіп оқушыларда ұлттық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің мынадай шараларын ұсынуға болады:

1) Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің методологиялық және тәрбиелеу теориясын жасауға байланысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;

2) Мектептік білім беру мазмұнына ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білімдерді енгізу;

3) Мемлекеттік білім беру стандартына оқушылардың мемлекеттік ұлттық саясаттың қағидаларын, халықтар достығын және толеранттық мінез-құлықты қалыптастыратын білімдерді қамтамасыз ететін талаптарды енгізу;

4) «Ұлтаралық қарым-қатынас психологиясы және педагогикасы» курсының жоғары оқу орындарына даярлау (бағдарлама, оқулық және әдістемелік құралдар).

5) «Ұлттық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу» курсы жасау мектеп оқушыларына, арнаулы орта білім беретін оқу орындарының студенттеріне, кадрлардың біліктілігін арттыратын мекемелерге бағдарламаларды және оқулықтарды даярлау;

6) Оқушыларды ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу үшін мектептің қазіргі оқу жоспарындағы пәндердің мазмұнына, мемлекеттің ұлттық саясатының қағидаларын, білімдерін және іскерліктерін енгізу;

7) Жалпыадамзаттың, ұлттықтың және ерекшеліктің бірлігі қамтамасыз етілген «Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу» тұжырымдамасын жасау және жүзеге асыру.

Соңғы уақыттарда пайда болған әр түрлі білім беру жүйелерін осы тұрғыдан қарастыру қажет. Солардың ішінде АҚШ, Канада және Батыс Еуропаның кейбір елдерінде пайда болған жаңа педагогикалық бағыт – ғаламдық білім үлкен орынға ие болып отыр. Ол адамға, дүниеге көзқарас, дүние қабылдаудың қалыптасқан дағдыларын еңсеруге дүниесі кеңірек қабылдауын мүмкіншілік беруге тиісті. Ғаламдық білімнің мақсаты ұлттық әр түрлілік, мәдени әр тектілік, өсіп бара жатқан өзара тәуелділікке тән шектеулі ресурсты, біртұтас әлемде өмір сүруге лайық оқушыларға білім, көзқарас жүйесін беру. Шетелде көпшілік қолдаушыларға ие болып отырған осы тұжырымдама халықаралық қатынастардың қажеттілігі мен мүмкіндігіне назар аударып, әлемдік үрдістерді жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан түсінуге тырысады. Бұл бағыт өкілдерінің көзқарасы бойынша, ғаламдық білімді төмендегідей өлшемдердің жиынтығы деп санайтын Т.Хенви көзқарасы жақын: дүниеге еркін көзқарас, яғни әлемнің сан қилылығын түсіну, планетаның жағдайын түсіну, басқа мәдениеттерді түсіну, адамның өз еркімен таңдау жасауы.

Р.Хенви моделі бойынша, білім адамға мәдени, әлеуметтік, экологиялық деңгейде байланыс жасауға, көмектесуге тиіс. Жалпы адамдық және жеке аспектілерді, философиялық толғаныс пен нақты істі байланыстырады. Бұл модельде дүниені әрбір адамның өмірімен, басқаларамен тығыз байланысты, өзара тәуелді, тұтас әлемдік қауым ретінде қарайды.

Қазіргі жастар ғаламдық ойлауды дамытуды қамтамасыз ететін білімдерді меңгеруге тиісті. Бұл білімдер оқу пәндерінің мазмұнында баршылық.

Әдебиет.

1.Бромлей Ю.В. Национальные аспекты духовной жизни человека в исторической перспективе. // Актуальные проблемы национального и интернационального в духовном мире советского человека. Вып. 1. Баку. 1984.

2.Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептер білім мазмұнының тұжырымдамасы. // Қазақстан мұғалімі. 9 сәуір.1993.

3.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. // Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан 2010.

10 ТАРАУ. ОҚУШЫЛАРДА ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Еліміздің ұлттық саясатын, педагогикалық әдебиетті талдау гуманитарлық және қоғамдық пәндердің мазмұнына мынадай өзгерістер енгізілуі қажет екендігін көрсетіп отыр:

- дүниежүзі халықтарының өмірі, мәдениеті, салт-дәстүрлері, тұрмысы туралы ақпараттарды кеңейту;

- мәдениет диалогы астарларында студенттердің зерттеушілік әрекеті;

- студенттерде өзге ұлт өкілдеріне қатысты жағымсыз қарым-қатынас орнататын, олардың ар-намысын таптайтын, өзге ұлттарға теріс қатынас туғызатын жадығаттарды алып тастау.

Осы мақсатта арнайы курс аясында мынадай шаралар жүргізіледі :

1. Тәрбиеленушілерді басқа мәдениетпен арнайы даярланған, педагогтандырылған ортада кездесу ұйымдастыру.

Мысалы:

- ойын «...елінің заңдары» (... – қандайда бір елдің аты), мұнда христиандық және мұсылмандық тұрғындарының өкілдерінің келіссөздері моделденеді. Ойында осындай елде болуы мәселелер және оларды шешудің тәсілдері талқыланады.

- ойын «Дүниелердің кездесуі», мұнда «ұлы географиялық ашулар кезеңі» деп аталатын уақытта Көне және Жаңа дүниенің тұрғындарының кездесуін модельдейді. Ойында осы ашуларға байланысты еуропалықтардың және жергілікті тұрғындардың көзқарастарын көрсететін мәдениетаралық диалог болады.

2. Тәрбиеленушінің басқа мәдениеттің өкілдеріне қатынасын мәселелендіруді (проблематизация) ұйымдастыру. Мәселелендіру - бұл тәрбиеленушілерге жасанды түрде құрылатын проблемдік жағдаят, оны шешу барысында ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың міндеттері жүзеге асырылады.

3. Мәселелік пікірталастарды ұйымдастыру. Пікірталастардың үлгілі тақырыптары мынадай болуы мүмкін: «ұлтқа жататындығы» ұғымы – бұл қазіргі дүниеде қажет пе?», «кім үшін «Отан тарихы» оқулығы жазылған?» т.б.

4. Тәрбиеленушінің басқа мәдениеттің өкілдеріне деген өзінің қатынасын рефлексиялау (өз іс-әректің ұғыну) процесін ұйымдастыру.

Төменде арнайы курстың сабағында «көк көздер және қоңыр көздер» ролдік ойынының жадығаттары беріліп отыр.

«Көк көздер және қоңыр көздер»

Ойын мақсаты:

- студенттерге нәсілдік (ұлттық) белгісі бойынша дискриминация моделін ұсыну;

- дискриминация кезінде пайда болатын жағдаяттардың күрделілігін көрсету;

- осындай жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай алуға дағдыландыру.

Ойын құрылымы:

1. Кіріспе ақпарат;

2. Топтарға бөліну;

3. Топтармен жұмыс;

4. Жалпы ой талқы;

5. Қорытынды әңгіме.

Кіріспе ақпарат ойынға бағыт беру.

Жерге басқа планеталықтар ұшып келді. Олардың планетасында ғалымдар барлығына бірдей адамзат психикасы заңын ашқан: бұл заңға сәйкес барлық адамдар өздерінің психикалық қасиеттері бойынша екі топқа бөлінеді екен. Қандай да бір қауымдастықтың өкілі болу үшін негізгі белгі көздің түсі болып табылады екен. Қоңыр (қара) көздер адамның тек қана денелік жұмысқа қабілеттілігін, оның интеллектуалды және ішкі жан-дүниесі мүмкіншілігі жоққа жақын екендігін білдіреді. Көк (ашық) көздер - «адамзат көзінің түсі», қоңыр көздерге қарама-қайшы келеді.

Бұл жаңалықтар осы планета тұрғындарының өз қоғамын жетілдіруге, кеңейтіп дамытуға мүмкіндік береді. Олар жер тұрғындарына өздерінің ашқан жаңалықтарын қолдануды және өз өмірлерінің қайта құруын, жаңартуды ұсынды.

Бір инопланетян осындай өмірді қайта құрудың ғылыми негізделген шешу жолы бар дәрісін оқиды. Сол дәрістің қысқаша нұсқауын тыңдап көрейік.

Құрметті мырзалар!

Мен сіздердің алдарыңызға қарама-қайшылығы жоқ және әлеуметтік құрылымдағы ең алғаш, жалғаз болып табылатын, жаңа объективті ғылыми теорияны ұсынғым келіп отыр. Біз өмірде бақытты және бақытсыз, дарынды және делдал, ғалымдар және надан адамдар бар екеніне үйренгенбіз. Біз бұларды ойға сыймайтын және алшақ түсініктермен мысалы, жеке дарындылық, талант, қабілеттер, шабыт және т.б. түсініктермен сипаттап келдік.

Адамзатты бөлу жаңа бір, көп жақты және тиянақты зерттелген, қарастырылған әдіс негізінде анықталды – бұл «белгі»: яғни адамзат көзінің қарашығы түсімен, индивидтер арасындағы айырмашылықтарды анықтауға және оларды түсіндіруге мүмкіндік береді. Әртүрлі интеллект деңгейінің болуы көздің түсіне ғана емес, оның негізіне енген физиологиялық факторлардың себебінен деп түсіндіруге болады. Бақылау жолы арқылы зерттеу нәтижесіне сүйенсек *homo sapiens* – терде болған көздерінің көк түсті рецессивті белгі бойынша барлық жағдайда интеллект деңгейінің прогрессивті дамуының және туа біткен қабілеттерінің көрсеткіші болып табылады.

Доминантты белгісі бар көздер қоңыр түсті адамдар, «көк көзділермен» салыстырғанда дамып, жетілген кезде көптеген кедергілер мен ауытқушылықтарға ұшырап отырады. Сол себепті мысалы, қоңыр көзділерде бас миының массасы төмен, бас сүйегі қалың, тізе бүгу, жүру, ұстау рефлекстері әлсіз болып көрінеді, ақпаратты қабылдау және еске сақтау қабілеті өте төмен болып келеді. Сол себептен қоңыр көздерге жауапты жұмыс және қиын тапсырмаларды берген кезде терең ойлану керек: себебі көздерінің қарашығының орналасу құрылымына байланысты олар ақпаратты адам тәріздес маймылдардың жүйке жүйесі тәрізді қабылдайды.

Көк көзділерге қарағанда қоңыр көзділердің гипоталамустағы нейрондардың кестесінің анализі өте төменгі деңгейді көрсетеді. Соған сәйкес қоңыр көзділерде интеллектуалдық еңбекке деген қабілеттілік және икемділік я жоқ болуы, я өнімді емес формада көрінуі мүмкін.

Топтарға бөлу.

Жүргізушілер студенттерді «көздерінің түсі» бойынша екі топқа тездетіп бөліп тастайды. Бұл жерде вариативтілік болуы мүмкін, ол яғни көздің қарашығын анықтауға байланысты пайда болған ой толқыны болдырмау. Сол себептен «ашық-күрең» деген анықтаманы қолдануға болады

Жүргізушілердің алдағы жасалар барлық іс-әрекеттері, студенттерге ұсынылған рольдердің және құқықтарының, яғни «көк көзділер» - өздерінің шексіз еркіндіктерін және «қоңыр көзділер» - өздерінің төмен, ешқандай құқыққа ие емес жағдайын сезінуге бағытталуы тиіс.

Барлық ойыншыларға келесі жасалынатын іс-әрекеттің жоспары ұсынылады: топтар өзара бөлініп бірнеше уақыт бөлек жұмыс істейді.

Топтармен жұмыс.

«Көк көзділердің» міндеті: жаңа қоғамға қатысты заңдар жинағын құрастырып шығу тиіс (олардың бір ескеретіні, қандай да болмасын мінез-құлық ережесін және ұстанымдарын ойлап шығаруға және оларды өмірде қолданысқа енгізуге құқықтары бар).

«Қоңыр көзділерге» мамандықтар тізімі беріледі, олар бұл тізімдегі мамандықтарды өзара бөліп алады. Тізімде тек денелік еңбек немесе квалификациясынан өтпеген еңбек іс-әрекеті («конвейердегі жұмыс», «тасушы») әрбір мамандыққа спецификалық қасиеттер сәкес келеді: тасушы, мысалы: өте қуатты, күшті болуы керек, конвейердегі жұмысшы үшін іс-әрекеттеріндегі нақтылық, шыдамдылық керек. Сондықтан да, студенттер бір-бірін сипаттарына және қасиеттеріне қарай қандай мамандық сәйкес келетінін анықтап өзара бөлуі тиіс.

Жалпы ой талқы және қорытынды әңгіме.

Барлық ойыншылар қайтадан бірге жиналады. «Көк көзділер» құрастырып шығарған заңдар жинағы оқылады. Бұдан кейін іс-әрекет әр-түрлі болып келуі мүмкін. Егер іс «қоңыр көзділердің» таң қалуымен аяқталса, ой талқы бірте-бірте ойын

емес этапқа өтеді – яғни қорытынды әңгімеге, студенттердің өз рөлдерінде және рөлдік іс-әрекеттерін сырттай салыстыра бастаған кезде шындық өмірмен байланыстырып аналогия жасайды.

Өмірде мұндай жағдаяттардың болуы мүмкін бе екендігін талқылап алу қажет: шынымен де ғылым бір орында тұрмайды және қоғам мүшелерінің жас кезеңдерінде кез-келген сипатта табылып қалуы мүмкін.

Қатты ұрыс-керістің болмауы да мүмкін. Бұл жағдайда барлық жағдаяттардың шын емес, жалған екенін көрсете алуы керек. Бұл әңгіме барысында анықталады, бірақ ойынның басқа бір екінші инопланетяндар делегациясы ұшып келеді (бұлар енді «өзге галактикадан»), бірінші топ делегаттарының ұстанымдарының «ғылыми негізделіп» дәлелденбегенін және өз нұсқауларын осы жағдайға байланысты өз пікір, болжамдарын ұсынды.

Негізгі критерий ретінде – енді көздің түсі емес, мұрын формасы (құлақ пішіні, шаш түсі және т.б.) болмақ.

Алдағы және қазіргі жағдаяттарды айта кетер бір жағдай, көрсетілген «ғылыми схемалар», «инопланеталықтар» болып саналмайды.

Кез-келген роль индивидке шындық және «жердің» - зияны жоқ (астрология, тестілеу, тас шашу) сонымен бірге қауіпті (нәсілдік және діни белгілер) болуы мүмкін деген негізге сай келіп отыр.

Ойынның жүру барысында пайда болған бірнеше сюжеттік жолдар жүргізушілердің іс-әрекеттерімен, топтағы психологиялық жағдайға және т.б. да факторлар әсерінен ойынның негізгі бағыттылығы болып өзгеруі мүмкін.

Оның бірнеше болуы мүмкін модификациясын қарастырып көрейік.

1- жағдай

«Көк көзділер» демократиялық көзқарасты және олардың қабылдаған заңдарында «қоңыр көзділерді» әшкерелеуге бағыттылығы жоқ; бірақта олардың кейбірі құқықтарымызға нұқсан келтірді деп есептеп агрессивті мінез-құлық көрсетуге бар. Белгілі ойын іс-әрекеттері нәтижелерінде (мысалы, «көк көзді» заң шығарушыларға) «қоңыр көзділер» приоритетті статуска ие болады.

2-жағдай

Ойынға қатысушылардың кез-келген сыртқы сипаты бойынша бөлінуі «заңды түрде» қабылданбайды; әрбір топ олардың құқықтарына тиіспей басқаруда олармен бірге қатысуға толық құқықтарымыз бар деп есептейді.

Бұл жағдайда өзге ұлт өкілдері (нәсілдерге) адамдарына деген қарым-қатынасының өзгеруіне қандай өзге факторлар (экономикалық, саясаттану, ментальды) әсер ету мүмкіндігін анықтап көруге болады ма? Айта кететін тағы бір жағдай, қай топтың өкілі болмасын «жалпы портреті» көздерінің түсі бойынша бөлінумен анықталады.

3- жағдай

Еліміздегі бір мектеп өте қызық ұсыныс жасады: «қоңыр көзділерді», «көк көзділерден» толығымен айырып алу керек екендігін және олар тұрып жатқан үйлеріне, олар серуендейтін парктерге, транспорт және т.б. белгі салып қою керек деп айтты.

Мұны жасау «көк көзділердің» «қоңыр көзділермен» кездесіп қалмауы немесе қорыққаннан я болмаса жек көрушілік сезімінен емес. Студенттер былай деп шешті, олар бір-бірін түсіне алмағандықтан оларға кездесуге де зиян адамдар агрессивті жағдайда болады да, сол себептен конфликтілердің болуы арта түседі («конфликтілерді болдырмас үшін бірігейік») – екі топтың адамдарының психикасы әртүрлі құрылымды болғандықтан адамдар стресстік жағдайға ұшырап отырады.

Ұшып келгендердің «еңбектің бөлінуі» деген ұсыныс заңды түрде бекітілді және «қоңыр көзділердің» өзгерту енгізгілері келген ұсынысы қарастырылмады.

Мынандай сұрақ талқылануға қойылған: егер белгілі бір жақты келіспеушілік білдірсе (келіссе де), бұл шешімді қабылдау жағдайынан шығу деп қарастыруға болады ма?

Жүргізуші бұл жағдайда сегрегация ұғымын ұсынуы мүмкін, «жаман», «жақсы» немесе «ақылды және ақымақ» деп бөлінбейді, бірақ анықталмайтын ерекшеліктердің негізін сипаттайды.

Белгілі бір құқықтарынан айырылған (спирттік ішімдікті сатып алу сияқты), бірақ белгілі бір артықшылығы бар (салық төлемейді) сақтап қалу проблемасын талқылауға болады. Атап көрсетсек, бір жол өте қиын және бір жақты шешім қабылдауы мүмкін емес.

«Мәдениеттер диалогы» рөлдік ойыны

Бірінші бөлімде ойыншылар екі топқа бөлінеді. Әрбіреуі бөлек бөлмеде орналасып қандай да бір мәдениеттің суреттемесі жазылған қағаз алады. Екі топқа да тапсырмалары бірдей қағаздар үлестіріледі. Топтар бір-бірінің тапсырмаларын білмейді және бөлек-бөлек жұмыс істейді.

Олар мынадай міндеттерді орындауға тиіс: «өз» мәдениетіне ат беру, онда «жайғасады», оның құндылықтарын, нормаларын, ережелерін меңгереді, сол мәдениетке сәйкесті мінез-құлық модельдерін жасайды. Әрбір топтың мүшелері жағдаят бойынша, этнологиялық конгреске барып, «өз» мәдениетін таныстыруға тиісті. Онда сөйлеуге барынша аз уақыт бөліп, таныстыратын жадығаттарын символикалық түрде, яғни сахналау, пантомима, сурет т.б. арқылы көрсетуді ойластырғаны абзал.

Кейін жат басқа мәдениеттің өкілдерімен бірлескен жоба жасау үшін келіссөз жүргізуге даярлануға тиісті. Әрбір топ өз ішінен делегацияның мүшелерін таңдайды.

Ойынның екінші бөлімі – бұл эмоциялық конгресс, ол үшін топтар бір бөлмеге жиналып, кезекпе-кезек «өз» мәдениеттері туралы әңгімелейді.

Ойынның үшінші бөлімінде екі мәдениеттің делегациясы бірлескен ғылыми жобаны жасауға байланысты келіссөз жүргізеді. Нәтижесінде тақырыбы, мақсаты, пәні, қатысушылар құралы белгіленген бағдарлама пайда болды. Үшінші бөлімі аяқталғаннан кейін ойындық жағдай талқыланады.

Талқылау сұрақтары:

- Басқа мәдениеттің нормалары мен құндылықтарына төселу қиын болды ма?

- Басқа мәдениетті қабылдауда қандай қиыншылықтар, психологиялық кедергілер кездесті?

- Мәдениеттерді таныстыруда символикалық формалар қаншалықты түсінікті болды?

- Бірлескен жобаны жасау келіссөзінде қандай қиыншылықтар кездесті және олар қалай шешімін тапты?

Этномәдени білім беру аясында, сөйтіп ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда мына әдістерді қолдануға болады:

- кроссмәдени (этномәдениеттерді параллель зерттеу; олардың ұқсастығын және айырмашылығын талдау);
- эмпатия әдісі (басқа этникалық топтың өкілдері сезінетін күйін басқалардың сезінуі);
- контраст әдісі (қатысушыларға контрастылық позициялары бар жағдайларды ұсыну: мейірімді-қатыгез, тіл табысқыш – агрессивті, қонақ- үй иесі);
- жобалау әдісі;
- зерттеушілік әдіс (ұлттаралық қатынасқа байланысты зерттеушілік мәселені шешу, фольклорлық шығармаларды талдау).

Әдебиет.

1. Педагогика межнационального общения. Под.ред. Д.И. Латышиной. М., 2004.

2. Формирование толерантной личности в полиэтнической образовательной среде. Под.ред.В.Н. Гурова. М., 2004.

*Көлемі 6,8 б.т. Таралымы 300 дана. Офсет қағазы.
Тапсырыс № 198*

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
редакциялық баспа орталығы.
Орал қаласы, Достық даңғылы, 162.*